

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ
ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫ
АКАДЕМИК Т. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ
ЭТНОПСИХОЛОГИЯ ОҚУ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУ
ҮРДІСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ» АТТЫ
VII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ ЖӘНЕ
ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ I ҚҰРЫЛТАЙ СЪЕЗІНІҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

VII МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОЙ
ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ И ПРАКТИКИ», ПОСВЯЩЕННОЙ 100-ЛЕТИЮ
КАЗАХСКОЙ НАУЧНОЙ ПСИХОЛОГИИ, И I УЧРЕДИТЕЛЬНОГО СЪЕЗДА
КАЗАХСКОГО ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА

MATERIALS

VII INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND METHODOLOGICAL CONFERENCE
«TENDENCIES AND PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF
MODERN PSYCHOLOGICAL SCIENCE AND PRACTICE»
DEVOTED TO THE 100 ANNIVERSARY OF THE KAZAKH
SCIENTIFIC PSYCHOLOGY AND I CONSTITUENT
ASSEMBLY CONGRESS OF KAZAKH PSYCHOLOGICAL SOCIETY

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

Қазақ ғылыми психологиясының 100 жылдығына арналған «ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ» атты VII халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция және Қазақ психологиялық қоғамының I құрылтай съезінің материалдары. 7 желтоқсан, Алматы қ. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 418 б.

ISBN 978-601-04-3066-2

Ұйымдастыру алқасы:

Төраға:

Мұтанов Ғ.М., техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

Төраға орынбасарлары:

Бүркітбаев М.М., химия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші проректоры

Рамазанов Т.С., физика-математика ғылымдарының докторы, профессор әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры

Хикметов А.К., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры

Саксенбаева Ж.С., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әдістемелік бөлімінің басшысы

Масалимова А.Р., философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы

Әлғожаева Н.С., педагогика ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Мейрбаев Б.Б., философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары

Мадалиева З.Б., психология ғылымдарының докторы, профессор, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі

Ұйымдастыру алқасының мүшелері:

Жарықбаев Қ.Б., пед.ғ.д., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Перленбетов М.Ә., психол.ғ.д., профессор, Қазақ психологиялық қоғамының Президенті

Құдайбергенова С.Қ. психол.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а., ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

Баймолдина Л.О., PhD, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

Бердібаева С.Қ., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Жұбаназарова Н.С., психол.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доценті

Кабакова М.П., психол.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессор м.а.

Сейітнұр Ж., психол.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а.

Толешева У.Б., пед.ғ.к., педагогика және білім беру менеджмент кафедрасының доцент м.а.

Жолдасова М.К., PhD доктор, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а.

Еликулова М.Ж., Қазақ психологиялық қоғамының атқарушы директоры

**Құрметті Халықаралық конференцияға
қатысушылар және Қазақ психологиялық
қоғамының 1-ші Съезінің делегаттары!**

Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлтымыздың түп тамырына оралу мәселесін көтере отырып, басқа да гуманитарлық ғылымдар арасында психология ғылымын атап өткен. Қазақ халқының этногенезінде, ұлы дала жан ілімі «психология» деп аталмағанымен, бұл туралы гұламаларымыздың ой пікірлері, ұлттық тәрбие мен тылсым дүниені түсінуде ата-бабамыздың рухани құндылықтары ілгері гуманистік үлгіде қалыптасқанын байқауға болады.

Қазіргі кезде психология ғылымы мен практикасы адам өмірінің барлық саласына еніп, келеңсіз әлеуметтік-психологиялық проблемаларды шешуде негізгі күшке айналууда. Сондықтан, соңғы кезде Елбасымыздың назарына іліккен қоғамдағы жағымсыз жағдайлар психологтардың атсалысуымен шешімін табар деп есептейміз.

Құрметті психология ғылым саласының мамандары мен ғалымдары. Сіздерді осындай мерекелі күндеріңізбен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға табыс тілейміз.

Ізгі ниетпен,

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым вице-министрі



Б. Асылова



***Уважаемые участники Международной конференции и
Первого съезда Казахского психологического общества!***

Позвольте от лица Российского Психологического Общества сердечно поздравить с юбилеем казахстанской психологии!

Психологическая наука непрерывно обогащается новыми данными, совершенствуется её понятийный аппарат и методы исследования. Перспективы цифровизации экономики, интенсификация информационной интервенции и её роль в развитии человека, безопасность современного общества и другие важные вопросы не могут быть решены без психологического обеспечения различных сфер деятельности.

Современная психологическая наука и практика используют новейшие передовые технологии, что позволяет играть ей важную роль в дальнейшем совершенствовании и укреплении образовательного пространства СНГ.

Научный и творческий потенциал ученых Казахского психологического общества предполагает следование прогрессивному курсу развития, заложенному творцами яркой истории современной психологии.

Благодарю организаторов конференции и Съезда за создание платформы для плодотворного международного взаимодействия и сотрудничества. Желаю участникам новых свершений на благо психологического здоровья и благополучия людей, энергии, успехов и научных открытий!

Президент Российского
психологического общества,
декан факультета психологии
МГУ имени М.В.Ломоносова,
академик РАО, профессор



Ю.П.Зинченко

1 СЕКЦИЯ

Профессор Қ.Б. Жарықбаев және оның Қазақстандағы ғылыми психологиясының құрылуы мен дамуындағы рөлі Профессор К.Б. Жарықбаев и его роль в становлении и развитии казахской научной психологии

Әмірова Б.Ә.

(Қазақстан Республикасы Қарағанды қ.,
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

ПСИХОЛОГ-ҒАЛЫМ САЛКЕН БАЛАУБАЕВ ЕСІМІ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫМЕН ҮНДЕСЕДІ

Көшбасшымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты халықтан қызу қолдау тапқан кешегі тұғырнамасын ширек ғасырды артқа тастаған Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану дәуіріндегі рухани кеңістігіміздің жаңа бастауы деп бағалаймыз. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, саликалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Яғни, бұл еңбек ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға әкеледі. Бұл алдымызға қойылған мақсатқа жету – ұлттық рухани-мәдени, ғылыми құндылықтарға жүгіну деген сөз.

Халқымыздың ғасырлар бойы біртіндеп қорланып қалыптасқан рухани қазынасы тоталитарлық тәртіп кезінде орасан зор күйзеліске түсіп, тоқырап қалғаны қазір екінің біріне мәлім. Бұл жағдай халқымыздың өскелең мәдени-ғылыми көтерілуіне, ғұлама тұлғаларын анықтауға, өзінің табиғи – дарындық ерекшеліктерін көрсетуге көптеген нұсқанын тигізді.

Осыған орай, қазіргі еліміздің егенмендігін алып, өзінің рухани байлығын ғылыми негіздеуге қолы жеткен кезде, өткен кездердегі халқымыздың терең ойлы саңлақтарының ғылыми еңбектерін көрсетіп ойларын еліміздің ғылыми дамуына негіздеу басты мақсатымыз болмақ. Ал, Елбасының Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласындағы Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. «Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық», – деді[1]. Бұл ой бізге алдымызға жаңа мақсаттар қоюға және өткен ғасырлардағы халқымыздың ғылыми-мәдени құндылықтарын замануи түсініктермен қарауға бағыттайды.

Біздің ішкі жан дүниеміз тарихи тамырымыз дүние таным елдік болмысымыз адами құндылығымыздың құпиясы рухани кодымызға тікелей байланысты. Осы рухани құндылығымызды жоғалтпаған жағдайда ғана біз Мәңгілік елге айналамыз. Мұндағы, Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді. Оның екі қыры бар. Біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту. Екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту. Бұл ойлар Елбасының «Мәдени мұра», 2004) және «Халық тарих толқынында», 2013) ірі бағдарламаларында негізделген.

Осы бағдарлама негізінде ғылыми бағыттарға жаңа көзқараспен, жаңашаша зердемен қарап, өткенге бұрылуды талап етеді. Ал, біздің өткенімізде елеусіз қалған, тіпті жойылып кеткен ғылыми ой-тұжырымдар қаншама. Оларға: Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және С. Балаубаев. Соның бірі – ғалым-психолог психология ғылымдарының кандидаты, доцент С. Балаубаевтың еңбектеріне шолу жасамақпыз.

Салкен Балаубаевтың ғылыми-психологиялық ойлары, оның басқару жүйесі бүгінгі таңда кімде – кімге болса да үлгі боларлықтай. Оның қазіргі кездегі еліміздегі жаңғырған көптеген ғылымдарның ішіндегі психология ғылымының замануи дамуында өз орнын табуға тиіс.

Салкен Балаубаев 1901 жылы сәуір айында дүниеге келіп, 1974 жылы 72 жасында қайтыс болды. Дегенмен, бүкіл ғұмырындағы күш-жүгерін жас ұрпақты тәрбиелеу мен ғылымға арнаған. Ол жастайынан апасы Бибіжан екеуі жетім қалып Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданындағы Атасу поселкесіндегі жақын ағайындарының қолында тұрады. Білімге жастайынан құштар, ізденімпаз зиялылардың еңбектерімен танысуды армандайды. Әпкесі Бибіжан Астана, сол кездегі Ақмола, қаласында тұратын Әубәкір дегенге тұрмысқа шығып, Салкен сонымен Астанаға барады. Сол жақта орыс байларына жалданып жұмыс істейді. Өзінің қабілетті алғырлығының арқасында сауатын ашып,

әрі қарай білімін жетілдіруге ұмтылады, жоғары оқу орындарына түсуге ұмтылады. Сөйтіп, Ташкент қаласына барып, жұмысшы факультетіне түсіп, оны үздік бітіргеннен кейін Орта Азия мемлекеттік университетінің психология-педагогика факультетіне түседі. Оны 1929 жылы 27 жасында үздік дипломмен бітіреді. Біраз, сол жақта, қызмет істеп Алматыға келіп, Абай атындағы педагогика институтының психология-педагогика кафедрасын басқарып жүргенде жазықсыз «халық жауы» атанып, сотталып 35 жастан 54 жасқа дейін түрмеде азап кешеді.

Қазақ психология ғылымының негізін салушылардың бірі белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытов болса, оның жолын қуған ізбасары болған ғалым С.Балаубаев еді. Ол Қазақстанның алғашқы психология ғылымдарының кандидаты (1932жылы 30 жаста) болатын. Ғылыми жетекшісі, бүгінде бізге таныс орыс ғалымы, психолог, профессор Николай Федорович Добрынин болған. Бірақ оған «Алашорданың доценті» деген атақ тағылады.

Оның алғашқы аспиранты «Экспериментальные исследования работаспособности и внимания младших школьников и младших подростков» тақырыбында диссертация жазып, жоғары дәрежеде Москвадағы Ломоносов атындағы университетте қорғаған. Психология ғылымдарының кандидаты, доцент Октябрина(Бақыт) Кәрімқызы Орманбаева: «Мен сәтті қорғап шыққанда «жас баладай» қатты қуанып еді», - деп жарқын көңілмен еске алатын.

Сол уақытта қазақ өлкелік партия комитетінің насихат және үгіт бөлімін басқарған бір «мықты», «Большевик Қазақстана» журналының 1936 жылғы 1 нөміріне шыққан «Пролетарлық студенттерге коммунистік тәрбие беру үшін» делінген мақаласында: «Давать нашу молодёжь всяким Салкенам мы не можем, закон эпохи для Балаубаева (бывший алашординец, доцент педагогий) таков, это он и подобные ему не должны и не будутзанимать место советских кафедр», – деп жазды [4]. Сөйтіп, 1937 жылы 35 жасында ұсталып, ұзақ жылдар лагерьде азап шегеді. Оның 1932-33 жылдары Абай атындағы педагогикалық институтындағы жабдықталған ең үлкен дәрісханасындағы ғалымның қызықты, тартымды, халыққа қарапайым тілмен түсіндіру шеберлігімен өткізілгенін, сол кезде дәріс алған Қаутай Қасымбеков, Балғатай Өтешов, Мәруан Мұханмедина жылы сағынышпен, өкінішпен әрдайым естеріне алып отырған. Ол кісіден дәріс алған: жазушы Әди Шәріпов, оқу министрі болған Кенжалы Айманов, филология ғылымдарының докторы, Совет Одағының батыры Мәлік Ғабдуллинтағы басқалары болған.

1954 жылы туған өлкесіне келіп, Қарағанды қаласындағы педагогикалық институттың педагогика-психологиясының меңгерушісі болып қызмет атқарған. Ол Абдолла Темірбековпен бірігіп 1966 жылы 64 жасында «Психология» оқулығын дүниеге келтірген. Бұл сол кездегі Қазақстандағы оқу-ағарту жүйесіндегі ең жоғары дәрежедегі ғылыми еңбек болып саналады.

Оның жалпы психология, тәжірибелік психология, педагогикалық психологияда салаларында жазған, оқыған еңбектерінің өзінде ұлттық танымды ескере отырып, ғылыми зерттеулер жасағандығын байқаймыз. Мәселен, «Естің дамуы», «Қабылдаудың дамуы», «Баланың жеке басының оқуда дамуы», Бастауыш мектеп оқушыларының кеңістік пен уақытты қабылдауы, «Жеке адам» мәселелерітуралы тұжырымдамалары қазіргі кезде ұлт өкілдеріне, келешек халық тұлғасын дамытуға үлкен үлес қосады.

Мысалы: «Естің дамуы» деген мақаласында төменгі сынып оқушыларының ес процесінің даму ерекшеліктерін баяндай келіп, оны сақтау процесінде қалай дамытудың жолдарын көрсетеді. «Бала өз тіршілігіне байланысты қызықтырған нәрселерін оп-оңай есінде қалдырады және бұл жаста өмірден алған әсерін, басқаша айтқанда, көрген-білгенін өзінше толықтыра баяндауға құмарланады. Осыны ескеріп, бастауыш класс оқушыларын әр нәрсені бақылап көруге, сурет салуға үйрету, жеке заттардың суретінің нұсқасына қарамай жатқа салуға дағдыландыру, орындаған жұмысындағы кемшіліктерді талдап түсіндіру, сонымен қатар өз іс-әрекеттерін қорғау сияқты әдіс-тәсілдерді қолдану керек» – деген.

Ал, уақытты қабылдау балада біртіндеп дамиды. Мысалы, 1 сынып оқушысы «әлдеқашан» деп бірнеше күн бұрынғыныайтса, 2 сыныптықтар өзінің өте шағын, ал 4 сыныптағылар 50, 60, 100 бұрын болған жағдайларды айтады дейді. Сонымен қатар, кеңістікті қабылдауы оқу процесінде өмір тәжірибесімен, оның қиялыменсабақтаса дамытындығын айтқан.

Тағы да ғалымның тұлғалық сапаларына көңіл қояйық. Себебі заманауи білім берудегі ұстаздық шеберлігінде, оның тұлғалық, адами дамуына әсерін тигізеді.

Ол шәкіртімен шынайы қарым-қатынаста бола бетін тәлімгер, жақын дос, сыпайы, білімді адам болған. Классикалық музыканы жақсы көретін. «Домбырада ойнақы, шеберлікпен ойнаған. «Ғылыми кеңес барысында Сәкен Сейфуллиннің «Тау ішінде» , Н. Тілендиевтің «Құстар қайтып барады» т.б. әндерді жақсыкөріп, үлкен әсермен айтуды ұнататын. Маған домбырада ойнауды үйреткен сол кісі еді» – деп ерекше толқумен еске алатын шәкірті Октябрина Кәрімқызы [4, 12 б.]

Ал, Салкен Балаубаевтан дәріс алған тарих факультетінің докторы, академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ –дің профессоры Әлімжан Нұғманұлы Тельғарин есіне алып, ғалымның дәрістерінің қызықты, тартымды, терең философиялық ойлар мен психологиялық тұжырымдарға толы, көптеген өмірлік жағдайларды келтіре отырып, бір мезгіл «қалтасындағы құртын аузына салып қойып, жалғастыратын» -деп күлімсіреп әңгімелейді.

Ол – кісі өте қарапайымдылығымен ерекшеленген адам. Бірде, 1959 жылы КСРО –ның жоғары және орта арнаулы білім беру министрлігінен, министрдің өзі қол қойған, хат алдады. Министр хатында Салкен Балаубаевтың тіршілігіне, аман оралғанына шексіз қуанышын білдіре келіп, ғылым кандидаты атағын қайта алмай-ақ докторлық диссертация қорғауын ұсынады. «Менің осы жағдайым докторлыққа тұрмай ма» деген екен.

Салкен Балаубаевтың ғылыми еңбектерге де қосқан үлесі есепсіз болған. Мысалы: мүдде, ілтипат, бастапқы қор, машықтану т.с.с.

Тұлғаның өмір жолындағы өзіндік анықталуға алғаш анықтаманы берген, оны «өзін-өзі түсінуі» деген ұғыммен түсіндіріп, өзін-өзі түсінген жеке адам өз тіршілігінің сыртқы дүниемен үздіксіз байланысып тұратындығын біледі, өз басына, өз іс-әрекетіне, адамзат міндеттеріне саналы қарайтындығын көрсеткен. «Дарындылық» ұғымына да анықтама берген.

Психологияда «қажеттілік» ұғымын «мұқтаждық» деп беріп, бүкіл организмнің негізгі өмір сүру бағыты деген. Мұқтаждықтың әлеуметтік сипатын, оның іс-әрекет мотивінің негізі болатындығын айтқан.

Адамның түйсіну танымдарының физиологиялық негізін «Психология» оқулығында түсінікті баяндайды. Оның бұл оқулығы қазақ оқулықтарының ішіндегі ең иллюстрацияға бай оқулық деуге немесе қазақ тіліндегі «Психология атласы» деуге болады.

Балаубаев оқулығында қазақ психологиясының төл ұғымдары: зейіннің толқуы, зейіннің бытыраңқылығы, зейіннің күші, сонымен қатар, қазақ әдебиеттерінен мысал келтіре отырып эмоция, сезімді талдауда алғаш байқалатын құбылыс екендігін сипаттайды. Мысалы. С.Торайғыров, Абай еңбектерінен үзінділерден көреміз(1966.173-174 б.).

Ғалым өз еңбектерінде көрнекілік мәселесінде жақсы талдап, оның психологиялық негіздерін көрсетеді. Оқыту үдірісінде, әсіресе әрбір сабақтың көрнекілікпен ұштасуы, табиғат аясында өтілуі шәкірттер ой-санасына әрі қонымды, әрі тәжірибелік маңыздылығы жоғары екендігін көрсетеді.

2001 жылы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің психология кафедрасы ғұлама ғалым-психолог Салкен Балаубаевтың 100 мерей тойын тойлап, ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияға ғалымның туған бауыры Борис Балаубаев пен басқа да ағайын-туғандары, аспиранты Б.К. Орманбаева, шәкірттері, қазақ психологтары: Қ. Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов т.б. қатынасты.

Қазақ ССР-нің оқу-ағарту ісінің озық қызметкері Сәбит Бармұхаметұлы, өз естелігінде: «Ғалым ағамыздың азаматтық кесек келбеті, адамгершілік қасиеттерін, психология ғылымына қосқан үлесін кең көлемде әңгімелей отырып, ұзақ жыл лагерьде ауыр азап шегіп, денсаулығын кемітіп, 19 жыл бойы ғылыми еңбектен қол үзгендігін тебірене әңгімелеп» – көзіне жас үйірді.

Сол конференция қонақтарының шешімімен психология кафедрасының жанынан С.Балаубаев атындағы ғылыми-зерттеу Орталығы ашылып, аудитория берілді. Күні бүгінге дейін жыл сайын «С. Балаубаев оқулары» өткізіліп тұрады. Үстіміздегі жылы 10 рет өткізілмек.

Қорыта келе, С.Балаубаевтың психология ғылымындағы алатын орны зор дей келе, өкінішке орай ғалымның көптеген құнды еңбектерінің жағылып, жоғалыпкеткендігін үлкен қайғымен айтумен айтуға болады. Бірақ бүгінгі жас буын қазақ ғұламалары Тілеуғабыл Өтебойдақ, Е. Суфиев т.б. осы күндерде әлі де болса ескерілмей жүрген істерін еске алып жалғастыру бүгінгі ғылыми іздену жұмыстарына негіз болуға тиіс.

Әдебиеттер

1. <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
2. Проблемы Казахстанской психологии. / Материалы межвузовской научно-практической конференции, посвященной 100 – летию независимости Республики Казахстан. Караганда: Изд-во КарГУ. – 2001.121 с.
3. С. Бармұхаметұлы. Бұлда сонда 4-9 б.
4. Б. Орманбаева Бұлда сонда 10-12 б.
5. Автордың қолымыздағы құжаттары.

Жарықбаев Қ., Перленбетов М., Олжаева А., Толешова Ұ.Б.
(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ, Қазақ психологиялық қоғамы)

ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНА – 100 ЖЫЛ

Елбасымыз Н.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлтымыздың түп тамырына оралу мәселесін көтере отырып, басқа да гуманитарлық ғылымдар арасында психология ғылымын ерекше атап өткен. Қазақ халқының этногенезінде, ұлы дала жан ілімі «психология» деп аталмағанымен, бұл туралы ғұламаларымыздың ой пікірлері, ұлттық тәрбие мен тылсым дүниені түсінуде ата – бабамыздың рухани құндылықтары ілгері гуманистік үлгіде қалыптасқанын байқауға болады.

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік, педагогикалық-психологиялық ой-пікірлер тарихы ерте замандардан бастау алады. Олардың әрісін былай қойғанда, бергісі VI-VIII ғасырлардағы Орхон-Енисей түркі тас жазуларынан осындай өрелі ойлар көптеп кездеседі. Бұл жөнінде біз бұрын да сан рет айтып, олармен оқырманды хабардар еткенбіз.

Ендігі әңгіме осындай ой-пікірлердің түп-төркіні қалайша ғылымға айналғандығы болып отыр. Сөзіміз дәлелді болу үшін қазақтың ғылыми психологиясына қатысты тұңғыш деректерді Ж. Аймауытов пен Ш. Құдайбердиевтің зерттеулеріне дәлел болатын материалдарды келтірейік:

1) Ж. Аймауытов «Қазақтың өзгеше мінездері» («Алаш» газеті, 1917 ж., 30 наурыз. Авторлары Семей мұғалімдер семинариясында оқитын Ж. Аймауытов пен М. Әуезов);

2) Ж. Аймауытов «Тәрбие» («Алаш» газеті, 1917 ж., 30 наурыз, «Абай» журналы, 1918, №1, 2);

3) Ш. Құдайбердиев «Тіршілік жан туралы» (1919 ж. орыс тілінен Қамалұлы аударған «Психология» оқу құралына рецензия. «Абай» журналы, 1918, №2);

4) Ғ. Қарашев. «Педагогика» («Мұғалім» журналы, 1919 ж., №1), т.б.

Егер 1917-1967 ж.ж. арасында елімізде психология ғылымы саласында қазақ және орыс тілдерінде бар болғаны 800-ге жуық еңбек (аударма, оқу құралдары, журнал, жинақ материалдары) жарық көрсе, тек қана 1991-2017 ж.ж. арасында, яғни тәуелсіздік алған 26 жылдың көлемінде осынау ғылымның әр түрлі тақырыпта 1700-ден астам еңбек (бұлардың көбі қазақ тілінде) жарияланыпты. Олардың көбі оқулық пен оқу құралдары, әдістемелік жинақтар, монографиялар, т.б.

Осы деректер қазақ тілінде бір ғасыр ішінде ғылыми психологияның қалайша өріс алғанын жақсы көрсетеді. Бұлар әр кездері жарияланған библиографиялық көрсеткіштерден орын алған. Олар:

1) Психологияның қысқаша библиографиялық көрсеткіші (1917-1967). Қазақ-орыс тілдерінде. – Алматы, 1967;

2) Библиографический указатель диссертации по педагогике и психологии, защищенных в Казахской ССР (1950-1975). – Шымкент, 1976;

3) Библиографический указатель по всеобщей этнопсихологии (1950-1955). – Алматы, 1995;

4) Қазақ этнопсихологиясының библиографиялық көрсеткіші (1955-2011). Қазақ-орыс тілдерінде. – Алматы, 2011;

5) Проф. Қ. Жарықбаевтың ғылыми еңбектерінің библиографиялық көрсеткіші (1953-2017). Қазақ-орыс тілдерінде. – Алматы, 2017.

Әр жылдары жарияланған осы көрсеткіштерге зер салсақ, елімізде 3000-нан астам психологиялық басылымдар жарық көрген екен. Бұл аз дүние емес. Оқырман қауымы, мақала авторлары осы материалдардың жүзден бір бөлігімен танысқанның өзінде қазақтың ұлттық ғылыми психологиясы зор биікке көтеріле алғанын байқауына болады.

Енді Ж. Аймауытовтың психология мен педагогика саласындағы тұңғыш жарық көрген еңбегінің бірі «Тәрбие» атты зерттеуіне тоқталайық. Автор тәрбие ұғымының оқу және оқыту процесімен тығыз байланыстылығын айта келіп, антика, Рим дәуірінің атақты ғалым ғұламаларының еңбектерінен (Аристотель, Сократ, Платон, Цицерон) бастап өткен ғасырдағы (Ф. Бэкон, Дж. Локк, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, беріректегі К.Д. Ушинский, А. Дистервег, т.б.) ұлы педагогтардың сан алуан педагогикалық, психологиялық түйіндерін түйіндеп, тізбектейді. Қазақ халқының кеменгер ақыны Абай Құнанбаевтың «Мен егер уақыт қуаты қолымда бар кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген ұлағатты сөзін келтіріп, адам тәрбиесінің зор ғылым екендігіне тоқталады, кісіні бұзатын да, түзейтін де тәрбие екендігіне қазақ өмірінен көптеген мысалдар келтіріп, тәрбиелеудің жекелеген әдіс, тәсіл, айдаларына сипаттама береді. Адам баласын дұрыс тәрбиелеу үшін айқын мақсат болуы қажет. Адам мақсатсыз іс қылуға болмайды, тәрбие туралы әр заманда шыққан білімді жандардың пікірі әр түрлі, бәреулері тәрбиенің мақсаты – дүниені

күшейтіп, адамды ұлтшыл қылу, енді біреулері оны бақытты, келесілері кісінің мінезін түзетіп, адамгершілік пен имандылыққа тәрбиелеудің қажеттілігіне ерекше мән береді дейді.

Ж. Аймауытов адам мен хайуанның өмір сүруінің айырмашылықтарын тізбектей келіп, адамдық қасиет саналы өмір сүруі мен іс-әрекеттің нәтижесі, ал адамдық шынайы қасиет – саналы өмір сүру, қауым болып бірлесіп, әр қоғамда әрекет етіп, тіршілік ету, ұрпақ өсіру, бұлардың бәр-бәрі – қоғамдық еңбектің жемісі, әрі тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан дейді. Кісі тонау, өлтіру сықылды бұзақылықтар жасау тәрбиені дұрыс берілмегенінен, жетесіздіктен дей отырады. Ол тәрбиенің сан-саналы болатындығын, оның екі басты түрі болатынын, олар: дене тәрбиесі мен жан (рух) тәрбиесі екендігін ерекше атап кетеді.

Ж. Аймауытов бала тәрбиесін ерекше әсер ететін себептерді былайша тізбектейді. Олар: мектеп (медресе), оқытушы (ұстаз, тәлімгер), құрбы-құрдас, замандастар, өскен орта, отбасы, әке-шеше, ата-әже, білім мен өнеге, т.б., т.с.с. Автор бала мінезін жас шыбыққа теңейді, «сүйекке сіңген мінез сүйекпен кетеді» деп әке-шеше тәрбиесінің пәрменділігін атап өтеді. Тәлімгер-ғалым бала тәрбиесіне туған елдің әдіт-ғұрпы мен салт-сана, табиғат, тұрмыс әсер ететінін де еске салады. Мәселен, ойын-сауық, өлең-жырды естіп өткен қазақ баласы өнерге бір табан бейім болып, ал діндар отбасынан шыққан бала діншіл келеді, жастайынан кемдік, жоқшылық көріп өскен бала жасқаншақ, бұйығы болып өседі. Бүлдіршінді дұрыс тәрбиелеу – әрбір тәрбиешінің (ата-ана, мұғалім, т.б.) өздері тәрбиелі болуынан, мұны бала санасына айтып ұқтырғаннан гөрі, жақсы, өнегелі әсер ету қажет. Сондықтан балаға жақсы мінезбен бірге қоса жақсы іс-әрекетті көрсету қажет дейді автор.

Психологиялық астарлары мол тәрбие процесінің жай-жапсарын көрсете келіп, автор сөз соңында адамның тән сырқатын емдейтін дәрігер мамандығымен адам жанын сауықтыратын, оның ақыл-есін, мінез-құлқын тәрбиелеп, жетілдіретін ұстаз (мұғалім, тәлімгер) еңбегін салыстыра отырып, бұл екі мамандықтың да тәні сау, рухани байлығы мол жан-жақты жетілген абзал жанды, сергек маман болып, олардың жас ұрпақ тәрбиелеудегі өлшеусіз мол еңбегінің маңыздылығын өте орынды атап өтеді.

Ж. Аймауытов өзінің тәрбие процесі жайлы педагогикалық-психологиялық толғаныстарын 1924 жылы Орынборда жарық көрген «Тәрбие жетекшісі» атты іргелі еңбегінде әрмен қарай жалғастырады.

1930-1945 жылдар арасында қазақ, орыс тілдерінде жарияланған еңбектер саусақпен санарлық болғанын жоғарыда айтқанбыз. Осынау төл туындылар одан кейінгі жылдары (1930-1940) С. Балаубаевтың, С. Қожахметовтың, Ш. Әлжановтың, Ә. Сыдықовтың қаламдарынан туындады. Бұлардың ішіндегі іргелі еңбек – Т.Т. Тәжібаевтың «Психология и педагогическая психология К.Д. Ушинского» (1948) атты орыс тілінде жарық көрген көлемді еңбегі, сондай-ақ оның «Абайдың психологиялық көзқарастары» («Халық мұғалімі», 1952, №2, 3) төл туындылары еді.

Өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастап М.М. Мұқанов пен Қ.Б. Жарықбаевтың жекелеген еңбектері мен газет-журналдарда (қазақ, орыс тілдерінде) психологияның түрлі саласынан (жалпы, педагогикалық, жас ерекшелік, әлеуметтік, т.б.) жазған еңбектері жарық көрді. Мәселен, М.М. Мұқановтың бір өзі 10-нан астам жеке еңбек жазса, Қ.Б. Жарықбаев қазақ студенттеріне арнап «Психология» (Алматы, 1962), оқу құралын жарыққа шығарды. 1962-2017 жылдар арасында ол 80-нен аса жеке еңбек (оқулық, монография, әдістеме, т.б.) пен 1200-ден астам мақалаларды жинақтар мен журналдарда (қазақ, орыс тілдерінде) жариялады.

Қазақ, орыс тілдерінде жарияланған психологиялық төл туындылардың саны еліміз егемендігін жариялап, тәуелсіз ел болғаннан кейін үдей түсті. Мұның басты себебі, 1993 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ педагогикалық университеті психологиядан кандидаттық, докторлық диссертациялардың қорғауы еді. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда психология ғылымынан 40-тан астам докторлық, 150-дей кандидаттық диссертациялар қорғалды. Бұлардың ішінде О. Аймағанбетова, М. Ахметова, Б. Әмірова, С. Бердібаева, Ә. Көкебаева, Қ. Жарықбаевтың ұлттық психологиядан орыс, қазақ тілдерінде жарық көрген еңбектерін ерекше атап келтіруіміз керек. Бұлардың бәрі-бәрі Қ.Б. Жарықбаевтың «Қазақ психология ғылымындағы биобиблиографиялық көрсеткіштері» (1917-2017) атты жинағында жарияланғанын тағы да атап өткеніміз абзал.

Тәуелсіздік жылдарында қорғалған докторлық диссертацияларды айта кететін болсақ, олар: Ж. Намазбаева, Х. Шерьязданова, Н.А. Логинова, В.К. Шабельников, Р. Аязбекова, О. Аймағанбетова, С.Бердібаева, Б.Әмірова, О. Саңғылбаев, А.М. Ким, А. Ақажанова, А. Ерментаева, Н. Ладзина, Р. Каримова, З. Мадалиева, А. Сатова, Н. Тоқсанбаева, Н. Жиенбаева, А. Лекерова, Н. Шадрин, Н.Ахтаева, Д. Дүйсенбеков, М. Искакова, К. Наубаева, Ш. Байтикова, Қ. Ә. Көкебаева, Қ.Жарықбаев, А. Нұрмағамбетова, Ф. Ташимова, Н. Баримбеков, М. Перленбетовтың еңбектерін айтуға болады.

Бұл диссертациялардың тақырыптары сан алуан болып келеді және психологияның қазақ психологиясы тарихы мен теориясы, этнопсихология, жалпы, жас, педагогикалық, әлеуметтік, заң, экономика, т.б. салаларын қамтиды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, Қазақстанда психологиядан қорғалған докторлық диссертациялардың жалпы саны Қырғызстан, Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Әзірбайжан республикаларының ғалымдарының санынан асып отыр. Бұл еліміз үшін зор мақтаныш. Осы айтылғанға орай, «Мәңгілік Қазақ елі» ТМД-дағы мемлекеттердің ішінде алдыңғылардың сапында тұр. Бұл жайт еліміздің болашақта дамыған 30 елдің қатарына ұялмай қосылуына мүмкіндік туғызып отырған фактор екендігіне дау жоқ дер едік.

Ілкі бастауын, ірге тасын Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов сынды тұлғалар қалаған қазақ психологиясы бір ғасыр көлемінде кемелдене түсіп, өзінің тарихи маңыздылығын күн санап дәлелдеп келеді. Осыған орай, алдағы уақытта қазақ психологиясы жаңа белестерге көтеріліп, «Ұлы дала жан ілімі» ретінде рухани жаңғырудың негізгі күштерінің біріне айналатынына кәміл сенеміз.

Жұбаназарова Н.С., Жұмағұлова Г.Ш., Болтаева А.М.
*(Қазақстан Республикасы Алматы қ,
аль-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті)*

Ш.Е. ӘЛЖАНОВТЫҢ XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

XX ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақтың көптеген зиялы перзенттерінің, көрнекті ғалымдарының педагогикалық-психологиялық ой-пікірлері, еңбектері қазіргі заманғы педагогика, психология ғылымдарының дамуына арқау болатындығы сөзсіз. Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Шәрапи Әлжанов, Әлихан Бөкейханов сынды қазақтың ағартушы ғалымдары өздерінің қысқа ғұмырына қарамастан, педагогика, психология ғылымдарының сан-салалы жақтарын талдаумен қатар, әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған мәселелерді де көтерген. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік, педагогикалық, психологиялық мұрасы ұшан теңіз екені соңғы кезде айтыла бастады. Бұл жөнінде жазған бірнеше докторлық, кандидаттық диссертациялар, жарияланған ғылыми еңбектер бар. Әйтседе, Ресей кезіндегі Қазақстандағы тәлім-тәрбие ғылымының, оның ішінде психология ғылымының тарихы әлде де болса өзінің зерттеуін күтіп отыр. Мәселен, 20-30 жылдар аралығындағы Қазақстандағы педагогикалық психологияның даму жолын зерттеу, ұлы адамдардың жеке психологиялық ой-пікірлерін, мұраларын психологиялық тұрғыдан қарастыру әлі толық зерттелмей келеді. Бұл біздің халық алдындағы, ғылым алдындағы үлкен парызымыз да, қарызымыз да деуге болады. Осындай ғұлама қайраткерлердің қатарына педагогика және психология саласын зерттеген профессор Шәрапи Әлжановты жатқызуға болады.

Профессор Қ.Б. Жарықбаевтың айтуынша, Ш. Әлжанов «өнер мен білім, ғылым мен мәдениет саласындағы тамаша талантымен танылған ғалымдардың бірі. Оның өлмес мұраларын жан-жақты зерттеу, Тәуелсіздікке қолы жеткен бүгінгі Қазақстан ғылымы мен мәдениетін қалыптастыру және оны есейту жолында қосқан үлесіне тиісті баға беру алдағы күннің сыбағасы». Сондықтан да Шәрапи Әлжановтың еңбектерін танып, оның ғылыми мұраларын бүгінгі күннің қолданыс аясына түсіру басты қажеттіліктердің бірі деп санаймыз [1].

Шәрапи Әлжанов тарихи тағылымы мол, өзінің құнды ой-пікірлерімен әйгілі, қазақ педагогика ғылымындағы көрнекті ғалымдарының бірі.

Шәрапи Әлжанов ауыл молдасынан оқып хат таныған, әкесі жергілікті орыс, қазақ байларының малын бағып, өмірін үнемі жалшылықта өткізген кедей шаруалардың бірі. Шәрапи Әлжанов 1912 жылы Шортанды станциясындағы орыс мектебіне оқуға түседі. Ол көреген әкенің ақылымен, тамыр орыстарының үйінде тұрып, осы мектепте орысша сауатын ашады. Ал, 1915 жылы «Жоғары бастауыш училище» атты мектепті бітіреді. Содан кейін оқуға түсуге қаражаты болмай, кейінгі жылдары Көкшетау уезінің әртүрлі шаруашылық мекемелерінде тілмаш болып өз қызметін атқарады.

Атақты жазушы Төлеген Қажыбай өзінің Шәрапи Әлжанов туралы ой-толғамында оны жасынан білімге ала бөтен інкәрлігімен ерекше ұмтылыс танытқан деп сипаттайды, оның жан дүниесі таза, аса кішіпейіл, білімді ғалымдардың бірі болғандығын әріптестері де, өзінің шәкірттері де аса бір ыстық ілтипатпен атайды [2].

Қазақстанның Солтүстік облыстарында Кеңес өкіметі орнаған тұста Ш. Әлжанов Қызылжардағы губерниялық атқару комитетіне оқуға түсуге келеді. 1920 жылдың басында губерниялық атқару комитеті Омбы қаласында ашылған кеңес-партия мектебіне оқуға жібереді. Бұл мектепте ол сегіз ай

оқиды. Осында оқып жүргенде коммунисттік партия қатарына алынады. Ол кеңес партия мектебін үздік бағалармен тәмамдаған шағында Алтай губерниясында аз ұлттардан жасақталған әскери бөлімшеге жіберіледі, онда 1920 жылдың 15 қараша айынан бастап он тоғыз жасында Бийск қаласындағы бірінші қазақ атты әскерлер полкінің эскадронында саяси жетекші болып тағайындалады. Кейін 1921 жылы 10 наурыз айында өзінің жиырма жас шағында осы қазақ полкінің әскери комиссары болып қызмет атқарады. Бұл бір ерекше жағдай орыс тарихында Аркадий Гайдар он алты жасында полк командирі болса немесе комиссары болса, біздің қазақтан шыққан Шәрапи Әлжанов жиырма жасында полктың әскери комиссары болған. Мұның өзі де атап өтетін жәйт. Шәрапи Әлжанов жастайынан бастап алғыр, пысық, өз ісіне мығым қасиеттерімен қаруластар құрметіне бөленеді. Мыңдаған қолға саяси басшылық жасаған Шәрапи Әлжанов Сібір өңірін ақ гвардияшылардан тазарту жолындағы кескілескен ұрыстарда ол тапқырлық пен табандылықтың үлгісін көрсетті. Ал 1921 жылдың 29 желтоқсанында Батыс Қазақстанда ақ бандыларға қарсы күресу үшін 121-атты арнаулы отряд жасақталып, оның комиссары болып тағайындалды. Өзіне көрсетілген сенімді зор жауапкершілікпен қабылдаған ол өлкені ақтардан тазарту жолында қаруластарын батыл шайқастарға бастай білді. Өзінің және қаруластарының көрсеткен ерліктерінің нәтижесінде 1922 жылы сол кездегі Орал губерниясы ақ бандылардан түгелдей дерлік жойылды. Бұл қазақ тарихында сол кездері өте сирек кездесетін жағдай еді.

Азамат соғысы аяқталғаннан кейінгі жылдары, дәлірек айтқанда 1922 жылы 15 мамырда қордағы командирлер қатарына шығып, осы жылдың тамыз айынан бастап, Ақмолада уездік атқару комитеті басшысының орынбасары болып қызмет атқарады. Ал, 1924 жылы Ақмола уездік милиция бастығының қызметін атқарады. 1926 жылдан КПСС мүшесі болады.

Терең ойлы, көлдей терең білімді, күміс көмейінен парасатты сөз ағылған ұстаз Шәрапи Әлжанов жастайынан білім жолына бет бұрып, ғылым жолын қуған, өзінің күш жігері мен білімін туған халқының болашағы үшін арнаған ізденімпаз ғалымдардың бірі. Ш. Әлжановты бүкіл оқушы қауымы «Өте әділ мұғалім» деп сыйлайтын. Ол жастайынан өзінің ана тілі – қазақ тілімен қатар, орыс тілін де жетік меңгерген. Нақтырақ деректерге көз жүгіртсек, ол жиырма төрт жасының шамасында ғылым жолына бет түзеді, 1925 жылы Мәскеудегі жоғары әскери педагогикалық курста оқиды, осы жылдары ол Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбордағы әскери мектепке екі жыл шамасында сабақ беруге шақырылады. Яғни, оның ұстаздық қызметінің бастау алған жылдарын осы кезден білуге болады. 1927-1929 жылдары атақты ғалым Қызылордада Қазақстанның өлкелік кеңес-партия мектебінде ленинизм мен педагогикадан сабақ береді. 1919-1930 оқу жылдарында Қызылордадағы Қазақ ағарту институтының директоры қызметін атқарады. Осы тұста Кеңес өкіметі, ленинизм, оқу-ағарту мәселелері, Қызыл Армия туралы көпшілікке арналған дәрістер оқиды. 1930 жылдың сәуір айынан бастап 1932 жылдың қазан айының аралығында Шәрапи Әлжанов Мәскеуде Н.К. Крупская атындағы коммунисттік тәрбие академиясының аспирантурасында оқиды. Оқу барысында көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Көптеген мақалалары баспа бетіне жарияланады. Ш. Әлжанов Ұлттар ағарту институтының аспирантурасын 1932 жылы бітіреді. Республикамыздың мектептері жаңа сатыға көтеріліп, жан-жақты дамуға шыға бастаған кезде жоғары білімді мамандардың әсіресе, ұлт кадрларының аз кезінде ол мектептер жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуына, оқу-тәрбие жұмыстарының жемісті болуына, мұғалімдердің ғылыми негіздерінің қарулануына зор мін беріп, осы іске үлкен үлес қосқан Шәрапи Әлжановқа Алматыға келгеннен кейін көп ұзамай профессор атағы беріледі. Ол сол кездегі педагогика-психология саласындағы тұңғыш профессор деген атаққа ие болған адам. Ал, 1932 жылдан бастап Қазақстанның жоғары білім ордасы – Абай атындағы педагогикалық институтта педагогика теориясының доценттік, кейіннен бастап профессорлық қызметін атқарады. Шәрапи Әлжанов кезінде Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатының мектеп ғылыми-зерттеу институтының директоры, ал, 1932-1934 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында педагогика факультетінің деканы болып қызмет атқарады. Кейіннен осында педагогика және психология кафедрасын басқарып, онда профессорлық қызметін атқарады. Шәрапи Әлжанов өзінің қысқа өмірінде бас-аяғы педагогика саласында 12-15 жылдың ішінде көп жұмыстар атқарған. Профессор Қ.Б. Жарықбаев өзінің «Комиссар. Ұстаз. Профессор» атты Шәрапи Әлжанов туралы мақаласында: «Ол кісі ерінбей, жалықпай өзі бір жағынан Қазақ педагогикалық институтында педагогика кафедрасын басқарып жүрсе де ылғи да мектептерге барып, мұғалімдермен араласа отырып, мектептерде және де басқа да оқу орындарында дәрістер оқи жүріп, Қазақстанда тәлім-тәрбиелік ғылымдардың дамуына үлгі, үлес қосып үлгерді. Шәрапи Әлжановтың тіпті білімге құмарлығы мен ізденімпаздығы дәрісті қарапайым, әрі түсінікті тілмен оқып, аса шешен сөйлейтіндігі, көпшілікпен қарым-қатынас жасай алу шеберлігі адамның бойында пайда болатын таңқаларлық жәйт» – дейді [3].

Кезінде атакты профессордан тәлім алған доцент М. Алтынбекова өзінің ұстазы туралы былай еске алады: «Сол кездегі Қазақ педагогикалық институтының от жағылмайтын, суық елу төртінші аудиториясында дәріс тыңдайтын әдебиет факультетінің студенттері қатты жаурағанымызға, қолымыздың қалам ұстауға жарамағандығына қарамастан, Шәрапи Әлжановтың тоқсан минуттық дәрісін міз бақпастан тыңдап, жазып шығатын едік».

Шәрапи Есмұқамбетұлы Әлжанов 1901 жылы 19 ақпанда бұрынғы Көкшетау облысына қарасты Еңбекшілдер ауданында дүниеге келді. Педагогика ғылымдарының кандидаттары Имаш Мадин мен Мыңбай Исқақов өздерінің 1968 жылы 10 ақпанда «Қазақ әдебиеті» газетінде «Комиссар-Педагог Әлжанов» атты жарияланған мақаласында ғалымның өмір жолы мен шығармашылық қызметтері туралы баяндайды [4]. Шәрапи Әлжанов өзінің қысқа да болса ғұмырына қарамастан, артынан психология, педагогика ғылымдары бойынша көптеген еңбектерін қалдыра білді. Оның сол кездегі ұлт мектептері мен жоғары педагогикалық мектептердің өзекті мәселелері төңірегіндегі идеялары, педагогикалық және психологиялық еңбектері баспа беттерінен мақалалар ретінде, оқу құралдары, кітаптары ретінде жарияланды. Кейбір еңбектері маркстік-лениндік педагогика тұрғысында жазылғанымен, Шәрапи Есмұқамбетұлының ұсынған ғылыми еңбектерін бүгінгі таңда біз құндылығы мол, оқу-тәрбиелік мәні зор еңбек ретінде танимыз, оның көптеген көлемді мақалалары, еңбектері күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сонымен бірге оқу-ағарту мәселелері жөнінде бірталай кітаптарды, оқулықтарды, мақалаларды жазу ісімен қатар, ол Азамат соғысы жылдарында қолына қару алып, Қазан жемістерін қорғаған жауынгер, саяси жетекші, комиссар болып, әскери мектепте оқытушы қызметін атқарып, мектеп мұғалімдерімен және жоғары оқу орындарының оқытушы құрамымен де белсенді араласып, студенттер қауымына дәрістер оқып, кафедра меңгерушісінің қызметін атқарды. Ш.Е. Әлжанов сол кездегі кеңес өкіметі тұсындағы қиын жағдайға қарамастан, өзінің бүкіл ғұмырын халқына білім беру ісіне арнады. Сонымен қатар, ғалым педагогикалық әдебиеттерді қазақ тіліне аударуда жан-жақты жұмыстар жүргізген. Педагогика мен халық ағарту ісі жайлы жетекші материалдарды қазақша аудару үшін қажетті терминологияны жасау мәселесін бірінші болып күн тәртібіне қойды [5].

Біз Шәрапи Есмұқамбетұлы Әлжановты ауылдық жерлерде Кеңес өкіметін нығайту ісіне ат салыса отырып, кеңес-партия мектебінде сабақ беріп, оқу-тәрбие ісімен айналыса отырып, Мәскеу аспирантурасын бітіріп, доцент атағын алған бірінші қазақ ғалымы ретінде де танимыз. Оның жарқын өмірі де, артына қалдырған ғылыми мұрасы мен құнды ой-пікірлері әрдайым халқымыз үшін өнеге бола алады.

Осыған орай, Ш. Әлжановты толғандырған көкейтесті мәселелердің бірі – ұлттық мектеп жағдайы да болатын. Профессор Ш.Е. Әлжанов қазақ мектептерінің әлеуметтік жағдайы гигиеналық, педагогикалық талаптарға сай жұмыс атқара алмай тұрғандығын көріп, оны жақсартудың жолдарын ғылыми негізде тұжырымдай білген. Кеңес өкіметі тұсындағы республикамыздағы жоғары педагогикалық мектеп пен мектептердегі білім берудің қалыптасуына белсенді түрде ат салысты. Халық ағарту ісінде халықты жаппай сауаттандыру мен педагог мамандарды дайындау, белгілі мемлекеттік деңгейдегі жауапты жұмыстарды атқара отырып, Ш. Әлжанов қазақ халқының мұң-мұқтажын тыңдап, қалың бұқараның саяси-сана сезімінің өсуіне, қалыптасуына ықпал етушілердің бірі болғандығы бәріне мәлім. Профессор Ш. Әлжановтың жиырмадан аса еңбектері бізге мәлім, олардың қатарында төмендегідей еңбектері бар:

– «Әйел делегаттарының жиналыстарын өткізу жөніндегі методикалық жинақ» (1928 жыл, Қызылорда); «Партия оқуының жүйесі мен оқыту әдісі» (1928 жыл); «Ауылдағы әскерлік үгіт-насихат жұмысы» (1929 жыл, Ташкент) атты жеке кітаптары; «Ауыл мектептерін политехникаландыру жолдары» атты мақаласы (1933 жыл, Қызылорда); «Аз ұлттардың жоғары оқу орындарында сабақ беру әдістері»; «Жоғары оқу орындарында кадрлар даярлау мәселесі»;

– «Ұлт мәдениеті жөнінде екі майданда да күресуіміз керек»; «Маркстік-Лениндік теория таза және дұрыс баяндалсын»; «Оқу кітабы – коммунистік тәрбие беру жөніндегі үлкен құрал» атты 1933 жылы «Политехникалық мектеп» журналының 4-санында жарияланған мақаласы; «Эстетикалық тәрбие негіздері» деген 1933 жылы «Ауыл мұғалімі» журналының 4-санында жарияланған мақаласы; «Пять лет борьбы и строительства первого казахского национального вуза» атты Мәскеуде «Просвещение национальностей» журналда жарияланған мақаласы; «Ұлт мектептері қазіргі кезеңде» атты 1932-1937 жылдары Мәскеу журналдарында жарияланған ғылыми мақалалары; «Абайдың педагогика туралы көзқарасы» деген 1934 жылғы «Әдебиет майданы» атты журналының төртінші санында және «Социалистік Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 26 желтоқсанда 130-санында жарияланған мақаласы; «Ғылыми-зерттеу педагогика институтының алдындағы кезекті міндеттер» атты «Мектептерді политехнизациялау» журналының 1934 жылғы екінші санында жарияланған мақаласы; «Ес және есте қалдыру мәселелері». Дағдылану мәселелері атты 1936 жылғы Қызылордада

басылып шығарылған «Өздігінен білім алу және кітап оқу жолдары» атты мақаласы жарық көрген [5].

Қорыта келе, бүгінгі таңда Шәрапи Әлжановтың педагогикалық және психологиялық идеялары мен шығармашылық мұрасы, қоғамдық-педагогикалық қызметтері зерттеушілердің теориялық және тәжірибелік қызығушылықтарын тудырып отыр. Бірақ, өкінішке орай, ғалымның Қазақстанның ғылыми-педагогикалық ой-пікірлерінің дамуына қосқан үлесі, болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуға және жоғары мектеп педагогикасын дамытуға арналған өзекті педагогикалық ой-пікірлері, құнды идеялары өз дәрежесінде қарастырылмағандығын айғақтайды.

Әдебиеттер

1. Қ.Б. Жарықбаев. Гибраты мол ғалым еді. Қазақ педагогикасының алғашқы профессорларының бірі – Ш. Әлжанов туралы (1901-1938) // Алматы ақшамы. – 2001. – 23 қазан (№120). – 3б.
2. Т. Қажыбай. Шәрапиді білетін кім бар екен? Біржан сал әулетінен шыққан профессор Шәрапи Әлжанов туралы ой-толғам // Арқа ажары. – 2004, 22 VI- 3 б.
3. И. Мадин, М. Исқақов. Комиссар-Педагог Әлжанов // Қазақ әдебиеті. – 1968.
4. И. Мадин, М. Исқақов. Комиссар-Педагог Әлжанов // Қазақ әдебиеті. – 1968.
5. Қ.Қ. Бердімұратова. Ш.Е. Әлжановтың педагогикалық көзқарастары // Қазақстан кәсіпкері. – 2010. – 4 сәуір (№83). – 40б.

Қастай Дастан, Баймолдина Л.О.

(*әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*)

ҒАЛЫМ ЖАРЫҚБАЕВ ҚҰБЫҒҰЛ БОЗАЙҰЛЫНЫҢ МӘШҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТА ЗЕРТТЕУ ШЕБЕРЛІГІ

Соңғы жылдары зерттеу еңбектерінде, оқу басылымдарында психология ғылымының қазіргі таңдағы мақсат-міндеттеріне ұлттық таным, халықтық мүдде тұрғысынан баса назар аударылып, осыған орай рухани кемел халқымыздың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрыпына, жөн-жосық, жол-жоралғысына, тіпті, бүкіл тыныс-тіршілігіне қатысты тұстары (жеке тұлға, ойлау әдебі, сөйлеу ерекшеліктері, ерік-жігер қабілеті, ұлттық мінез) түгелдей дерлік қайтадан зерттеле, түрленген тұрғыда қарастырыла бастады. Әрине, адамзаттың ақыл-ой парасаты алға жылжыған сайын өткеніне тереңірек үңілетіні – қажеттіліктен туған заңдылық. Өйткені, оның өткен жолы шыққан тегіне алып барады, тегін тапса, нәр алып жатқан топырағында тамырлана түседі. Сол секілді де ұлтымыздың ғасырлар бойы тағдыр талқысына шындалып, сана мен сезім сүзгісінен өтіп барып рухани өмірінің бөлінбес бөлшегіне, ажырамайтын әдеті мен әдебіне айналған құндылықтарын іздеу, табу, тану және таныту, сол арқылы бүгінгі ұрпақтың ділін нығайту – ғылымның басты міндеттерінің біріне айналып отыр. Себебі, бұл үрдістің өзі ұрпақ алдынағы ілімнің тәлім-тәрбиелік қызметіне, қоғамдағы қажеттіліктің үлгілік құзырына жұмсаларына бүгінде толықтай көзіміз жетті. Кезеңінде болашағымызға қазақ даласының данышпандарының мұраларын меңгере отырып көз тастау қажеттілігін уақыттың өзі-ақ сараптап берді. Әрине, кемелдену, «Рухани жаңғыру» бағдарында алдымен Абайға үңілуіміз, ұлт психологиясы төңірегінде түрлі ғылыми зерттеулер мен шаралар ұйымдастырып, халқымыздың он төрт ғасырлық келелі психологиялық ой-пікірлерінің тарихын тануымыз өте орынды. Бірақ, күні бүгінге дейін орындары ұлтымыздың көкжиек кеңістігінде ойсырап тұрған ғұламаларымыздың, анығы, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Халел Досмұхамедов, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ғұмар Қараштың қазірдің өзінде зерттелмеген қырлары көп-ақ. Рас, еңбектеріне үңілек, Мәшһүр-Жүсіптің бір өзі молданы молдаша, шайырды шайырша, жырауды жырауша сөйлетіп, қарапайым халық мүддесіне келгенде, аса құнды рухани құнар төгетінін байқаймыз. Ал олардың еңбектеріндегі психологиялық байлықты сарқып алып, оларды оқырман парасатына ұсыну, олардың қоғамдық-саяси қызметіне үңіліп, әлі де болса толықтай талдауды, жұмбақ Мәшһүр-Жүсіп болмысын жаңаша қырынан игеруімізді қоғамның өзі талап етіп отырғаны сөзсіз. Бірақ бізге дейін бұл қажеттілікті, асылы, зәрулікті ұғынып, ұлт психологиясы шыңына өзінің дәуір үшін қуаты күшті зерттеулерімен көтеріліп, тұрақты биігіне орныққан бір тұлға бар. Оның есімі қазақ психологиясымен жапсарлас, ұлт педагогикасымен мығым. Себебі, ол – ғалым. ол – педагогика ғылымдарының докторы, професор, ол – Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы.

Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы туралы айтқанда, ең алдымен оның тарихының өте ертеде жатқандығы көңіл қуантады. Уақыт кеңістігінде ұлттық психологияның дамуына, даусыз дала перзенттерінің бірталай өкілдері үлес қосты, қазақ өркениетінде оның теориялық жағынан зерттелуі өте қарқынды дамыды. Алғашқы психологиялық ой-пікірлер қазақ

топырағында дүниеге келген шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми еңбектері мен философиялық трактаттарынан бастау алып, жантанудың жалауын кейіннен өз еңбектерінде дала данышпаны ортағасырлық Жүсіп Баласағұн батыл көтерді. Кейіннен қазақ ағартушыларының психологиялық көзқарасын қазақ психологтарының ішінен бірінші болып зерделеген көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, психолог-ғалым, академик Төлеген Тәжібаев өз еңбектерімен күллі Одақ көлемінде танылды [1,2]. Академик Т. Тәжібаевтан кейін бұл бағытта ғылыми-зерттеу жұмысын ілгері дамытқан, Қазақстанда психологиялық және педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы мен даму тарихын зерделеген, «Қазақстанда төңкеріске дейінгі педагогикалық ой-пікірдің қалыптасуы және дамуы», «Қазақстанда психологиялық ой-пікірдің қалыптасуы мен дамуы» және т.б. бірнеше монографиялық еңбектердің авторы, көрнекті психолог-ғалым, педагогика және психология, ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б. Жарықбаевтың алатын орны тіптен ерекше. Қазақ психология тарихын зерттеумен көптен айналысып жүрген көрнекті психолог-ғалым Жарықбаев Құбығұл Бозайұлы Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен даму тарихын үш кезеңге бөліп қарастырады:

- Бірінші кезеңі – кеңес үкіметі орнағанға дейінгі қазақ психологиясы (бұл кезең психология ғылымының ілкі бастауы (XV-XXғ.))
- Екінші кезеңі – марксистік кеңестік психология деп аталады (1920-1990),
- Үшінші кезең – егемен, тәуелсіз Қазақстан жағдайында қалыптасқан ғылыми психология дамуының жаңа кезеңі (1991-2006).

Қазақстанда психология ғылымының қалыптасу және даму тарихын қарастырғанда әдіснамалық тұрғыдан ғылыми-зерттеу жұмыстарында профессор Қ.Б.Жарықбаев ұсынған кезеңдерді негізінен басшылыққа алу орынды. Біз Жарықбаевтың «Қазақ тәлім-тәрбиесі» еңбегіндегі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының психологиялық көзқарастарын ғалымның талдау ерекшелігіне қарай қарастырып көрейік. Расымен, XX ғасырдың алғашқы ширегінде педагогика, психология саласында өздерінің соны пікірлерімен көрінген бірнеше қазақ ғұламалары болды. Олар өздерінің пайымдары, жазған-сызған еңбектері арқылы ойларын, индивидтік таным-түсініктерін білдіріп отырды. Олардың ішінде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Ғұмар Қараш, Мұхаметсәлім Кәшімов, Спандияр Көбевтерді ерекше атап өтуімізге болады. Жалпы аталған ғұламалардың педагогикалық және психологиялық көзқарастарын Қ.Б. Жарықбаев:

1. Қолжазбалары арқылы;
2. Еңбектеріндегі ой-пікірлері арқылы;
3. Діни және азаматтық қағидалары арқылы қарастырады.

Мәселен, діни оқудан мейілінше сусындап, уақыт өте келе фольклоршы-публицист атанған шежіреші ақын М.Ж. Көпейұлы Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің өзінде-ақ әр түрлі тақырыпта бірнеше кітаптар шығарған. Әрине, Қазақтың Мәшһүр Жүсіп Көпеев сынды ойшылы өзінің саналы ғұмырында дін мен мәдениеттің, білім мен ғылымның, адамгершілік пен адалдықтың өзара жақындығын жете түсініп, оны поэтикалық-философиялық, гуманистік сипатта баяндап өткені даусыз емес пе? Сондықтан ағартушылық жолды ұстанған Жүсіп Көпеевтің дара тұлғасы замандастары тарапынан өз заманында-ақ өзіндік жоғары бағалауларға ие болды, халық оны қадірледі, сөзіне құлақ асты, білімдарлығын мойындады. Оған жастайынан «Мәшһүр» деген қазақтардың арасында ерекше құрметтелетін керемет сұңғылалықты білдіретін аттың таңылуы да бекер емес еді. Сол себептен де ғалым, психология тарихын зерттеуші Жарықбаев ойшылдың мұрасын:

- сезім мүшелері;
- ми мен жүрек;
- қиял;
- ойлау;
- бала мен үлкендердің қарым-қатынасы;
- әйелдерге білім беру тағы да басқа қырлары тұрғысынан зерделейді.

Рас, кез келген тұлғаның дүниетанымына психологиялық-философиялық тұрғыда сипаттама беру барысында тарихи үрдістің астарында жатқан терең әлеуметтік психологиялық ерекшеліктер мен этникалық дүниенің онтологиялық іргелі ұстанымдарына тоқтала кеткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда Жарықбаевтың дәстүрлі қоғамның құндылықтар жүйесін сараптауы маңызды және олар қоғамның мәндік негізі, руханиятының мәйегі ретінде кездейсоқ басымдық танытпайды және олардың өміршең болатындығы шын мәнінде өзіндік сынақтардан ғасырлар бойы өткеніне де байланысты екені де аңғарылады. Мәшһүр-Жүсіптің көрегендігі ғасырларды өзара жалғастырушы рухани күштің мәдени құндылықтарда жатқандығы және оны жете түсінгендігінде болып отыр.

Жарықбаев ғылыми еңбектерінде Мәшһүр-Жүсіптің «Түрлі шығармалар» аталатын еңбегін талдап, оның ішіндегі адам баласының дүниені тануына қажет құндылықтардың мәнін ашады. Оны: «Мәшһүр Жүсіптің «Түрлі шығармалар» деп аталатын қолжазба жинағында адамның дүние тануы үшін есту мен көру мүшесінің зор маңыз алатыны айтылады. Көру сыртқы дүниемен шектелмей, ол заттарды бейнелеу арқылы мыймен де жалғасып жатады... Танымның келесі бір түрі адамның бір көрген нәрсесін қайта жаңғырту қабілеті, М. Жүсіп Көпеевтің тілімен айтсақ, бұл сырттан келген нәрсенің бәрін жазып отыратын хатшы іспеттес аппарат... Адам танымы бес бастаудан нәр алатын асау өзен секілді. Оның бірі – көру, екіншісі – есту, үшіншісі – түйсіну, төртіншісі – иіс сезу, бесіншісі – дәм...[3]» дейді. Автордың философиялық, тәлім-тәрбиелік еңбектерін психологиялық-теориялық жікке бөліп, оны: *Қабылдау, Түйсік, Тұлға, Ес пен Зейін, Эмоция, Сезім, Темперамент* аталымдары бойынша қарастырады. Негізінен алғанда Мәшһүр-Жүсіп ақынның психологиялық астарға толы еңбектері ұшан-теңіз. Жарықбаевтың ғылымдағы қалыптастырған жолын дала данышпанының «Қан, Жан, Ақылға» берген анықтамалы еңбегінен де қарастыруымызға болады. Онда ғұлама: «Миың – кіріс, ғақылың (ақылың) – ғарыш ағзам, қуат – махафазан, лух лахфух. Қуат – тәңірің, ғылым...[4]» деп пікір білдіреді. Дегенмен, ойшылдың адам жанының ерекше белгілері туралы айтылған ойлары әзірге гуманитарлық ғылымның бұл құбылысқа қатысты терең қатпарларына жете алмай келе жатқан, табиғаты толық анықтала қоймаған нысандардың қатарына жатады. Ақын өзінің шығармашылығында жан негізінен алғанда адами сезімнің көрінісі екендігін айта келіп, сол жанның жетілуі үшін, кемелденуі үшін, тазаруы үшін барлық сезім мүшелерінің, мидың, ақылдың зор кешенді қызмет атқаратындығын орынды көрсете білген. Әрине, жанның сипатын діндердің барлығы бергісі келеді. М.Ж. Көпейұлының түсінігіндегі адамның жан дүниесі мұсылмандық ұстанымдардан туындайды [5]. Оның еңбектерінің психологиялық ерекшеліктері де сонда жатыр.

Қорыта айтқанда, қазақ халқының сан ғасырлық тарихына назар аударып, оны тарихи-психологиялық тұрғыда зерделеуден өткізетін болсақ, онда бүгінге күнге дейінгі кезеңдерінің барлығы қатпар-қатпар қиындықтар мен қайшылықты кезеңдерге толы болғанын байқаймыз. Дегенмен, қаншама ауыртпалы заман болса да жасындай жарқырап еліміздің өткен күндерінде көптеген дарынды тұлғалардың іргелі көш бастағандығы елдігімізде мадақ. Себебі біз, тәуелсіздіктің сындарлы жылдары уақыттың қадірін білуді үйрендік. Өткен кезеңдер мен өмір сүрген парасатты тұлғаларды қадірлеуді қазірдің өзінде қарқынды менгеру үстіндеміз. Рухани мәдениетімізді електен өткізу бағытында көптеген жұмыстар болашақта да атқарылғаны баршамызға аян. Осы тарихи мүмкіндіктерді пайдалана отырып өз халқымыздың өнегелі тұлғалары өрнектеген рухани құндылықтарды әртүрлі қырларынан зерттеу мүмкіндіктері туындап отыр, солардың бел ортасында, ақын, данағөй ағартушы, өз халқының патриоты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да бар. Оның мұраларына бас ұру ендігі жас ұрпақтың еншісінде. Өйткені бізге Мәшһүр-Жүсіптің өркениетін қалай зерттеу, яки қай тұрғыдан зерттеу мәселесін ғалым Жарықбаев Құбығұл Бозайұлының өзі екшелеп берді.

Әдебиеттер

1. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. – А.: Алаш, 2003. – 1-т. – 504 б.
2. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – АЛМАТЫ: Санат, 1995. – 352 ж.
3. Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Таңдамалы. – Т.І.-Алматы: Ғылым, 1990. -287 б.
4. Көпеев Мәшһүр-Жүсіп // Психология: Энциклопедиялық сөздік / бас ред. Б.Ө. Жақып. Жоба авторлары Қ.Б. Жарықбаев, О.С. Оспанов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
5. Бейсенов Б.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының әлеуметтік философиясы. – Алматы, 2002. – 20 б.

Мырзатаева Б.П.

(Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Тұран университеті)

ПРОФЕССОР Қ.Б. ЖАРЫҚБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЭТНОСТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӨЗІНДІК САНА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кеңес дәуірінен бері қазақ этнопсихологиясының теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, оның дамуына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі және бірегейі – педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Жарықбаев. Бұған оның ұлт тілінде психологиядан оқу құралдарын құрастырып, халқымыздың педагогикалық және психологиялық ой-пікірлерінің даму, қалыптасу жолын зерттеумен айналысып, тоталитарлық кеңес дәуірінің өзінде ұлттық мінез-құлық проблемасына бет бұрып, оның өзектілігіне ғалымдар зерттеушілердің назарын аударған академик Т.Т.Тәжібаев сынды ұлағатты ұстазының ізін жалғап, ұлттық психология мәселесіне ден қоюы және сол дәуірдің қуаты әлі таймаған 80-ші жылдары «Аталар сөзі – ақылдың

көзі» атты кітабын жариялауы дәлел болып табылады [1]. Содан бері ғалымның еңбектерінде ұлттық психологияның түбегейлі мәселелері – ұлттық өзіндік сана, ұлттық мінез, ұлттық намыс, ұлттық мақтаныш және т.б. осы секілді ұғым-түсініктер жиі көтеріледі. Олардың кейбіреулері жазылған еңбектері мен қорғалған диссертацияларында шешімін тапқан. Профессор Қ.Б. Жарықбаевтың этнопсихологияның әдіснамасын жасауға арналған біраз еңбектері бар. Сонымен қатар, ғалымның қазақ жастарына ұлттық тәлім-тәрбие беру арқылы этностық және ұлттық өзіндік санасын қалыптастыруға байланысты зерттеулері бір төбе [2; 3; 4; 5; 6; 7] .

Этностық өзіндік сананың когнитивті жағы адамның өткендегілерін, белгілі бір оқиғалар, есте қалатын немесе дәріптелген күндер, ұлттық қаһармандар, мәдениет, ғылым және қоғам қайраткерлері, фольклор, дәстүрлер, ғұрыптар мен салттар және т.б. туралы білімдер мен түсініктерін тарихи және мәдени есте сақтаудан көрінеді. Осы орайда профессор Қ.Б.Жарықбаевтың ғылыми еңбектері мен мақалаларындағы психологиялық талдаулары ерекше құнды.

Осы ретте профессор Қ.Б.Жарықбаевтың жоғарыда аталған «Аталар сөзі – ақылдың көзі» атты еңбегінің толықтырылып, 1996 жылы «Қазақ психологиясының тарихы» деген атпен басылып шыққан кітабына жеке тоқталмай кетуге болмайды. Бұл еңбегінде ғалым оқырмандарға халқымыздың өмір салты мен өзіндік психологиясын, мақал-мәтелдеріндегі психологиялық ойы мен мінез-құлық нормаларын ғылыми білімдермен сабақтастыра отырып терең талдап таныстырады. Сонымен қатар, қазақ топырағында дүниеге келген ғұламалар Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фарабидің, Ж. Баласағұнидің, М.Қашқаридің, Қ. Иассауидің және т.б. бай рухани мұраларын, XV-XIX ғғ. Асанқайғы, М.Дулати, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар, Дулат, Махамбет сынды ақын-жырауларының тәлімдік тағылымы мол шығармаларын, ағартушы-ғалымдар Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, ғұлама ойшыл А.Құнанбаевтың адамның жан-жүйесі жайлы мұралары мен психологиялық идеяларын, XX ғасырдағы қоғам қайраткерлері Ш.Құдайбердиевтің, А.Байтұрсыновтың, Х.Досмұмедовтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аумауытовтың ұлттық дәстүр, салт-сана туралы психологиялық көзқарастары мен тұжырымдарын да жан-жақты ашып түсіндіреді. Кеңестік Қазақстанда ұлттық психология ғылымының пайда болуы мен дамуына тоқталып, М.Әуезовтың, С.Балаубаевтың, Ш.Әлжановтың, Т.Тәжібаевтың, Б.Момышұлының еңбектеріне талдау жасап, көптеген мәліметтер береді [2].

Біз заманымыздың көрнекті ғалымы, профессор Қ.Б.Жарықбаевтың халқымыздың ұлы ғұламаларының шығармаларындағы өнегелі өсиеттері мен нақыл сөздерінің психологиялық мәнін ашу арқылы этностық мәдениетті, ұлттық қадір-қасиетті және олардың жеке басының қасиеттерін жас ұрпақтың санасына құйып, бойына дарыту – жас ұрпақтың ұлттық өзіндік санасы қалыптасқан толық тұлға ретінде дамуының кепілі деп түсінетінін байқаймыз.

Ғалымның бұл еңбегі кейінгі 15-20 жыл ішінде қорғалған этнопсихология бағытындағы диссертациялық жұмыстарда қойылған мәселенің тарихи негізін қарастыруда көптеген зерттеушілерге (соның ішінде осы мақала авторына да) үлкен көмегін тигізгені шындық.

Сонымен қатар, «сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, осы аталмыш еңбектің соңында ғалым-ұстаз еліміздегі ғылыми психологияның келешегі туралы сөз қозғап, этнопсихологиялық зерттеулерде жекелеген кемшіліктердің орын алып отырғанын, эксперименттік-психологиялық жұмыстардың саны әлі де мардымсыз екені, көптеген этнопсихологиялық түсініктердің мазмұны, негізінен, шетелдік зерттеулердің мәліметтері мен тұжырымдарына сүйенетіні туралы, зерттеушілер көбінесе американ, француз, неміс т.б. халықтардың этностық қарым-қатынастары мен байланыстарына сілтеме жасайтынын айтады [2, 154 б.]

Терең білім иесі, ұлтжанды ғалымның бұл орынды сын-ескертпелері де еліміздегі ұлттық психологияны зерттеушілерге бағыт-бағдар беріп, этнопсихологияның ғылыми деңгейінің көтерілуіне септілігін тигізсе деген игі ниетінен туындағаны сөзсіз.

Бүгінде 70-ке жуық оқулық, монографиялардың, 1000-нан астам ғылыми мақалалардың авторы, профессор Қ.Б.Жарықбаев Қазақстанда этнопсихология тұжырымдамасын тұңғыш ұсынған бірден-бір ғалым. Онда мынадай бөлімдер қамтылған:

- 1) Этнопсихологиялық білім – болашақ мұғалімдер ізгілігінің негізі;
- 2) Студенттерге берілетін этнопсихологиялық білімнің мазмұны;
- 3) Этнопсихологиялық пәндерді біртіндеп оқыту (әр курстар бойынша);
- 4) Болашақ мұғалімдерге арналған этнопсихологиялық білімнің жүзеге асырылуының шарттары;
- 5) Болашақ ұстаздарға болашақ этнопсихологиялық білім берудің перспективалары [7].

Ғалымның пікірінше этнопсихологиялық мәселелерді зерттеудің қазіргі жағдайы анағұрлым терең талдап қорытуды қажет етеді. Сондай-ақ бұл жас ғылымның біздің республикамыздың жағдайындағы негізгі мәселелері туралы көзқарасында бірнеше тармақты атап көрсетеді. Олардың ішінде төмендегі тармақтары ерекше орын алады:

- тұлғаның өмір бейнесін, этностық таптаурындар, бағыт-бағдарларын, мінез-құлық нормативтерін, этностық сана мен этностық өзіндік сананың қалыптасуының жағдайларын этнопсихологиялық зерттеулердің біртұтас аймақаралық бағдарламасын құру мен іске асыру;

- балалық шақтың этнопсихологиялық аспектісін зерттеу және оның негізінде мектепке дейінгі жастағы балалар мен мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамасын жасау [8].

Профессор Қ. Б. Жарықбаев пен оның ізбасары Ж. Нүкежанов «полиэтностық мемлекетте... таза, жеке этнос мәдениеті болмайтынын мойындай отырып, тұрғылықты қазақ ұлтының мәдениетін ерекше бөліп көрсету, өзінің төл мәдениетін, дәстүрін, тілін, тарихын айқындап саралау – ұлттың өзін-өзі сақтау инстинкті» деп бекітеді. Олар «*Біз кіміз? Өзгелерден қандай айырмашылығымыз бар?*» деген сұрақтардың жауабын әркез көрсетіп отыруды этнопсихологиялық зерттеудің алтын дінгегі» етіп белгілейді [8, 5 б.].

Сонымен қатар, Сократтың «Өзіңді өзің анып біл! деген сөзі тура біздің қазақ ұлты үшін айтылғандай деп білетін қос ғылымның докторы, профессор Құбығұл Бозайұлы қазақ халқына жаһандану дәуірінде жұтылып кетпей, ХХІ ғасырдың жаңа биігінен көріну үшін ұлттық келбет, ұлттық мінез, ұлттық ерлік, ұлттық айбат, ұлттық намыс қалыптастыру ауадай қажет екенін айтады. Мұны қалыптастыру үшін қазақтың болмысын, мінезінің сан қыры мен сырын күнгеі мен көлеңке жақтарын зерттеу қажет дейді. Оның пікірінше, сонда ғана әрбір қазақ баласының басында ұлттық түйсік, жүрегінің түкпірінде ұлттық мүдденің оты жанғаны көрінеді [9, 6-7 бб.].

Сонымен қорыта айтқанда, өз өмірін қазақ психологиясының өмірімен байланыстырған этнопсихолог, ғалым-ұстаз, Қазақстанға еңбек сіңірген қоғам және техника қайраткері, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Б.Жарықбаевтың еңбектерінің ұлтжанды ұрпақтың толық тұлғасын қалыптастыруда мән-маңызы терең және арнайы зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 120 б.
2. Жарықбаев Қ. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 160 б.
3. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 35 б.
4. Жарықбаев Қ.Б., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану (Орта мектепке арналған оқу құралы). – Алматы, Атамұра. – 143 б.
5. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы (VI ғасырдан ХХ-ғасырдың басына дейінгі кезең) I-том. – Алматы: Рауан, 1994. – 317 б.; (ХХ ғасырдың 20-жылдарынан 1995 жылға дейінгі кезең) II-том. – Алматы: Рауан, 1998. – 415 б.
6. Жарықбаев Қ.Б. Психологическая наука Казахстана в ХХ веке. – Алматы: Издательство «Эверо», 2006. – 429 с.
7. Этнопсихология: учебное пособие /под ред. К.Б. Жарықбаева. – Алматы: «Қазақ университеті», 1998. – 133 с.
8. Жарықбаев Қ., Нүкежанов Ж. Қазақ этнопсихологиясының әдіснамасын жасаудың кейбір өзекті мәселелері. Этнопсихология және этнопедагогика (Ұлттық тәлім-тәрбие). 2-ші жинақ. – Алматы: Тәлім-тәрбие қауымдастығы, 1996. – 189 бет.
9. Жарықбаев Қ. Халқымыздың жақсы қасиеттерін өткен заманнан, ертеректегі уақыттан іздеуіміз керек\Жантану мәселелері. – 2009 ж. – № 3, 3-11 бб.

Жарықбаев Қ.Б., Нүсіпқожа Г.С.

(Қазақстан, Алматы, ҚазҰУ, профессор, ҚазҰУ, магистрант)

ПРОФЕССОР М.М.МҰҚАНОВ (1920 – 1985) ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

М.М.Мұқанов 1920 жылы 4 қазанда Ақтөбе облысы №3 ауылында малшы шаруа Кутумов Мұқанның отбасында дүниеге келген. Мәджиттің ата-анасы ол 12 жасқа толмай жатып ерте қайтыс болады. Бастапқыда ол үлкен ағасының қолында тәрбиеленіп, кейіннен балалар үйінде тәрбиеленеді. Қазақтардың коллективизация кезеңіндегі ауыр тұрмысы Мәджиттің тағдырына өз ізін қалдырды. Мәджит өзінің туған бауырларының, туыстарының ішінен жалғыз қалады. 14 жасында өзінің еңбек жолын бастап ол Ақтөбе қаласындағы ұшақ жөндеу шеберханасына жұмысшы болып орналасады. Осы кездері ол жұмысшы жастардың орта мектебінде де оқиды.

Мектепті аяқтаған соң, комсомолдың жолдамасымен ол 1-ші Вольскідегі авиациялық техникалық училищеге жіберіледі, және «кіші авиациялық техник» мамандығын алған соң Харьков қаласының әскери бөлімінде істейді.. Содан соң кіші ұшқыш мамандар мектебінің оқытушысы бола жүріп, Харьков университетінің тарих факультетінің кешкі бөлімінің 1-курсына оқуға түседі. 1941-1945 жылдар аралығында – Ұлы Отан соғысы майдандарында авиация механигі ретінде техник-лейтенант

болды. 1945 жылы мамыр айында Кеңес Әскерінің қатарынан қайтарылғаннан кейін, М.М.Мұқанов еліне қайтып, Ақтөбе қаласында темір жол училищесінде мұғалім және директор қызметін атқарады. Осы уақытта ол А.И.Герцен атындағы Ленинград пединститутының педагогикалық факультетінің 3-курсына түседі, оны аяқтаған соң біраз уақыт Қазақ Қыздар педагогикалық институтында психология пәнінен сабақ береді. Сонан соң ол С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің аспиранты атанады. 1953 жылы М.М.Мұқанов «Кеңес сарбазының ерлігінің сипатты психологиялық ерекшеліктері туралы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғайды. 1953 жылы ол Алматы шет тілдер педагогикалық институтының педагогика мен психология кафедрасына жұмыс істеуге ауысады. Кейіннен институттың педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі болады (1954-1958), ал 1967 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының психология кафедрасының меңгерушісі болды.

М.М.Мұқановтың ішкі зерттеуі профессор Т.Т.Тәжібаевтың жетекшілігімен 1953 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Университетінде жекелеген мәселелеріне байланысты «О характерных психологических особенностях советского воина (по материалам воинов Казахстана в Великой Отечественной войны (1941 – 1945 г.г.)» атты кандидаттық диссертация.[1]

Бұдан кейінгі жылдары ол жалпы, жас ерекшелік, педагогикалық психологияның мектеп өміріне байланысты аспектілерін зерттеуге кірісті. Осы салалар бойынша бірнеше еңбектер жазды. Олар: «Ми және сана» (1956), «Оқушылардың зейінін зерттеу» (1960), «Бақылау және ойлау» (1959), «Педагогикалық психология очерктері» (1962) т.б.

М.М.Мұқанов зерттеулерінің біразы бірі ойлау мен бақылау әдістерін ұйымдастырудағы доминанттың рөліне байланысты жазылды. Мұнда автор А.А.Ухтомскийдің доминанта үстемдік ету туралы ойы мен П.К.Анохиннің кері афферентация мен олардың психологиядағы мағынасы туралы түйіндерінің табиғатымен анықтайды. Байқампаздықты тұлғаның жақсы қасиеті ретінде сипаттай отырып, автор оның негізгі үш түрін көрсетеді: «тұрмыстық даналыққа» негізделген бақылағыштық, натуралистің бақылағыштығы мен ғылыми-зерттеу жұмысындағы бақылағыштық. М.М.Мұқанов сондай – ақ кибернетиканың психологиялық аспектілерін қарастырады, адам миының жұмысын кибернетикалық жүйелер жұмысымен сәйкестендіріп, олардың функционалдық қатынастағы ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ашып көрсетеді, мұндағы адамға ғана тән ерекшеліктерді көрсетеді. Автор басты назарды психиканы модельдеу ұстанымына, ұғым мен сөздің ара-қатынасы мәселесіне аударады. Соңғы IX бөлімде қазақ ғалымы көшпенді қазақ халқында кеңінен таралған «ақыл» ұғымына тоқталады. Ол аталған ұғым қазіргі психологияда айтарлықтай өзгеріске ұшырама деп есептейді. Егер ертедегі қазақтар оны адамның тұрмыстық даналығы арқылы, дау-дамайды олардың сыртқы белгілеріне қарап әділ шешу қабілетіне жатқызса, қазір «ақыл «заттардың ішкі мазмұнына ене алу қабілеті» ретінде ұғынылып жүр.[2]

Әрине, төл тіліміздегі бұл еңбектерде кемшіліктерде жоқ емес. Мәселен, ол аталған еңбекте қазіргі психологиядағы «қабылдау», «түйсік» сияқты терминдерді қолданбайды, олардың қоршаған органы танудағы ролін ашып көрсетпейді, барлық жерде «бақылау» (наблюдения) терминін қолданады. Біздіңше, қазақ психологиялық терминологиясын қолданғанда зерттеуден біраз қателіктер жіберген. Ол психологиямен физиологияның барлық терминдерін сондай – ақ интернационалдық терминдерді де қазақ тілінде қалай болса солай қолдана салған. Мұндай әдіс осы кітапта баяндалған материалдарды дұрыс қабылдауды қиындатады.

«Педагогикалық психологияның очерктері» деп аталатын екінші жұмысында (1962), автор қазақ мектептеріндегі оқу-тәрбие жұмысының психологиялық негізін түсіндіруге тырысады. Бұл қазақ тілді оқырмандарға арналған төл тіліміздегі алғашқы зерттеу болып табылады.[3] Автор енді бір зерттеулерінде мектеп оқушыларына ана тілі мен өзге тілдерді меңгерудің психологиялық ерекшеліктерін көрсетуге тырысады. Сайып келгенде, М.М.Мұқанов білім алушылар қалай білім алудың тиімді жолдарын, қандай жағдайларда олардың психологиялық әрекеті қажетті білімді тиімді қабылдауға ықпал ететіні туралы біраз мәселелерге талдау жасайды. Автор қазақ оқырмандарына П.П.Блонский мен Л.С.Выготскийдің педагогикалық психология туралы концепциялары туралы және оқырман назарын осы тақырып аясына алдағы жерде де әртүрлі зерттеу жұмыстарын жүргізуге меңзейді.

Қолданылған әдебиеттер

1. Қ.Б.Жарықбаев. «Қазақ психологиясының тарихы». Алматы, 1996ж
2. М.М.Мұқанов. «Ақыл ой – өрісі ». Алматы, 1980ж
3. М.М.Мұқанов. «Педагогикалық психологияның очерктері». Алматы, 1962ж

ҒИБРАТЫ МОЛ ҒАЛЫМ, ПАРАСАТТЫ ПЕДАГОГ

Адамзат баласы өзінің өмір жолында ұмытылмастай із қалдырған ғұлама ғалымдар мен тәлімгер-ұстаздарға кезігіп, олардың алдында өзін қарыздар сезінетін сәттер аз болмайды. Соның ішінде, ең алғаш қолына қалам ұстатқан мұғалімнен бастап, өмірдің түрлі саласында өзінің тәжірибесімен, өмірге деген көзқарасымен ақыл-кеңесімен бөлісе білетін тұлғалар, тікелей қарым-қатынас барысында немесе жеке өмірінің үлгісімен жүрегіне жақсылықтың ұрығын сепкен ғалым-ұстаздар бар. Өмірдің сан-салалы өткелдерінде әр буын, әр ұрпақтың адам болып дүниеге келген соң орындайтын парыздары мен өтейтін қарыздарын былай қойғанда, өзіне тән ерекше мүмкіндігі, елді елең еткізер айрықша міндет-мақсаттары болады.

«Ғылымда даңғыл жол жоқ, онда тек талмай ізденген адам ғана мұратына жетеді», - деген қанатты қағида бар. Бүгінде елімізге танымал жандардың бірі болған, Қазақстаннан тыс жерлерге белгілі ғалым, жоғары оқу орнында бар саналы ғұмырын өткізген, педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткер Құбығұл Бозайұлы Жарықбаевтың ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметтегі өсу, өркендеу баспалдақтарына зер салар болсақ, осы қағидаға анық көз жеткізгендей боламыз.

Құбығұл Бозайұлы Алла жаратқан Ұлы Ұстаз, Л.Н.Толстой былай деген: «Егер ұстаз өз бойына ісіне және шәкірттеріне деген сүйіспеншілігін біріктірсе, онда ол нағыз ұстаз». Бұл сөздер Құбығұл Бозайұлына қатысты айтылған. Халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірде ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да, сондай ардақтауға міндеттіміз», - деген болатынды.

Мен ғылым жолын бастап, Алматыға келген кезімде ғылыми жетекшілікке келісімін беріп, ұлт мақтанышына айналған тұлғаларды зерттеуге бағыт берді. Сол кезден бастап Құбығұл Бозайұлымен тығыз шығармашылық жұмыс жасадым. Әсіресе кандидаттық диссертация тақырыбын таңдап, бекітуде ағай үлкен жауапкершілікпен, табандылықпен, тамыры тереңде жатырған қазақ психологиясының тарихы әлі толық зерделенбей жатырғандығын, осы бағыттағы тақырыптарға назар аударуға себепші болды. «Мәшһүр Жүсіп, Ғұмар Қараш артына көптеген еңбек қалдырды. Шәкәрім Құдайбердиев – әрі ақын, әрі жазушы, аудармашы, оның да психологиялық мұрасы қаншама! Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, секілді ғұламалардың әр еңбегі – ұлттық психологияның қаймағы. Сонау жиырмасыншы жылдары Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов секілді зиялылар қаншама еңбек қалдырды. Олар – қазақтың халық психологиясын ғылыми тұрғыда қарастырып, осы ғылымның іргетасын қалаған ұстаз-ағартушылар. Ал сонау Х ғасырдағы әл-Фараби бабамыздың психологияға қатысты жеті еңбегі – өз алдына бөлек әңгіме. Бір өкініштісі, осындай дүниелердің бәрі оқу орындарынан бастап, ауыл кітапханасына дейін жетпей тұр. XV ғасырда өмір сүрген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы «Шипагерлік баян» еңбегінің құндылығы әлі ашылмай жатыр деді. Ал олардың тарихын әлі ешкім тереңдеп зерттеген жоқ неге біз зерттейміз?» деп, ұлттың рухани байлығын жарыққа шығаруды көздеді. Ұлттық психологияны өркендетуге үлес қосқандар, оның негізін қалаған Жүсіпбек Аймауытовты, Мағжан Жұмабаевтарды зерттеу басты борыш деп есептеді. Бұл жерде Құбығұл Бозайұлының ұлтжандылығын, табандылығын, принципшілдігін ұлттық мұрамызды қастерлеу, оған деген сүйіспеншілікті байқадым.

Менің ғылым жолындағы жетістіктерімде ғылыми жетекшімнің үлесі көп деп есептеймін. Кандидаттық диссертациямды жазу барысында Құбығұл ағай Т.Тәжібаев атындағы «Этнопедagogика және этнопсихология оқу-зерттеу орталығында», Ұлттық кітапханада отырып менің жұмысымның орындалуына үнемі маған бағыт-бағдар сілтеп, ақыл-кеңесін бере отырып, ғылыми жұмысымды сәтті қорғауыма ғалымның тигізген септігі орасан зор еді. Ұстаздың ізденімпаздығы, еңбекқорлығы, қарапайымдылығы, жан-жақтылығы үлгі боларлық, ардақтауға тұрарлық асыл қасиеттер.

Ұзақ жылдар бойғы жоғары оқу орындарындағы іс-тәжірибесінің негізінде профессор Қ.Б.Жарықбаев қазақ тілінде жоғары мектеп ұстаздары мен студенттеріне арнап, психология пәнінен оқу құралдарын жазып ұсынған республикамызда тұңғыш ғалымдардың бірі. Бүкіл республика университеттері, педагогикалық институттарымен колледж, соның ішінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенттері мен оқытушылары Құбығұл Бозайұлының оқу құралдарын жүйелі түрде пайдаланып келеді. Соңғы жылдары жарық көрген оқулықтары: «Психология негіздері» (2010 жыл, 30 баспа табақ), «Психологическая наука Казахстана в XX веке»

(2006 жыл, 27 баспа табак) педагогика және психология саласынан білім алатын магистранттардың, студенттердің рухани игілігіне айналды.

Профессор Құбығұл Бозайұлының педагогикалық-психологиялық еңбектерінің негізі, жас ұрпақты тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін ұлттық мәселелерімен тығыз байланыста алып қарастырғандығы. Ғылым жолында Алматыда жүрген кезімде ғалымның лекцияларына қатысып байқағаным, ұстаздың білім сапасының жоғары болуына үлкен мән беретіндігі. Профессордың еңбекқорлығы, ізденімпаздығы арқасында әрбір лекциялық тақырыптарының мазмұны жаңашыл идеяларға толы болатын.

Ғалымның ұлттық психологияның дамуына сүбелі үлес қосуда қолданған «ұлттық мінез», «ұлттық мақтаныш», «ұлттық намыс», «ұлттық дәстүр», «ұлттық сана» ұғымдарының барлығы өзіне арналған төлқұжаты болып табылады. Бүкілдүниежүзілік ғылымға осы ұғымдарды енгізуімен қазақ психологиясының бар екендігін көрсетті.

Ұлттық мінез бітістерін былайша сипаттайды: «Жеріміздің ұланғайыр кендігімен, мұндағы табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан *дархан, жомарттық*, адамға деген *мейірімділік* пен *өнерпаздық*, қазақ биосферасының өзіндік ерекшелігінен туындаған *асқан қонақжайлық*, жойқын соғыс пен, қуғын – сүргінге ұшырау салдарынан тірнектеп жинаған рухани мұраны өсер ұрпаққа жеткізу ниетінен қалыптасқан *балажандық*, үнемі мал шаруашылығымен айналасудан қанымызға сінген *малжандылық*, ешуақытта басқа жұрттың жеріне көз алартпаған бейбітшілік саясат, өзі тиген дұшпанның қабырғасын қақсатқан көзсіз батырлық, «мың өліп, мың тірілген» кездердегі керемет *шыдамдылық* пен барға *қанағатшылық*». Осыған қосып айтарымыз, ғалымның бойынан табылатын – қандай мәселе туралы айтса да әділдікке бой ұратындығы, ақиқаттан ауытқып кетпейтіндігі деп ерекше атауға болады.

Тарихты зерделеу мен ғалымдардың жеткен жетістіктерін қазіргі таңда оқу-тәрбие үрдісіне пайдалану педагогикалық және психологиялық тұрғыда білім беру мен тәрбиені шығармашылықпен құруға мүмкіндік туғызады.

Осы орайда кеңес мектебі мен педагогикалық психологиясының дамуының өзіне тән ерекшеліктері мен Қазақстанның білім беру саласының дамуына маңызды үлес қосқан ғалымдардың еңбектерінің мәні орасан зор.

Қ.Б. Жарықбаев секілді дара тұлғаның ғылыми, педагогикалық, психологиялық мұраларын бүгінгі таңда білім алушыларға, көпшілік қауымға жеткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін анықтау ғалымның еңбектерінің өзектілігін айқындай түседі. Ғалымның ағартушылық идеяларын талдау енді-енді қолға алына бастады. 2008 жылы профессор, педагогика ғылымдарының докторы Қ.Б.Сейталиевтың жетекшілігімен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің магистрі Қ.О.Қазиев «Профессор Қ.Б.Жарықбаевтың педагогикалық-психологиялық көзқарастары» атты магистрлік диссертациясын үлкен ізденіспен орындап, сәтті қорғап шықты.

Бұл жұмыста Қ.Б.Жарықбаевтың өмірі мен ағартушылық қызметіне және тәлім-тәрбиелік еңбектеріне ғылыми түрде талдау жасалып, оның Қазақстандағы педагогикалық-психологиялық ой-пікірлердің дамуына қосқан үлесі анықталып, ғылыми тұрғыдан дәйектелді. Сондықтан ұстаздың психологиялық мұраларын қазіргі ұрпаққа жеткізу мақсатындағы зерттеу жұмыстары өзекті, ол болашақ психолог-педагог мамандарды қалыптастыру үрдісіндегі объективті қажеттіліктен туындап отыр.

Ұлы тұлғаның ғылыми ізденісінің, психологиялық мұраларының ғылыми астары мол, тұжырымдары терең, атқарған ұстаздық еңбегінен өзі үлгі өнеге, тәлім-тәрбие алған қазақ зиялыларының еңбектерін жалғастыра отырып, қазақ жастарының ұлттық сана-сезімінің ояна түсуіне қозғау салумен қатар, қазіргі таңдағы ұлттық ғылымның даму жолында маңыздылығы арта түсуде.

Халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған ұлттық тәлім-тәрбие психологиясының сыр-сипатын, жас өскінге халықтық үлгі-өнегенің ғылыми астарларын барынша зерттеп, ұлттық психологияға тән терминдерді тұжырымдап, психология ғылымының өркендеуіне үлес қосып келе жатқан және ең алдымен өзінің терең де жан-жақты білімі мен саналы ғұмыры арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуге, білім-ғылымды меңгеруге баулып келе жатқан адамгершілігі мол, ұлағатты да инабатты ұстазбен сұхбаттас болып, тәлім-тәрбие алғанымды мақтаныш етемін және басымды иіп, үлкен алғысымды білдіремін.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология негіздері. -Алматы, 2010 жыл
2. Жарықбаев К.Б. Психологическая наука Казахстана в XX веке. - Алматы, 2010 жыл

С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ОТАНДЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ТАРИХЫНДАҒЫ АЙЫРЫҚША РӨЛІ

Кез келген ғылым саласының қалыпты дамуы оның өткен тарихын зерттеуге қаншалықты көңіл бөлуіне байланысты болып келеді. Өйткені, психология тарихы өзінің тарихи даму барысында жинаған барлық оң, құнды дүниелерді зерттеп сақтауға, құнттап қалпына келтіруге және келесі буынға беруге тырысады. Психология ғылымының қалыптасу және даму тарихын зерттеген кезде оның дамуына зор үлес қосқан жеке ғылымдардың еңбегінен тыс тарихты қарастыруға болмайды. Қазақстандағы психология тарихын зерттеуде есімі мен еңбегі еш даусыз мойындалған тұлғаның бірі – қазақ психологы Сатыбалды Мұқатайұлы Жақыпов (1950-2014). Ол Қазақстандағы психология ғылымының бірнеше салаларының дамуына айтарлықтай үлес қосты. С.М. Жақыповтың психологиялық мұраларын зерттеу оның жалпы психология, педагогикалық психология мен эксперименттік этнопсихология сияқты салаларға әдіснамалық және әдістемелік жаңалықтар енгізген автор ретінде сипаттауға негіз береді.

Мезгілінен бұрын бұл өмірден озған отандық көрнекі ғалым С.М. Жақыповтың ғылыми мұралары арнайы зерттеуді талап етеді. Өйткені, оның ғылыми идеялары қазіргі психология үшін өзінің өзектілігі мен қажеттілігін жоғалтқан жоқ. Ғалымның өмір жолы, кәсіби қызметімен байланысты шығармашылық кезеңдері, оппонеттік тобы мен тұлғаралық қарым- қатынастары, өзіндік тұлғалық ерекшеліктері, күллі психологиялық мұрасы біздің магистрлік диссертациялық зерттеу жұмысымызға арқау болып отыр.

Тарихи-психологиялық зерттеудің мақсат-міндетін белгілі психолог Б.Ф. Ломов өте жақсы айтып кетеді: «Психологиялық мұраларды зерттеудің міндеті психологтарды "ранг (атақ-дәреже) тізімі" бойынша бөліп орналастыру да емес, қайта олардың әр қайсысының психологиялық білімдер жүйесіне қосқан үлесінің мәнін ашу». [1, 6 б.]. Әрбір ғалымның психология саласына қосқан нақты үлесін айқындап беру психология тарихшылары үшін аса маңызды міндет болып табылады. Құр мадақтау мен лепірме сөздер емес, белгілі бір негізге сүйеніп жазылған, оқырмандардың көзі жететіндей дәлелдер келтірілген мақалалардың ғана ғылыми құндылығы жоғары болады. Тарихи деректер бүгінгі ғылымға қатысы жоқ қолданбайтын өлі дүние я керексіз жүк болмауы тиіс. «Таза тарихтың» өздігінен құны жоғары болмайды. Өйткені, ғылыми ақпараттар тасқынының ұдайы алмасуы мағлұматтардың шапшаң ескіруіне әкеледі. Бүгінгі жаңалық келесі күні-ақ тарих еншісіне айналады. Психолог тарихшылар үшін ғылыми құндылығы жоғалмаған еңбектерді кенді жуып ішінен пайдалы қазбаларды іріктеп алатын сияқты жұмыс жасауына тура келеді.

XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғ. басында Қазақстанда өмір сүрген бірегей, көрнекті ғалым С.М. Жақыповтың психологиялық мұрасы отандық психологияның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Оның шығармалары еліміздің тарихи- психологиялық білімнің жалпы қорына қосылуы тиіс. Бүгінде С.М. Жақыповтың психологиялық идеялары, көзқарастары мен концепциялары ғалымдар тарапынан толыққанды зерттелінген жоқ. С.М. Жақыповтың шығармашылығына, мұраларына назар аударып арнайы зерттеу, біріншіден, ғалымның отандық психология тарихындағы орнын анықтауға және еліміздегі психология ғылымының қалыптасуы мен дамуына оның қосқан үлесін ашуға мүмкіндік береді; екіншіден, психология ғылымының ақпараттық қорын байытады, психика табиғатын жаңа тұрғыда түсінуге жол ашады, үшіншіден психологияның деректік базасын ұлғайтады, сөйтіп XX ғасырдың аяғы мен XXI ғ. басындағы отандық психология дамуының толық көрінісін жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы сателлит (қуыршақ) республиканың бірі болған Қазақстанда ғылым тарихын объективі сипаттау мүлде мүмкін емес еді. Оның үстіне ұлтшылдыққа, «пантюркизмге» қарсы күрес ұлттық тарихтың қатты бұрмалауына әкелді. Ұлттың мақтанышына лайық тұлғаларға қара күйе жағылып, керісінше жалаң ұраншылдар тарих бетінен ойып орын алды. Қазақстанда тәуелсіздік алғанға дейінгі тарихи-ғылыми зерттеулер сол заманның талабына сай, жалғыз ғана дұрыс боп табылатын маркстік-лениндік әдіснаманың принциптері мен коммунистік идеологиялық ұстанымдар тұрғысынан жазылды. Тіпті ұлтымыздың педагогика және психология саласындағы көрнекті тұлғалары (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және т.б.) буржазиялық ұлтшылдар атанып, ғылыми мұралары біржақты бағаланды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана идеологиялық шектеулер алынды. Алайда кеңес заманның өзінде грузиндер мен эстон психологтарының өздерінің академиялық еркіндіктері мен ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалғаны таңқалдырады. 1980 жылы эстон ғалымдары мен мәдени қайраткерлері орыстану саясатына қарсы атышулы «40-тың хатын» жазған екен. Сол хатты жазғандардың бірі Тарту университетінің құрметті ректоры, психология

ғылымдарының докторы, академик Пеэтер Тульвисте (1945 – 2017) еді. Кеңес Одағына ана тілінде психологтарды даярлау ісі Өзбекстанда 1974 жылы басталыпты (М.В. Вахидовтың жетекшілігімен ТашГУ-дің тарих факультетінде психология бөлімінде өзбек топтары құрылады). Қазақстанда бұл істі тұңғыш қолға алған 1990 жылы сәуірде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің биология факультеті құрамында ашылған «жалпы психология» кафедрасының меңгерушісі С.М. Жақыпов еді. Психологияны қазақша оқытуды сол кездегі ҚарМУ-дің ректоры (1987-91 жылдары) академик Айтхажа Биғалиұлы Биғалиев қолдады. Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ Қазақстан тарихындағы екінші жоғары оқу орны және еліміздің бұрыннан келе жатқан ірі университеттерінің бірі болып табылады. С.М. Жақыпов 1990-1993 жылдар аралығында ҚарМУ-дің жалпы психология кафедраның меңгерушісі қызметін табысты атқарды. Ол кездері кафедраның жұмысын жолға қою барысында ғалымды үлкен қиындықтар күтіп тұрды: арнайы білімі бар психолог мамандар, психология салалары бойынша оқулықтар, ғылыми әдебиеттер жоқтың қасы еді. Алматылық педагогтар мен психологтар психолог мамандығын қазақша даярлау мен оқыту жайлы мәселе де өзара келісе алмай айтысып-тартысып жүргенде (әсіресе, сол кездегі Киров атындағы ҚазМУ-дің жалпы психология кафедрасы 1988 – 91 жылдары) С.М. Жақыпов бастаған ұжым тұңғыш рет қазақ тілінде психологтарды әзірлей бастайды. Мұның саяси-мәдени маңызы зор болды. Отаршылдық салдарынан ана тілінен айырыла бастаған қазақтар үшін өз тілінде сирек кездесетін мамандарды даярлау мүмкіндігінің пайда болуы ұлттың болашағына деген сенімді оятты.

С.М. Жақыпов ғылыми өмірінің қарағандылық кезеңінде 65 ғылыми еңбек жазыпты, соның ішінде көлемділері: “Психология бойынша практикум. Әдістемелік құрал.” (1986), “Мектептегі психологиялық қызмет” (Н.К. Кажитаевамен бірлесіп, 1989) және 1992 жылы аяқталған докторлық диссертациясының монографиясы “Танымдық іс-әрекеттің психологиясы” атты еңбегі.

С.М. Жақыпов 1994 жылы Алматы қаласына көшіп келеді. 1994-1997 жылдар аралығында ҚР ҰҚК институтының психология кафедрасында профессор болып жұмыс істейді. Ал 1997 жылы шілде айында Алматы қаласындағы қазіргі Абай атындағы Қазақтың Ұлттық педагогикалық университетінің «теориялық және қолданбалы психология» кафедрасының меңгерушісі қызметіне алынады. Ол жерде 2000 жылға дейін жұмыс істеді.

Сол кездерде Қазақстанда психология саласында небәрі 2 ғылым докторы және он шақты ғылым кандидаттары болатын. Психология ғылымы саласында ғылыми зерттеу ісімен айналысқысы келетін жандар үшін ғылыми жетекшілік ететін адам табудың өзі мұң еді. Жоғары білікті психолог кадрларға деген тапшылық өте күшті білінді. Ол уақыттарда еліміз психология саласында (институционалдық жағынан немесе ғылыми кадрлар мен мамандар саны жағынан болсын) көрші мемлекеттерден көп артта қалып қойған едік. Тәуелсіздік қарсаңында Қазақстанда психология бойынша не факультеті, не диссертациялық кеңес ашатын жеткілікті ғалымдары болмады. Өзбекстанның, Қырғызстанның ғалымдарына кіріптар болдық. Оның үстіне Қазақстанның психология ғылымы көп жылдар бойы лайықты көшбасшы болмауынан үлкен зардап шекті. Міне, осындай жағдайда С.М.Жақыповтың Алматыға ауысуы отандық психология ғылымы үшін үлкен бір жәрдем болды.

С.М. Жақыпов 1999 жылы 12 қаңтарда елімізде докторлық кеңестің болмауы себепті, егемен Қазақстанның алғашқы өкілі ретінде көрші Ресейдің РБА Психология институтында «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды [2]. Бұл жұмыс бір мезгілде екі мамандық : 19.00.01.- жалпы психология және 19.00.07. – педагогикалық психология бойынша қорғалды. Соның арқасында Қазақстанда психология ғылымы бойынша диссертациялық кеңестер ашуға мүмкіндік туды.

Еліміздің психология ғылымының институционалдық дамуындағы маңызды бір оқиға 2000-жылы орын алды. Сол жылдың 22 ақпанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Ғылыми Кеңесі бұрынғы психология кафедрасын екі дербес кафедраға – «этникалық және педагогикалық психология» кафедрасы мен «жалпы психология» кафедрасына бөлу жөнінде қаулы қабылдайды. Сөйтіп университетте психология бойынша екі кафедра жұмыс істей бастады. 2000 жылдың 14 сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры К. Нәрібаевтың №3-512 Бұйрығына сәйкес құрылған этникалық және педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі болып психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпов тағайындалады. Кафедраның ашылу кезінде оның құрамында 12 оқытушы жұмыс істеген еді. Қысқа мерзім ішінде аталмыш кафедраның сандық әрі сапалық тұрғыда биік деңгейге шығуы персоналдық-тұлғалық факторларға байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Кафедраның меңгерушісі ретінде профессор С.М. Жақыповтың ұйымдастырушылық қабілеті мен ғылыми беделі этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасын философия және саясаттану факультетінде жетекші орынға шығарды.

Ғалымның алматылық кезеңіндегі негізгі еңбектері қатарына «Оқыту процесіндегі студенттердің танымдық іс-әрекетін басқару» (2002), «Оқыту процесінің психологиялық құрылымы» монографиясы

(2004), «Жалпы психологияға кіріспе» және «Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар» атты оқу құралдарын (2007) және «Психология» оқулығын жатқызуға болады. Университеттің студенттер мен магистранттар арасында әсіресе, профессор С.М. Жақыповтың алғашқы екі еңбегі кеңінен танымал. Бұл кітаптар оқу процесінде қолдан түспейтін оқулықтарға айналды. Жалпы бұл еңбектер тек университеттік студенттер ғана емес, сондай-ақ еліміздегі оқытушылар мен аспиранттар, ізденушілер үшін де құнды дүние. Аталмыш еңбектер олардың психологиялық ойлау жүйесін әдеқайда биік деңгейге көтерді.

Жалпы этнопсихология проблемаларын ғылыми тұрғыда зерттеу тәуелсіздігін жаңадан алған мемлекеттер үшін өте өзекті әрі маңызды тақырып еді. Өйткені, отарлауға ұшыраған халықтарға тән ортақ тағдырды қазақтар да басынан кешірді. Кеңес империясы құрамындағы автохтон халық – қазақтардың этностенуінің күллі элементтері деформацияға ұшыраған еді. Ана тілін білмейтін қазақтар тобы пайда болды. Лингвистикалық сәйкестіліктің болмауы тұлғадағы мәдени-психологиялық айырмашылыққа әкелетіні байқалды («маргинал тұлға» мәселелері туындады). Тәуелсіздік алған соң ғана қазақтардың реэтностену процесі жүре бастады. Мұның өзі этнопсихологиялық зерттеулерге қатысты үлкен қоғамдық сұраныс тудырды. Кафедра сол сұраныстарды қанағаттандыруға тырысты.

Көрнекті ғалым С.М. Жақыпов еліміздегі этнопсихология саласын эксперименттік деңгейге көтеруге үлкен үлес қосты. Ол виртуалды тәуелсіз айналымын қолдану негізінде этнопсихологиялық эксперименттің жаңа технологиясын жасап шығарды. Этнопсихологиялық құбылыстарды зерттеуде виртуалды моноэтностық топтарды эксперименттік-диагностикалық модельдеу әдісі эксперименттік психология мен этнопсихологияны қарсы қойған вундттық түсінікті жеңуге мүмкіндік берді. Этносаралық қарым- қатынаста көрінетін этностық жаңсақ наным ерекше мағыналық бөгеуілдің (барьер) нәтижесі екендігі эксперименттік түрде дәлелденді. С.М. Жақыпов эксперименттік этнопсихологияның ұғымдық қорына жаңа аталымды қосты. Ғылыми айналымға қазақша «этностық жаңсақ наным» деп аударылып жүрген орыс тіліндегі «этническое предубеждение» деген терминді енгізді (біздің ойымызша, оны «этностық ілкі наным» деп аударған жөн сияқты). Бұл ұғым психологиялық мазмұны жағынан «құндылық бағдар» мен «этностық таптаурын» ұғымдары арқылы сипатталатын құбылыстардың арасында жатыр.

Педагогикалық психология саласында С.М. Жақыпов оқыту процесіне байланысты өзіндік психологиялық ерекшелігі бар концепция ұсынды. С.М. Жақыповтың пікірінше, оқыту процесінің тиімділігі көрсеткіші оқытушы мен оқушының арасында қалыптасатын бірлескен диалогтық танымдық іс-әрекет болмақ. Ал оның дамуындағы жоғарғы деңгей қатысушы субъектілердің бірлескен ойлау іс-әрекетке жету болып табылады. Ұсынылып отырған оқыту процесін талдаудың тұжырымдамалық үлгісі бұрын белгілі болған технологиялардан экологиялық сәйкестілігі жағынан тиімді ерекшеленеді және оқытудың жаңа ақпараттық технологиясын жасауға мүмкіндік беріп отыр.

С.М. Жақыпов Қазақстандағы психология ғылымының институционалдануы мен жоғары білікті психолог кадрларды даярлауда айтарлықтай еңбек сіңірді. Оның жетекшілігімен 58-кандидаттық, 7 докторлық диссертация және 4 PhD диссертациясы қорғалды. Сондай-ақ, ғалым қолданбалы психологияны елімізде кең қанат жаюына үлкен ықпал етті. Ол отандық психологияның түрлі салалары бойынша көптеген еңбектің авторы (тек көлемді еңбектерінің ішінен 3 монография, 4 оқулық, 18 оқу құралы, отызға жуық оқу-әдістемелік құралдарын атап өтуге болады). С.М. Жақыповтың еңбектерінде психология ғылымының қазіргі өмірдің алдына қойған күрделі міндеттерін шешуге бағытталған жауаптар барын айтып кету керек, бұл оның ғылыми-психологиялық мұраларының өзектілігін көрсетеді.

Мақаланы қорыта келсек, психология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының ҰҒА академигі, «Жоғары оқу орнындарының үздік оқытушысы» номинациясының жеңімпазы, М.В. Ломоносов атындағы МГУ-дің құрметті профессоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы және этникалық психология кафедрасының профессоры С.М. Жақыпов еліміздегі психология ғылымының дамуына зор үлес қосты.

Әдебиеттер

1. Ломов В.Ф. Методологические и теоретические проблемы психологии. – М., 1984. – 444 с.
2. Джакупов Сатыбалды Мукатаевич. Психологическая структура процесса обучения: Дисс.доктора психологических наук. – М., 1998. – 356 с.

2 СЕКЦИЯ

Этнопсихологиялық және этнопедагогиялық зерттеулер Этнопсихологические и этнопедагогические исследования

Алдашева Г.Х.

(Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ

Этнопедагогикалық бағыттағы зерттеулерде Қазақстан Республикасындағы саяси, әлеуметтік өзгерістер мен жаңғырулар және мемлекеттің дамуындағы жаңа стратегиялық бағыттар білім беру құрылымына тың талаптар қоюмен қатар, Қазақстан азаматының білім деңгейі мен әлеуметтік құзреттілігі, рухани адамгершілік тәрбиені дамыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың роліне баса назар аударылуда.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Тәуелсіз елдің жаңа кезеңін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы арқылы көрсете отырып, ұлттық құндылықтарымыз, мемлекеттің құрылымы, қазақ елінің тарихи мұралары мен мемлекеттік тіл және жастардың білім алу жолындағы жарқын болашағын жақсарту мәселесі жан-жақты сөз болады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Біздің бүгінгі ең басты мақсатымыз – елімізді дамыған 30 елдің қатарына енгізуде жастарға білім берудің жаңа деңгейіне аяқ басуымыз қажет. Сондықтан қазіргі заманға сәйкес жаңғыру, оның ішінде рухани жаңғыру мәселесі – халықтың, қазақтың үлкен, ұлы мәселесі және негізгі ұстанымы – ұлттық код – рух мәселесін көтеру керек» – деп тұжырым жасайды. [1]

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы – оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері, рухани адамгершілік пен тәрбие беру болып саналады. Рухани-адамгершілік мәселелерін әртүрлі тарихи кезеңдерде түрлі саладағы ғалымдар көтеріп отырды (Н.А. Бердяев, М.Х. Балтабаев, В.В. Зеньковский, В.И. Слободчиков, В.А. Сухомлинский, К.Д. Ушинский, С.А. Ұзақбаева, К.Ж. Жантүреева, С.Л. Франк және т.б.). Олардың көбісі өз ғылыми позициясын, мақсаттарын ұстана отырып руханилық ұғымына өз анықтамаларын берді. Қазақстандық ғалымдар бұл салада біраз ізденістер жүргізіп К.Ж. Қожахметова «Духовно-нравственное воспитание школьников», М.Х. Балтабаев «Үздіксіз білім беру жүйесінде оқушыларға рухани-өнегелі тәрбие берудің Концепциясы», С.А. Ұзақбаева «халық педагогикасы негізінде руханилыққа тәрбиелеу» тұжырымдамаларын ұсынды [5,6,7].

«Адамгершілік» – адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәнделес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез – құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез – құлық пен қарым- қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани – адамгершілік тәрбие – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін мақсатты, жүйелі, ұлттық көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез- құлықтағы адами тәртіп пен рухани дағдыны қалыптастыратын жалпы азаматтық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Адамгершілік тәрбиенің бүкіл жүйесі гуманистік мазмұнға толы, рухани негізде жеке адамның жан- жақты дамып жетілуіне бағытталған. Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.

- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.

- Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Мектептегі, ұжымдағы, отбасындағы рухани адамгершілік тәрбие баланың Отанға деген махаббатын, еңбекке тағы да басқа нәрселерге қатынасын қалыптастырады. Рухани адамгершілік тәрбие беруде адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс -әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Халық педагогикасы да дүниеге келген жас сәбидің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, батырлар жыры, лиро – эпостық жырлар, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял- ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие беру кілті – халық педагогикасында деуге болады. Халық педагогикасындағы негізгі бір қағидасы бойынша баланың тәрбиесі туған, өскен ортаға, ата анаға, үлкендерге, олардың

үлгісіне байланысты екенін білеміз. Мәселен: «Жібекті түте алмаған жүн етеді, баланы күте алмаған құл етеді», «Бала айналасына қарап өседі», -дейді халқымыз. Алайда асырау мен асыл тәрбие беру екі түрлі мәселе. Сондықтан да халық «Жігіттің тентек болмағы биінен, баланың тентек болмағы - үйінен», «Ұяда нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің», деуі арқылы бала тәрбиесінің өскен ортаға байланысты екенін атап көрсеткен.[3.121,]

Абайша айтқанда еңбек сүйгіштік – адамгершілік қасиет, сол себепті адам болғысы келген жанның бәрі де адал еңбек істеулері керек. Тек еңбек қана адамды адам етеді, материалдық молшылық жасайды, рухани қайрат береді, «Адалдыққа, адамгершілікке тырысушылық, – деп жазады Абай, – биік дәрежедегі сананы туғызады, сана адамның адамшылығын, ақыл-ойын және ғылымға деген қызығушылығын туғызады.»[2].

К.Д. Ушинский: «Тәрбие- деп жазды, адам деңгейін өсу қарқынын тездетеді – оны адамгершілік, ақыл-ой, дене, еңбек тәрбиесі рухында жоғары сатыға көтеретін педагогикалық тұрғыда дәлелдесе»[8,245], дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиісті, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын», - деген болатын.[3]

Этнопедагогикалық білім арқылы тәрбие берудің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Бұл жерде айта кететін бір мәселе, ол – мектепте білім беру сапасының еліміздің интеллектуалдық әлеуетінің негізі болып табылатындығы. Осы мәселе жөнінде профессор А.Құсайынов: « ... жақсы білім беру жүйесі болу үшін мемлекет бай болуы керек. Бірақ жақсы білім беру – елдің жақсы жағдайының арқасы екені анық бола тұра , жақсы білім беру – көп шығындарды талап ететіні шындыққа жанаспайды. Мысалы, Грекия мен Оңтүстік Кореяда мемлекет бір оқушыға есептегенде шамамен бірдей қаржы бөледі, бірақ, Оңтүстік Корея алғашқы үштікте де Грекия тізім соңында тұр», - деп жазады.[4] Яғни, рухани адамгершілік тәрбиені дамыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ролі мен оқушылардың білімі мен білігін бағалаудың әлемдік жүйесі мен әлемдік көшбасшы білім беру жүйесінің арасында ажырамастай байланыс бар екендігі айқын көрініп тұр. Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын сонау ерте заманнан келе жатқан ата-бабалар салт-дәстүрімен, халықтық мұраларымен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің өзекті мәселелеріне айналып отыр. Себебі ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы «зергерлік» ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, тәлім-тәрбиелік ойлар.

Ұлттық ойындарымыз халықтық мұраларды болашақ мамандарға дене тәрбиесін беруде пайдалану дене мүмкіндіктерін тәрбиелеп қана қоймай, ақыл-ой жұмыс қабілетін қалыптастырып, рухани-адамгершілік сезімдері арқылы шығармашылық күш-жігерін толық мәнінде көрсетуге әсер етеді. Еліміздің қоғамдық-экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге байланысты саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени, рухани жағдайлар жастарды тәрбиелеу мәселесін дұрыс бағытта ойластыруды талап етуде. Бүгінгі таңда халқымыздың тарихи мұраларын оқып-білу, қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру өмір қажеттілігінен туындап отырған әрқайсысымыздың азаматтық, перзенттік парызымыз. Сондықтан ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу, халық педагогикасымен болашақ мамандарымызды сусындату жоғары оқу орындары оқу-тәрбие үрдісінің негізгі міндеттерінің бірі. Этнопедагогиканың ролі арқылы әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлылық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін, әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасын сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білумен қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады.

Рухани кемелдену осынау процестің қаншалықты жүйелі, жемісті жүргізілуіне, саяси, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік факторлармен қатар этнопедагогиканың ролі де сол процеске қаншалықты қолайлы жағдай жасалуына тәуелді. Міне, осы ретте рухани кемелденуге бастайтын рухани қажеттілікті – адамгершілік мұрат мәселесі еш уақытта күн тәртібінен түсіруге болмайтын мәңгілік көкейкесті проблемалардың бірі. Сонымен бірге, оқу орындарының оқу-тәрбие тәжірибесін бақылау барысында жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселесі этнопедагогикалық тұрғыдан жеткілікті зерделенгенімен, бүгінгі күнде болашақ ұрпақтың адамгершілік қасиеттерін, халық педагогикасының тағылымдарын пайдаланып, жастардың адами тәрбиесін қалыптастыру қажеттілігі арасында белгілі бір дәрежеде кейбір қайшылықтар туып отыр. Сондықтан қазақ этнопедагогикасы негізінде болашақ ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу біздің зерттеу проблемамызды

айқындауға себеп болады. Қазақ этнопедагогикасының алтын дінгегін адамгершілік тәрбиесі құрайды. Адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына байланысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамгершіліктің негіздері: кісілік, ерлік, табандылық, мақсаттылық, ұлттық намысты қорғау, қоғамшылдық, азаматтық борышты сезіну, құқықтық нормаларды іске асыру, отансүйгіштік т.б. адамгершілік тәрбиесінің нәтижелері болып табылады. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде, адамның игілігі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада да қолданылады.

Қорыта айтқанда, этнопедагогика пәні арқылы ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал міндеті рухани- адамгершілік тәрбиені дамыту мен тәрбиелеудегі халықтық педагогиканың ролі арқылы ұлттық тәрбиенің дінгегі – қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы «Егемен Қазақстан» газеті, 12 сәуір 2017 жыл.
2. Қалиев С. Ғалым алған асулар. Алматы, 2004
3. Қалиұлы С. Ой үндестігі «Абай» журналы, №3, 2015, 8-11 б.
4. Кусайнов А.К. Качество образования в мире и в Казахстане. Алматы, 2013г.
5. Қожахметова К.Ж. Проект Концепции Духовно-нравственного воспитания школьников (педагогический и этнопедагогический аспекты). – Алматы, 2002. 19 с.
6. Балтабаев М.Х. Үздіксіз білім беру жүйесінде оқушыларға рухани-өнегелі тәрбие берудің Концепциясы. – Алматы, 2002, -27 б.
7. Ұзақбаева С.А. Халық педагогикасы негізінде руханилыққа тәрбиелеу. – Алматы, -2003. -17 б.
8. Мұханова Б.Ж., Ильясова Р.Қ. Этнопедагогика: Оқу құралы. Астана: Фолиант, 2008.

Делова Л. А.

(Россия, Республика Адыгея, г. Майкоп, Адыгейский республиканский институт гуманитарных исследований имени Т. М. Керашева)

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ В СФЕРЕ СОЦИАЛЬНОЙ ПЕРЦЕПЦИИ

Как известно, показателями межэтнического взаимодействия в сфере социальной перцепции является толерантность–интолерантность.

Для изучения особенностей социальной перцепции лиц, заключивших моно- и межэтнический брак, была разработана анкета, состоящая из 25 вопросов. Параллельно с анкетированием использовался метод глубинного нестандартизированного интервью. Было опрошено 135 респондентов (состоящих в межэтническом адыго-русском браке; адыги, русские, состоящие в моноэтническом браке).

Ставилась задача: выявить особенности социальной перцепции респондентов.

Этническая толерантность в сфере социальной перцепции понимается нами как терпимость, приемлемость в межкультурных взаимодействиях.

Для выявления этнической толерантности необходимо было выявить, описать и сравнить автостереотип и гетеростереотип трех групп испытуемых, обратив особое внимание на его аффективный аспект.

Этнические стереотипы – это относительно устойчивые представления о моральных, умственных, физических качествах, присущих представителям различных этнических общностей. В содержании этнических стереотипов, как правило, зафиксированы оценочные мнения об указанных качествах. Стереотип имеет несколько компонентов. Один из основных – оценочный. На основе оценочных критериев познания представителей иноэтнических групп этнический стереотип может быть как позитивным, так и негативным.

В социальной психологии выделяют 4 основных функции социального стереотипа: две – на индивидуальном уровне и две – на групповом. На индивидуальном уровне реализуются следующие

функции – когнитивная (схематизация, упрощение) и ценностнозащитная (создание и сохранение положительного "Я – образа"). На групповом – идеологизирующая (формирование и сохранение групповой идеологии, объясняющая и оправдывающая поведение группы) и идентифицирующая (создание и сохранение положительного группового "мы – образа").

Стереотипы защищают групповые ценности. Так, по мнению американских психологов Ла Виолеты и Силверта: "Выбор, детализация и наполнение стереотипа в процессе его формирования и структурирования может объясняться не только личностными потребностями или психологическими механизмами, но, кроме этого, также процессом сохранения своей идентификации с группой и своего с ней статуса" [1, с. 120].

Этнический стереотип, будучи разновидностью социального стереотипа, обладает его общими признаками в превосходной степени: он жестко фиксирован, эмоционально насыщен, трудно поддается произвольному изменению.

Этнические стереотипы складываются в исторической практике межэтнических отношений.

Этнический стереотип может служить индикатором состояния межэтнических отношений. Это находит свое отражение в авто- и гетеростереотипах. Многие работы, посвященные этническим стереотипам, находятся под влиянием теории этноцентризма, согласно которой представители иноэтнических групп воспринимаются негативно (отрицательный гетеростереотип) при положительном автостереотипе.

Это определяет понимание природы этнических стереотипов как основанных на якобы изначально присущих представителям этнических общностей чувствах превосходства, враждебности или отчужденности по отношению к представителям иных этнических общностей или групп.

Тем не менее этнические стереотипы (гетеростереотипы) далеко не всегда несут в себе негативное отношение к представителям иных этнических групп, хотя они возникают на основе субъективного восприятия представителей иноэтнических обществ. Субъективизм восприятия основан на феномене противопоставления. Его реализация осуществляется на базе психологического принципа "всякое противопоставление объединяет, всякое объединение противопоставляет".

Количество межэтнических контактов оказывает определенное воздействие на восприятие представителями разных этнических групп друг друга, на оценочные критерии познания представителей иных этнических групп. Известно: чем чаще контакты представителей данного этноса с другими в процессе деятельности, тем более высок уровень толерантности, тем более терпимы они к представителям других этносов.

Оценивая позитивные (этноинтегрирующие) и негативные (этнодифферецирующие) компоненты авто- и гетеростереотипов, исходным были положения о том, что:

- преобладание негативных компонентов гетеростереотипа и одновременно позитивных автостереотипа – о вхождении ее носителя в свою этническую общность, об этноцентризме его носителя, об этнической интолерантности (нетерпимости);
- преобладание позитивных компонентов гетеростереотипа при одновременном сохранении положительной направленности автостереотипа – об этнической толерантности его носителя;
- преобладание позитивных элементов гетеростереотипа и одновременно – негативных элементов автостереотипа – свидетельствует о вхождении его носителя в иную этническую общность, о выходе из своей этнической среды, об отрицании ценностей своего этноса.

В работе для изучения авто- и гетеростереотипов применена модифицированная методика Катца и Брели (Лебедева Н.М.), согласно которой необходимо было назвать 5-6 определений, характеризующих представителя своей и иной этнической общности. Оценивалась их позитивная и негативная направленность.

Вторая методика – модифицированная методика "Метода этнических стереотипов" – "Метод выявления межкультурных заимствований". Этот метод был разработан и применен для выявления адаптации переселенческих групп в инокультурной среде* (Лебедева Н.М.) В нашем исследовании "Метод выявления межкультурных заимствований" применялся для выявления социально-перцептивных представлений о взаимных культурных заимствованиях у респондентов, состоящих в моно- и межэтническом браке. Опрашиваемым задавался вопрос: "Как Вы думаете, живя долгое время рядом, что заимствовали адыги у русских? А русские у адыгов?"

Оценивалась позитивная или негативная направленность полученных ответов, а также их содержательная сторона. Показателями толерантности обследуемых – маркерами – были ответы на открытые вопросы анкеты о национальных предпочтениях в выборе брачного партнера: "Как Вы считаете, национальность в браке не имеет значения; национальность в браке не имеет значения, если будут соблюдаться обычаи; своя национальность предпочтительна, но не обязательна; межнациональный брак нежелателен." Самоидентификация респондентов, а также их этническая

толерантность определялась с помощью модифицированного варианта методики Катца и Брели, метода выявления межкультурных заимствований.

Эмпирические данные, полученные с помощью методик Катца и Брели, свидетельствуют: большая часть испытуемых всех трех групп имеет положительный гетеростереотип.

Однако в разных группах респондентов соотношение позитивных, негативных и нейтральных (там, где соотношение позитивных и негативных оценочных компонентов одинаково) различается:

Направленность оценочных компонентов этнических гетеростереотипов:

Направленность оценочных компонентов	адыгов, состоящих в моноэтническом браке	русских, состоящих в моноэтническом браке	адыгов, русских, состоящих в межэтническом браке
позитивная	55%	60%	64%
негативная	15%	40%	18%
нейтральная	30%	-	18%

В этническом гетеростереотипе всех групп обследуемых позитивные характеристики преобладают над негативными.

Положительными качествами адыгов русские считают уважение к старшим, гостеприимство, взаимопомощь.

Негативные компоненты гетеростереотипа адыгов: агрессивность, высокомерие, хвастовство, вспыльчивость.

Положительными качествами русских адыги считают доброту, честность, открытость, исполнительность.

Вызывают неприятие такие качества, приписываемые адыгами русским (негативные компоненты гетеростереотипа адыгов): флегматичность, отсутствие взаимопомощи, "не совсем дружны".

Однако в группе респондентов, состоящих в межэтническом браке, гетеростереотип отличается большей позитивной направленностью (64%) по сравнению с этническими гетеростереотипами лиц, состоящих в моноэтническом браке (55% – в группе адыгов, 60% – в группе русских), что свидетельствует о большей толерантности лиц, состоящих в межэтническом браке.

Автостереотип всех групп опрошенных характеризуется большей позитивной направленностью, чем гетеростереотип.

Автостереотип адыгов включает такие качества, как: уважение к старшим; гостеприимство; соблюдение обычаев; взаимовыручка; скромность; гордость; сострадание. Наряду с положительными качествами в автостереотипе присутствует и негативный оценочный компонент: вспыльчивость. Однако позитивные компоненты значительно преобладают в автостереотипе адыгов. В целом автостереотип адыгов в группе создавших моноэтническую семью отличается 100% позитивной направленностью, что свидетельствует о групповой сплоченности.

Автостереотип русских включает такие позитивные компоненты: доброта; открытость; отзывчивость; мягкость. Негативные качества автостереотипа русских, отмечаемые респондентами в группе создавших моноэтническую семью, таковы: пассивность; склонность к выпивке; безалаберность; необязательность; лень; бесшабашность. В целом в автостереотипе русских отмечается преобладание позитивных оценочных компонентов, однако оно составляет 80%. В группе респондентов, создавших межэтническую семью, позитивные компоненты автостереотипа составляют 76%.

Соотношение позитивных, негативных и нейтральных компонентов этнических автостереотипов:

Направленность оценочных компонентов	адыгов, состоящих в моноэтническом браке	русских, состоящих в моноэтническом браке	адыгов, русских, состоящих в межэтническом браке
позитивная	100%	80%	76%
негативная	-	10%	12%
нейтральная	-	10%	12%

Таким образом, анализируя позитивные и негативные компоненты авто- и гетеростереотипов, можно сделать вывод: в группе адыгов, состоящих в мононациональном браке, резкое преобладание позитивных характеристик при почти полном отсутствии негативных, что свидетельствует о выраженности позитивной групповой идентичности респондентов, а также о появлении механизмов социально-психологической защиты.

Соотношение позитивных и негативных компонентов авто- и гетеростереотипов свидетельствует о толерантности всех трех групп обследуемых, однако в группе лиц, заключивших межэтнический брак, этническая толерантность к представителям иной культуры выражена более отчетливо, так как

свидетельство этнической толерантности – позитивный образ своей культуры, при сохранении позитивного образа иной.

Соотношение позитивных компонентов авто- и гетеростереотипов:

	Позитивные компоненты	
	автостереотипов	гетеростереотипов
Адыги, состоящие в моноэтническом браке	100%	55%
Русские, состоящие в моноэтническом браке	80%	60%
Адыги и русские, заключившие межэтнический брак	76%	64%

Модифицированная методика Катца и Брели – "Метод межкультурных заимствований" – подтверждает этот вывод [2, с. 73-79]. Таким образом, респонденты, заключившие межэтнический брак, наиболее толерантны.

Литература

1. Шихирев П. Современная социальная психология США. – М.: Наука, 1979.
2. Делова Л. А. Межэтническая семья в поликультурном социуме. – Майкоп: ООО «Полиграф-Юг», 2009.

Дүйсенова Ж.Қ.

*(Қазақстан Республикасы, Түркістан қ. Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті)*

ІЗГІЛІК ҚАСИЕТТЕР – КӨРКЕМ МІНЕЗ БАСТАУЫ

Өсіп келе жатқан бүгінгі ұрпақты мәдениетті, парасатты, білікті, көрегенді етіп тәрбиелеу, олардың дүниетанымын жоғары деңгейге көтеру, қоғамды ілгерілету үдерісінде адами қасиеттерін дамытуға үлкен мән беру, ұлттық намысы жоғары ұлтжанды өкілдерді тәрбиелеу, ізгілік қасиетке толы мінезі үйлесімді ұрпақ қалыптастыру бүгінгі қоғамның басты талабы.

Әл-Фарабидің пікірінше, тәрбие дегеніміз – адамды этикалық білімге негізделген ізгілікпен және өнермен сусындату. Ол тұлғаны тәрбиелеудің міндеті – оның бойында жақсы қасиеттердің дамуына ықпал ету деп есептеді. Жақсы мінезге ұстамды әрекет ету кезінде қол жеткізуге болады, ал жаман мінез – жан сырқаты.

Әл-Фарабидің ойынша, сезім мүшелері кемеліне толған, құрыштай қисын, тамаша жад, қырағы байқағыштық, өткір тіл, танымға құштарлық, тамақ пен сусынға сұқтанбау, шындықты сүйіп, өтірікті жаны сүймеу, ақша және өзге де өмір игіліктеріне енжарлық (бей-жайлық), әділдік, батылдық, ер жүректілік және т.б. қасиеттерді жинақтай білген адам ғана нағыз тәрбиеші бола алады [1, 108-109 б].

Қ.А. Ясауи еңбектерінде ізгілік мәселелері дінмен байланыста айтылады.

Ғаріп, пақыр, жетімдердің басын сипап,

Діні қатты халайықтан қаштым міне.

Қайда жүрсен көңілі жұмсақ, сыпайы болғын,

Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын.

Қ.А. Ясауи [2, 126 б] мейрімділік білдіру, жанашырлық пен қайырымдылық жасау бұл игіліктің негізі деп түйіндейді.

Абай тарапынан ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек күрделі ұғымдардың өзіне тән ізгілік мағынасы ашылады. Абай жүректі негізінен эмоциялық сезімнің адамгершілік негізіндегі мейрім-шафағаттың қайнар көзі ретінде таниды. Оны адамзат баласының бойында ұялаған ең асыл қасиеттер: мейрім, рақым, әділет, шафағат, ар атауларының қайнар көзі, құтты мекені ретінде қарастырады. Абай өлеңдерінде:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз,-

деп талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – бұл бесеуі нағыз адамдық қасиеттер, адам болудың шарты, ал өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – адам баласының дұшпаны екенін көрсетеді.

Адамның ізгілікті көзқарасы оның сезімінен туындайтыны Ы.Алтынсарин еңбектерінде де көрініс тапқан [3, 208 б]. Ы.Алтынсариннің еңбектері балаларды ізгілікке, білімділікке үгіттейтін, тәрбиелік мәні жоғары педагогикалық шығармалар.

Бүгінде ізгілік – инабат нормалары дегенге сайып келгенде, адамдар арасындағы осынау күрделі өзара қарым-қатынастардағы жарасымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда адамгершілік тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады.

М. Жұмабаев [4, 293 б]: «Адамға қалай да болса, қашан да болса пайда келтіретіндей ой, ләм іс ізгілік»- деп аталады. Ізгілікке ұмтылу жауыздықтан безу адам жаратылысының өзінде бар нәрсе. Кімде-кім өзін, туыстарын, өз елін сүйсе, әсіресе, бүткіл адам баласын бауырым деп білсе, сол адамды ізгі деп атаймыз, өзін-өзі соқыр сезіммен мал да сүйеді дей отырып, адамның адам болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай, жалпы адамзатты сүю шарт екендігіне тоқталған.

Адамның ізгілік қасиеттерін адам болмысына тән анықтай білген Қ.Т. Әтемованың зерттеу еңбегі бізге үлкен қызығушылық тудырды [5, 127б]. Педагог-ғалымның зерттеу еңбегіне сәйкес біздер мұғалімдердің де ізгілік қасиеттері төмендегідей деп білеміз және біз оларды өзгертпей беруді жөн санадық.

1. Жүректің қызметіне тән ізгілік қасиеттер: мейірімділік, қайырымдылық, кешірімділік, қарапайымдылық, ақ көңілдік, кең пейілдік, әділдік, адалдық.

2. Ақылға, білімге тән ізгілік қасиеттер: білімділік, саналылық, терең, ойлылық, мақсаттылық, байқағыштық, сезгіштік, жоғары талап қоюшылық, жоғары идеялылық, зеректілік;

3. Қайратқа, іс-әрекетке тән ізгілік қасиеттер: тіл тапқыштық, көпшілдік, еңбекқорлық, жауапкершіліктік, ептілік, тез шешім қабылдағыштық, белсенділік, сабырлылық (ұстамдылық) [5, 19 б].

Адам өмірінің мәнді де сәнді болуы үшін әрбір адамның ойы таза болып, қызғаныш пен қиянат жасаудан бойын аулақ ұстау керектігі анықталған. Адамның бойында жағымсыз қасиеттері болған жағдайда адамның бойында биохимиялық үдерістер жүріп, жағымсыз қасиеттердің өзі адам ағзасына әсер етіп, өзін ауру, сырқауға ұшырататын көрінеді. Осындай пікірді қолдаған С.Н.Құрбанходжа адамның жағымсыз қасиеттерінің қалыптасуын төмендеше береді. Олар менмендік, дұшпандық, қызғаныш, жақтырмау, ашу, кекшіл, жеке көру, қайғылану, кінәлау, бақталастық, дүниеқұмарлық, қатыгездік, мансапқорлық қайырымсыздық. Адамда жағымсыз қасиеттер туындап, қалыптасады, әрі әдетке айналады.

С.Н.Құрбанходжаев «Әрбір жағымды, жағымсыз жаңалықтың қайсы бірі болмасын бәрі де жіңішке энергия жүйесі арқылы күнделікті ғарышқа жеткізіліп тұрады» деп діни астарын тұспалдап көрсетеді [6, 248 б].

Абу Насыр Аль-Фарабидің (870-950) еңбектерін зерделей келе «Бақыт әрбір адам ұмтылатын мақсат» – деп қорытынды нәтижеге ұмтылыстың құраушылары жөнінде төмендегідей береді:

- әрекеттер, адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін; орнынан тұру, отыру, көлікке міну, көру, есту үшін керекті болады;

- жан аффектілері: құштарлық, рахат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, күйіну, қызғаныш т.б. қажет болады;

- ақыл, парасат адамның бүкіл өмір бойында жинақталады;

- жақсы мінез-құлық пен ақыл күші біріккенде адамның адамшылық қасиеттері артады.

Сондай-ақ мінез-құлық сапалары:

- абзалы (жақсысы) жақсы әрекеттерден тұратынын;

- теріс (оңбағаны, жаманы) жаман әдеттерден жинақталатын құрылымдардан тұрады.

Әдеттерді А.Сейтаховтың төмендегідей құрылымдауы көпшіліктің көңілінен шығады деп білеміз:

- үнемдеу, шамадан тыс үнемдеу, сараңдық және осылардан өзгешеленетіні жомарттық;

- әзілқой, шамадан тыс орынсыз әзіл, мазақтау және осылардан өзгешеленетіні сөзге тапқырлық;

- ұстамдылық (батылдық), шамадан тыс батылдық, көзсіз батырлық және бұлардан ержүрек батылдықты өзгешелейді.

Адамның қасиеттеріне тән зерттеулерді зерделей келе, жақсы, жаман, ізгі, жағымсыз т.б. қасиеттер немесе т.б. атаулардың барын кездестіруге болады.

Адам бойындағы жағымды қасиеті жақсы мінезі арқылы көрініс береді. Олай болса психологиялық қасиеттердің бірі мінезге тоқталып өтейік.

Қазақ халқында көп жағдайда көркем жігіт екен деп адамдардың сыртқы бейнесіне таңданып жатады. Мұсылмандық тұрғыдан алғанда діни білімі бар адамдар шынайы мұсылман болу үшін көркем мінезді болу қажет деп әрбір пенденің ішкі жан-дүниесінің әдемі болғанын қалайды. Қазақтың этнопсихология тарихында жағымды мінез, көркем мінез жайында ғалымдар мен ағартушылар өздерінің еңбектерінде мұра етіп қалдырған Әл-Фараби, Қ.А. Ясауи, Ж. Баласағұн, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, Н. Манаев шығармалары арқылы анық көруге болады.

Қ.А. Ясауи «Диуани хикмет» еңбегінде жалпы мұсылмандар үшін қажетті ислам дінінің парыздарына жан-жақты тоқталған. Осы діни тәрбиелік еңбегінде, ол: 1) тәубашылдық; 2)

ғибадатшылдық; 3) махаббат; 4) сабырлылық; 5) шүкіршілік; 6) ризашылдық; 7) заһидшілдік (анықтық); 8) ғаріптік (мүсәпір, бишара) жүйесімен саралаған. Бұлардың барлығы адам бойындағы жағымды мінез-құлықты айғақтайды.

Әл-Фараби: «Жақсы мінез-құлықпен ақыл-күш болып біріккенде, бұлар адамның қасиеті болып табылады» – деп баға береді.

Мінез – адамның өмір жағдайларына сәйкес және солардың ықпалымен байқалып отыратын, оның тұрақты психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Мінездің қоғамдық психологиялық табиғаты болады, яғни адамның дүниетанымына білімі мен өрісі, тәжірибесі бойынша сіңірген моральдық ұстанымдарына, басқа адамдар тарапынан басшылық жасалуына және олармен белсене араласуына байланысты [7, 153-154 б].

М. Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында мінез туралы былай дейді: «Бір адамның барлық ісін басқа адамдардың істерінен айыратын сипаттар мінез деп аталады. Сондықтан мінез ақылға, яки сезімге байлаулы нәрсе емес, қайратқа байлаулы һәм мінез қайрат деп дәріптеп әрі қарай бөледі. Егер бір адамның қайраты күшті болса, сөзінен ісі айырылмағын, екеуі екі бөлек жайылмайтын болса, ондай адамның мінезі қайратты, күшті, берік мінез деп аталады. Егер де сөз бен ой және іс қабыспайтын болса, ауыз айтқанды қол істей алмаса, ондай адамның мінезі жұмсақ мінез деп аталады.

Мінез адамның жаратылысына қарай тума пайда болады. Тума мінез көбінесе тұқым қуалап келеді» [8, 148 б]. Сондай-ақ адамның өмірлік бет алысын білдіретін, оның бір сыдырғы тұрақты және жеке-дара тұрлаулы қасиет мінезінің екі сипаты барын көрсетеді: бірі – адамның ақиқат дүниеге қатынасы және оны жүзеге асырудың өзіндік амалдары.

Екіншісі – өз әрекетін тәртіпке келтіре алатын өзіндік еріктері. Адам ғұмырының барлық жасындағы мінезіне тәрбиенің ықпалы зор.

Қазақ-түркі және мұсылмандық діни тәлімдік этикада мейірмандылық, сабырлылық, адамгершілік құндылықтарды бір түп негізділікке бағындырып, содан тарату жүйесі болғандығының ой бағыты Н. Манаевтың еңбектерінде көрініс табады. Мысалы: Кабуснамада адамның адамдық қасиетін сипаттайтын құдіретті үш нәрсе бар. Олар: 1) Ақыл; 2) Туралық; 3) Жомарттық [9, 160 б].

Ал, Ж. Баласағұни өзінің ізгілік бағыттағы моральдық жүйесінде қанағат категориясын басты ұғымға айналдырады. Ж. Баласағұни істерді пайдалы нәрсе, пайдасыз нәрсе деп ажырата отырып қарастырады. Пайдалы нәрсеге: ізгі іс, ұят, әділдік қатысты болса, пайдасыз іске: жауыздық, жалған сөз, сараңдық тән болып табылады. Бұлар қазіргі педагогикалық тұрғыдан мінез-құлықтан туындайтын туындылар ретінде де қарастырылады [10, 355 б].

Н. Манаев жеке тұлғаны қалыптастыруда «сегіз көркем мінезді» басты мәселе деп тұжырымдайды.

Уәдеге тұру дегеніміз – айтқанын жұтпау. Мысалы, үйретем деген нәрсені үйрету. Пайғамбарымыз айтқан екен: «Уәдесіз кісі – дінсіз кісі» деп.

«Сабырлы болу» деген тақырыпты ұсынғанда басқа түскен қандай қиындық болса да, шыдамды болу керектігіне тоқталып, «Сабақ оқу қиын жұмыс, оқыған сабақты меңгере алмасаң, одан да қиындай түседі. Күнде сабақ оқу қиын болса да, бір күндері пайдасы тиер деп, қиындыққа шыдап, сабақты мүлтіксіз орындап, сабырлы болу керек деп түсіндіреді. Әрбір адам өзінің мақсат-мұратына жету үшін, өмірдегі күрделі мәселелерді шешіп, қажырлық танытып, табанды еңбек етіп, кездескен барлық қиындықтарға төзімділік көрсетіп, шыдамды болуы қажет.

Н. Манаев жомарт болу керектігін былайша түсіндіреді: «Жомарт болу дегеніміз – мұқтаждарға жәрдем ету. Мысалы, жетім-жесірлерге қарасу, яғни мұндайлардың бірінің киер киімі, ішерге асы жоқ. Киімі жоққа киім, асы жоққа тамақ берсе, жомарт болады. Кейбір адамдар жокшылықтың кесірінен балаларын оқыта алмай қалып, амалсыздан телміріп жүреді. Міне, осындайларға көмектесу, қолының ұшын беру нағыз жомарттықтың ісі деп танимыз» дейді [11, 34 б].

«Таза болу дегеніміз – ластықтан аман болу. Яғни, киімді, отыратын орынды, ішіп-жейтін тамақты, ыдысты таза ұстау. Үйдің (киіз үйдің) айналасын таза ұстау және үй маңына дәрет етпеу. Киіз үйдің жұртын әлсін-әлсін жаптырып тұру. Ақты төкпеу туралы ырым-тыйымдардың, гигиеналық қызметін көрсетеді. Үйдің ішіне су, айран, іркіт, қымыз, тағы басқа ішкен кезде қолды тазалап жуу, асқа шоқ, қылшық-қыбыр, қиқым сияқты нәрселерді түсірмеу».

Көркем мінездің бірі – ұятты болу, яғни, жауыздық қылудан сақтану, ұрлау, өлтіру, серігінің кітабын ұрлап алса, ол шәкірт кітабын ойлап, азап шегеді. Егерде бай баласы болса, сатып алар, ал кедей баласы болса қайтып алмақ, әбден тақыршаққа отырғаны. Бұл жөнінде ұятсыздық пен арсыздықтың жағымсыз қасиеттер екендігі туралы түсінігін шәкірттерге ұғындыра отырып, ізгілікке деген сүйіспеншілігін арттырады. Ұятсыз болу – адам бойына біткен жаман қылықтар. Барлық адам

баласы зұлымдыққа, жауыздыққа қарсы күрес жүргізіп, жаңа дүниеге келген баланың мұндай іс-әрекеттерден таза болуын қадағалаудың тиістілігін тұжырымдайды.

Н. Манаев еңбегінде көркем мінез арқылы діни қағиданы ғана сипаттап көрсетпейді, сондай-ақ, ұлттық мінез-құлық ерекшеліктерді ғылыми негізде талдаған. Ұлттық психикалық құрылым үш бөліктен тұрады: ол – ұлттық сезім, салт-дәстүр және ұлттық мінез. Осы үш бірлестік ұлттық мәдени ерекшеліктің шартты белгілері. Көркем мінез – қалыптасқан жеке тұлғаның бойынан кездесетін адами жағымды қасиеттердің жиынтығы ретінде анықталады. Жас өспірімнің мінез-құлқын тәрбиелеуде ұлттық психология ерекшеліктерін есепке алу, этнопсихологиялық қағидаларға сүйену (М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов) ұсынылады. Н. Манаевтың көркем мінезде қолданған ұстанымдары Аллаға тәубә қылу, шүкіршілік ету, барлығын қанағат тұту сияқты ұғымдарда біріктірілген түсінігіне сәйкес қазақ мәдениетіндегі діни педагогиканың өкілдері: Ж. Баласағұни, Қ.А. Ясауи, т.б. ойшылдардың тұжырымдарымен сабақтастырылған.

Әрбір пенде дүниеге келгенде жақсылық жасау, рахымшылық көрсету, кең пейілді болу сияқты қасиетті құндылықтар адам баласын рухани биікке көтеретіндігі ақиқат.

Рухы күшті адамды жаңылдырудың қиыны оны алдай алмайсың, ол зорлыққа көнбейді, байлыққа мастанбайды, асып-тасуды білмейді, ол қарапайым, ізгі қасиеттері мол иман жүзді, қайырымды, батыл да батыр, білімді де парасатты, сегіз қырлы бір сырлы, өнерлі, қатарының алды, ол мақтауды, марапаттауды жек көреді, ол көреген, алдын болжағыш, қиын-қыстаудан қиналмай өте алады.

Адамның көркем мінезі адами жағымды қасиеттері.

Сонымен біздің ойымызша, *«Ізгілік қасиеттер дегеніміз – адамның ізгі іс-әрекетін сипаттайтын жақсы әрекеттерден, жағымды белгілерден тұратын мінез-құлық сапалары»*. Бұл барлық адамға ортақ ізгілік қасиеттер, яғни жағымды қасиеттер жиынтығы ретінде қарастырылады.

Қорыта келе халқымыздың: «Ұлық болсаң, кішік бол», «Болған адам болдым демес, болдым десе, болғаны емес»- деуі де, адам қанша болып толса да, кемерінен асып төгілмеуі керектігін, кісілігі мен кішілігін, көпке деген ізгілігі мен инабатын үзбей, тіршілік ету тиістігі қажет екендігі туралы айтқан. Сондықтан халықтың бұл өнегесін үлкеніміз де, кішіміз де дәйім естен шығармай, ұлттық тәрбие талаптарына сай өмір сүруге қолдануымыз керек.

Әдебиеттер

1. «Өзін-өзі тану» пәніне кіріспе: оқу құралы. – Алматы, 2007. –140 б. Жұмабаев М. Таңдамалы. -Алматы: Ғылым, 1992. -270 б.
2. Ясауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. – Алматы. 1993. – 260 б.
3. Алтынсарин Ы. Шығармалар толық жинағы. – Алматы: Жазушы. 1988. – Т1. -208 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалары. -Алматы: Жазушы. 1989. – 293 б.
5. Әтемова К.Т. Оқушылардың гумандық қасиеттерін қалыптастыруда мектеп пен отбасы бірлескен ісі. Пед. ғылым канд. дисс. – Алматы. 1988. -127 б.
6. Құрбанходжа С.Н. Ясауитану дәрісінің рухани, мағнауи қажеттілігі мен тәлім-тәрбиелік мәні және Ясауи кереметтері. Оқу құралы. –Түркістан. 2006. -248 б.
7. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология. /жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. –Алматы: Мектеп. 2002. -256 б.
8. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
9. Кабуснама /Өзб. тілінен аударған Т.Айнабеков. – Алматы: Балауса. 1992. – 160 б.
10. Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы: Жазушы. 1987. – 355 б.
11. Манаев Н. Иман – Ислам. – Уфа типографиясы – Восточная печать, 1995. – 34 б.

Еркинбекова М.А.

*(психология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қайнар Академиясы, Алматы қаласы)*

ҰЛТАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Әлеуметтік ғылымдардың өзекті мәселелерінің бірі – ұлтаралық қарым-қатынас процестерін зерттеу болып табылады. Еліміздің әр түрлі аумақтарында жүргізілген, кеңес этносоциологтарының зерттеулері көрсеткендей, түрлі ұлт өкілдері арасындағы қарым-қатынас процесі, олардың арасындағы қатынастардың қалыптасуы шешуші деңгейде кеңестік қоғам дамуының жалпы факторларының әсеріне байланысты. Осы тұста, нақты бір республика, елді мекендерге тән спецификалық ерекшеліктер әсерінің басымдығы да қатар тұрады [1, 49-б.].

Ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі қазіргі кезеңде көптеген философия, әлеуметтану, педагогика, психология ғылымдары ғалымдарының қызығушылығын оятуда. Қарым-қатынас – әр бір политұлғаны дамыту үшін қажетті шарттардың бірі, өйткені қарым-қатынасыз адамзат қоғамының

пайда болуы мен дамуы мүмкін емес. Ұлтаралық және жалпы қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде Э. Бэрнс, Д. Карнеги, С.Дерябо, А.А. Леонтьев, С.А. Арутюнов, Э.А. Баграмова, Ю.В. Бромлей, Л.Н. Гумилев, М.И. Станкин, М.С. Каган, В.А. Кан-Калик, Х.Т. Шерьязданова, Қ. Жарықбаев, Ә. Алдамұратов, С.М. Жақыпов және т.б. көптеген ғалымдар елеулі табыстарға, жаңалықтарға қол жеткізді.

Отандық зерттеуші С.С. Серікжановайқын полиэтностық және поликонфессиялық құрамы бар мемлекет ретіндегі Қазақстан үшін әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу және оны нығайту, тұлғалар, жеке әлеуметтік топтар және қоғам мүшелерін үйлестіру міндеті этностық қауымдастықтардың өзара әрекеттесуінің ұтымды түрлерін этносаралық өзара қарым-қатынасқа түсу мәдениетін жоғарылату мақсатымен тығыз байланысты [2, 14-б.] деп пайымдайды, ал ресейлік бірқатар ғалымдар қазіргі өмірлік жағдайлар көрсеткендей, дамушы полимәдени қоғамда адами өзара қатынастардың ең әлсіз тұстары этностық және этностық бірдейлік болып табылады [3, 82-б.] деген қағидаға тоқталады.

Жалпы этникалық аумақтағы қарым-қатынас, ұлтаралық қатынас мәдениетінің көрсеткіштерін анықтау тұрғысында, сонымен қатар түрлі әлеуметтік-саяси жүйелердегі ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі көптеген зерттеуші-ғалымдардың: А.В. Авксентьев, Т.Ю. Бурмистрова, Н.Н. Гасанов [4, 233-б.], Л.М. Дробижева және т.б. еңбектерінде көрініс береді. Осы тұрғыда Л.М.Дробижева қарым-қатынас құрылымын толық қарастыра отырып, ұлтаралық қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық астарларына талдау жасайды. Ал Т.Ю. Бурмистрова және О.А. Дмитриевтің еңбектерінде қоғамдық өмірдің түрлі аумақтарындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің мәні, процестің қалыптасуы және қызметі туралы қарастырылды.

Аталмыш мәселелер аумағын терең зерттеумен ұлттық психология ғылымы айналысатыны баршаға мәлім. Яғни, ұлттық психология белгілі бір этностар, олардың шығу, қалыптасу, даму, өзгеріске ұшырау және т.б. құбылыстарын зерттей отырып, этникалық мәселердің шығу себептерін анықтау, түзету, алдын алумен айналысады. Ұлттық психология құбылыстарының қалыптасу факторларын ғалым В.Крысько өзінің «Социальная психология в схемах и комментариях» деген еңбегінде көрсетілгендей *саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың* әсерінен ұлттық психика мінездемесінің ерекшеліктері қалыптасады, себебі бұл ерекшеліктер қоғамдық және өндірістік қатынастарға тәуелді. Бұлардың ерекше көріністері әр мемлекеттегі этностық бірлік өкілдері санасының дамуына ерекше белгі қалдырады [5, 111-б.].

Р.Г. Абдудалиповөзінің «Адам. Ұлт. Қоғам» атты еңбегінде, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті кез-келген ұлтаралық қатынастар аумағының қажетті атрибуты бола тұрып, өз табиғатына сай қоғамның рухани өмірінің феномені, яғни ұлтаралық қатынастардың адамгершіліктік, моралды-саяси мәнінің арнайы көрінісі болып табылатынын көрсетеді [6, 143-б.].

Жалпы ұлтаралық қарым-қатынас мәселесі туралы тілге еткенде, қарым-қатынас процесі міндетті түрде «топ», «құжым» «политоп» деген ұғымдармен тікелей байланысып жатады. Ресейлік Ю. Данилевич өзінің ұлтаралық қатынастарды зерттеуге байланысты ғылыми жұмысында ұлтаралық қарым-қатынастардың пайда болуына байланысты өз ойын былайша білдіреді: «сауда-саттық және мемлекеттер арасындағы соғыстар нәтижесінде пайда болған ұлтаралық қатынастар, адамдардың өзіндік ұлттық психикалық ерекшеліктерінің бекуіне әсер етті. Капитализмнің дамуы, яғни ұлттың толық қалыптасуы барысында әр ұлт өкілдері психологиясы өздеріне тән спецификалық көрінісіне ие болды». [7, 6-б.]

Ал Л.К. Көмекбаеваның пікірінше, «көп ұлтты мемлекеттегі күнделікті қарым-қатынас процесінде этнопсихологиялық факторларды ескеріп, құру қажет. Бөтен халықтар мәдениетінің этнопсихологиялық тұрғысымен танысуы – олардың өзінің сол халыққа тиістілігін жете түйсінуі жақсы түсінуге алып келеді» деген ойын ортаға салады [8, 17-б.]. Осы тұрғыда, ұлтаралық қарым-қатынас мәселесін терең зерттеу үшін, алдымен «этнос» ұғымының мәнін ашу қажеттілігі туындайды.

Этнос және ұлтаралық қарым-қатынас мәселелерін зерттеуде С.А.Арутюновтың, Э.А.Баграмовтың, Ю.В.Бромлейдің, Л.Н.Гумилевтің және т.б. көптеген ғалымдардың этнологиялық теориялары этносаралық қатынас мәнін терең түсініп және аталмыш процестің ерекшеліктерін анықтауда маңызды орын алады.

Жалпы көптеген этнограф-ғалымдар мен зерттеушілер қай этностың болмасын ұлт болып қалыптасуы үшін төмендегі факторлар қажет деген тұжырым ұсынады:

- оның құрамына енген адамдар отбасының материалдық тұрмыс жағдайлары;
- территориясы мен экономикалық өмірі;
- тілі мен мәдениеті;
- сол ұлтқа тән кейбір психологиялық-этникалық ерекшеліктері.

Әр этностың өзіндік этникалық ерекшелігіне тән психикалық құрылымы болатыны белгілі. Олар: ұлттық сезім, салт-дәстүрлер және ұлттық мінез. Ю.В. Бромлейдің қағидасы бойынша: «адамзат – ол халықтар». Осы қағидаға байланысты ХХ ғ. екінші жартысында басылым беттерінде «этнос» мәселесіне байланысты ғылыми жарияланымдар көптеп шыға бастады [9, 5-40-б.]. Бұл мәселе, кеңестік дәуір кезеңінде этникалық факторларға баса назар аударылмауына тікелей байланысты болды. Сондықтан, «этнос», «этникалық» терминдерін А.В. Сухарев, В.В. Тихомин, А.А. Шапорева сияқты ғалымдар жаңа ұғымдар қатарына жатқызады, ал негізінде аталмыш ұғымдар алғаш рет Оксфорд сөздігінде 1972 ж. тіркелді [10,37-50 б.].

Жалпы алғанда, этнос – этникалық өзіндік сананың ықпалынан, алдымен, этникалық тиістіліктен, сананың констатациялау іс-әрекетінен құралады. Ұлттың пайда болуы – объективті тарихи дамудың нәтижесі емес, ұлттық, тілдік, территориялық, мәдениеттік қауымға индивидуумдардың психикалық (саналы не санасыз) іс-әрекет өнімі ретінде ұғынылады.

Көтеріліп отырған мәселе бойынша әдебиеттерге шолу жасау ғылыми зерттеулердің мына бағыттарын көрсетті: этностар өмір сүру барысындағы мекен ететін жері рөлі мәселесі негізі туралы П.И. Кушнер, этностардың тарихи типологиясын С.А. Токарев, этникалық қауымдастықтың мәселесі мен этникалық сана-сезімді М.Г. Левин, этностың биологиялық даралығын Л.Н. Гумилев, этностың мәдени ерекшелігін Н.Н. Чебоксаров, этнос мүшелерінің эндогамиялық тектестігін Ю.В. Бромлей, этностың территориялық және экономикалық байланысын В.И. Козлов, этнос аралық синхронды және диахронды байланыстардың маңызын С.А. Арутюнов, этнос аралық кірігу немесе ассимиляция жайында В.К. Гарданов, И.С. Гуревич сынды ғалымдардың еңбектері «этнос» сөзінің мән-мағынасын анағұрлым тереңдете түседі.

Ал, Қазақстан Республикасының күрделі этносаяси құрылымына зерттеуші Әбсаттаров Р.Б. төмендегідей нақты ғылыми анықтама береді: «Қазақстан Республикасының этносаяси құрылымы дегеніміз – ұлтаралық қатынастың және бірыңғай мемлекеттің көп ұлтты құрамын құраушы дос пейілді ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этникалық топтардың өкілдері арасындағы қатынастардың жиынтығы мен әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың жиынтығы мен әлеуметтік-этникалық қауымдастықтардың дамуын ұйымдастыру жолдары болып табылады» [11, 10-б.].

Қазақстан жағдайында этнос пен мәдениет саласының әр түрлі мәселелерін зерттеген ғалымдар А. Сейдімбек, Г.К. Шалабаева, Ж.К. Каракузова, Ж.О. Артықбаев, ұлттың табиғатын А. Айталы т.б.; ал психологиялық жағынан Қ.Б. Жарықбаев, С.М. Жақыпов, М. Итбаев, О.Х. Аймағанбетова және шетелдік ғалымдар З. Фрейд, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, К.К. Платонов, Б.Г. Ананьев, Л.С. Рубинштейн, А.Г. Ковалев, М.С. Коган, Г.М. Андреева, А.Г. Асмолов және т.б. қарастырған.

Аталмыш зерттеу жұмыстарында «этнос» және «этнос аралық қарым-қатынас» мәселесі жан-жақты зерттелінген. Ғалымдардың мәдени аралық кеңістігіне шығу әрекеттері әдістемелерді дамытудың магистралды бағытын анықтады.

Ал С.М. Борбасов өз монографиясында «ұлттық қатынастар – өте күрделі әлеуметтік-саяси категория» деп анықтама берсе [12, 6-б.], «Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы» атты еңбек авторлары «ұлтаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру ойдан емес, өмірден алынуы тиіс» деп тұжырымдайды [13, 7-б.]. Ұлтаралық қатынас мәдениеті, ең алдымен, көпэтносты, не моноұлттық болып келетін қатынас ортасына тығыз байланысты болады. Сондықтан ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың принциптерін жете ұғыну қажет. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытудың негізгі принциптері ретінде Т. Сарсенбаев жоғарыда аталып өткен еңбегінде: «өзге этностық қауымдастықтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін, тілі мен мәдениетін сыйлау; өндірісте және тұрмыста, қоғамдық өмірде әдеп сақтап, кез келген ұлттың өкілдеріне сыйластықпен қарау; төлтума этномәдениетті сақтап, дамытуға қамқор болу; ұлтаралық қарым-қатынас тілдерін меңгеру; әрбір этностық қауымдастықтың талантымен дүниеге келген бағалы атаулының барлығына, жалпыадамзаттық құндылықтарға еркін қол жеткізу» мүмкіндігін көрсетеді.

Ойымызды қорытындылай отырып, қарым-қатынас адам өмірінде ауадай қажет әрі, өз бетінше белсенді әрекет ету формасы ретінде жүзеге асырылады. Бірақ көп жағдайларда тәжірибелік әрекеттерге кіріктіріледі, себебі белсенді, жан-жақты қарым-қатынассыз ол мүмкін болмас еді. Адам дамуы, оның тіршілік етуі, оның айналамен байланыс жасауы қарым-қатынассыз мүлде мүмкін емес. Сонымен қатар, «коммуникативтік кәсіп» субъектілерінің, яғни соның ішінде полимәдениетті ұжымдарда жұмыс атқаратын педагогтардың қарым-қатынас жасай білу құзыреттіліктерін дамыту мәселесіне баса назар аудару қажет. Қазақтың ұлы ақыны, философы Абай Құнанбаев: «адам өміріндегі ең ғажайып нәрсе – оның басқа адамдармен қарым-қатынасы» деген қағидасы қарым-қатынастың адам өміріне өте қажет екендігінің дәлелі.

Әдебиеттер

1. Оганджян Р.С. Некоторые вопросы формирования этнических стереотипов в мононациональной среде.// Психологический журнал. Том 10. №1. 1989. с. 49-55.
2. Серікжанова С.С. Этносаралық қатынастарды нығайтудағы бұқаралық ақпарат құралдарының ролі.// Вестник НАПК, 2007, №2. 14-19 б.
3. Сухарев А.В., Бухарева С.Л. Особенности этнической идентичности подростков в этнически ориентированных учебных центрах.// Вопросы психологии. 2005. №6. с. 82-90.
4. Гасанов Н.Н. О культуре межнационального общения //Социально-политический журнал. 1997. № 3. С. 233; Он же. Особенности формирования культуры межнационального общения в многонациональном регионе //Педагогика. 1994. № 5. С. 12.
5. В.Крысько. Социальная психология в схемах и комментариях, СПб.: Питер,2003ж.,-286 с.:ил.
6. Абдуталипов Р.Г. Человек. Нация. Общество. –М.: Политиздат, 1991. -224 с.
7. Данилевич Ю. И. Влияние национальной психологии на поведение казахов в конфликтных ситуациях: Дисс.к.псих.н. по спец.:19.00.05./(МГСА).–Москва, 2001г. -179 с.
8. Көмекбаева Л. К. Мұғалімдірдің этникалық өзіндік санасының психологиялық ерекшеліктерінің көрінісі: 19.00.01 б/ша психол.ғ.к.дисс. –Алматы, 2002ж.-135 б.
9. Бромлей Ю.В., Подольный Р.Г. Человечество – это народы.М.:Мысль,1990.
10. Сухарев А.В., Тихомин В.В., Шапорева А.А. Этнофункциональный подход в детской онкологии. //Вопросы психологии. №6. 2002г. С.37-50./
11. Абсаттаров Р.Б. Национальные процессы: особенности и проблемы. – Алматы: Ғылым, 1995. -248 б. /114; 99-б.б./
12. Борбасов С.М. Қазақстандағы ұлттық процесстер және ұлт саясаты. //Монография. Семей, 1995ж. -177 б.
13. Кішібеков Д.К., Кішібеков Т.Д. Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің қалыптасуы. – Алматы: «Білім» қоғамы, 1990. -44 б.

Игумнова О.В.

(Республика Казахстан, г. Алматы)

ДУАЛИСТИЧЕСКИЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ В СКАЗКАХ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ НАРОДОВ

*Не бывает в наши дни чудес на свете!
Для тех, кто не верит в них сам.
Нет кощей: это знают даже дети!
А сказки живут тут и там.
В.Луговой*

Сказка – это то, что реально существует, передается из поколения в поколение, изучение сказок, мифов, орнаментов позволяет лучше понять происходящее, как с каждым отдельным человеком, так и со всем обществом в целом. Сказочные сюжеты позволяет легче интерпретировать происходящее с человеком, т.к. являются проявлением коллективного бессознательного. М. Габдуллин в своей работе пишет: «Сказки, отражающие быт и обычаи народа, возникли не в одно столетие. Они – плод творчества многих поколений. Среди них имеются возникшие и в древние времена, и в последующие эпохи» [1].

Сказки – это голос предков, звучащий через время, передавая вековую мудрость, являясь непосредственным отображением психических процессов коллективного бессознательного. Информация зашифрованная в сказочных сюжетах передается и усваивается как на сознательном, так и на бессознательном уровне, проявляясь в сновидениях, ассоциациях и отражая базисные паттерны психики.

Все это трудно постичь с помощью современного научного способа мышления. Одно из правил научного подхода – считать объект известным лишь в той степени, в какой исследователь, способен высказывать о нем научно обоснованные утверждения. Слово «обоснованные» в данном случае означает, что они могут быть подкреплены фактами. Несмотря на значимость психологии в личной и общественной жизни, она почти не располагает средствами доказать свою значимость в научном смысле. Можно жаловаться на эту неспособность науки, но все равно это не даст ей возможности перепрыгнуть через собственную тень [2]. Однако сказки, по своей ценности для научного исследования, превосходят любой другой материал, т.к. в отличии от академических знаний, они учитывают эмоционально-чувственную составляющую процессов, соединяют не соединимое и разъединяют неделимое. В сказке одно переходит в другое, свет переходит в тень и обратно. В сказках всегда существуют полярности, о которых говорил К. Г. Юнг во многих своих работах.

Если посмотреть на Казахстан, то можно найти много исторических, социальных и даже рельефных проявлений дихотомии: величественные и практически безжизненные ледяные вершины

гор, где только в небе парят соколы, сменяются лугами и лесами наполненными жизнью, которые через несколько километров сменяются пустынями и совершенно безжизненными солончаками. Зеркальные озера и быстрые реки по соседству с песчаными барханами. Города с развитой инфраструктурой и через каких-то двадцать километров аул, где единственное средство передвижения маленькие, упрямые ослики. Страна, где на одной улице расположены православный храм и мусульманская мечеть и где люди, независимо от вероисповедания могут зайти зажечь свечу в православном храме или попросить милости у аллаха в мечети. Дуальность которая с одной стороны порождает конфликт, а с другой стороны обогащает, создавая уникальные и неповторимые переплетения в человеческом сознании.

В казахских сказках также прослеживается дуальная форма организации человеческого общества. Главными героями чаще всего являются мужчины, что возможно также отражает традиционное отношение к женщинам в казахском обществе. «Дочь – гостя в родительском доме». Согласно традициям существовавшим в Казахстане до 20 века, если муж был достаточно богат, то он мог иметь пять жен, что в последние 20 лет стало появляться и в современном обществе, когда у мужчины есть официальная жена и токал (младшая жена), с которой очень часто совершается неке (брак признанный муллоу), т.е. женщина попадает в дихотомию между традициями (когда с одним мужчиной могли проживать несколько жен) и светским взглядом на отношения сформировавшимся за последние 100 лет, когда Казахстан входил в состав СССР (когда мужчина официально мог жить только с одной женщиной).

Особое положение у Матери, родившей и воспитавшей сыновей. Она получает все: почет, уважение, власть, но это также порождает двойственность. Ведь придя в дом (особенно младшей снохой) женщина чувствует себя бесправной и униженной и затем, как бы берет реванш рассматривая детей не как самостоятельных и автономных, а как гарантию старости – своеобразный пенсионный фонд. Это хорошо видно в волшебной сказке Ер-Тостик. Сказка наполнена полярными символами: мир живых и мир мертвых, мир людей и мир животных. Дуальность сказки проявляется и в персонажах женских (их шесть), мужских каждый из которых имеет свое зеркальное, теневое отражение, и даже душа расщепляется на девять частей (цыплят, способных к размножению, что само по себе парадоксально).

Связь Мать и Сын (особенно младший *«для меня один Тостик равноценен восьми сыновьям»* [3] настолько сильна, что для того чтобы отправиться в Путь Героя Тостик идет на хитрость: *«Попросил тогда Тостик у матери есть. Отсыпала она пшеницы и велела поджарить»* [3]) (мать имеет власть над сыном, готовность делать для матери все, исполняя любое ее приказание, и такое же бездействие и более того требовательность в отношении жены является основой конфликта как между супругами, так и жены и свекрови).

Поджарил сын и говорит: – Попробуй мама, готова ли пища? Но когда она берет горячие зерна в ладонь, он с силой ее сжимает, вынуждая мать сказать правду о рождении, и таким образом получает возможность уйти от нее (больше о родной матери в сказке не говорится ни слова, она даже не присутствует на свадебном тое), но зато появляется ведьма, стерегущая свадебный караван, чтобы забрать младшего. Ер-Тостик, чтобы заполучить точило оставленное отцом ведьме снова идет на хитрость *«Матушка, матушка, девушки, что за твоей спиной, это все твои дочери, что ли?» – спрашивает Ер-Тостик, хотя в степи никого нет, и когда та удивленно оглядывается, хватается за точило и скачет прочь.* [3]

Во время всего путешествия ему помогает конь, подаренный женой оставленной дома, и так и не ставшей его пока он не освободится от власти матери *«Отец твой отдал тебя бабе-яге. Ты теперь не мой. Сначала освободись от бабы-яги, а потом приходи и будешь моим мужем»* [3]. Двойственным является не только образ матери, но и образ жены. В сказке все несчастья начинаются с момента свадьбы Ер-Тостика и Кенжакей. *«Высватал отец девять дочерей и возвратился домой. Созвал он сыновей и объявил: – Надо ехать за невестами! Собрали братья караван и вместе с отцом тронулись в путь. Вот едут они через пустынную степь и встречаются по дороге Бекторы–дочь пери»* [3] (в мифологии существа в виде прекрасных девушек, своеобразный аналог европейских фей. Что возможно соответствует Елене, как стадии развития Анимы, но скорее всего это стадия развития феминности Кенжакей). Увидела она Тостика, влюбилась сразу и замыслила разлучить его с Кенжакей).

Ұлттың қадір-қасиет сезімі ғасырлар бойы қалыптасқан халық абыройының жауапкершілік сезімінің барлығын талап етеді. Ұлттық абыройдың таза сезімінің дамуында сонымен бір мезгілде ұлттың әрі гүлденуі, әрі интернационалдық жақындасу идеялары салынды.

Тарихи және тарихи емес халықтар, педагогикалық шығармашылыққа бейім және бейім емес халықтар жоқ. Барлық халықтарға тұрақты жетілген адамдарды тәрбиелеу жөніндегі саналы қамқорлық тән. Жалғыз бір адамның халыққа қажетті жетілуді бойына сіңіріп алуы мүмкін емес. Сондықтан да халық педагогикасында ру мүшелерінің жиынтығының, бірлігінің жетілуі деген түсінік орын алған. Жалпы көп халықтарда отбасы, ру, тайпалардың жетілуіне ынталылық болған.

Адамзаттың жетілуінің мазмұны мен мәні жөніндегі пікір тәрбие жөніндегі халықтың, этникалық идеалдардың тұрақтылығын дәлелдейді. Ол өмірге тек сөзбен ғана емес, тиянақты істің көмегімен жасалды. Сөз бен істің бірлігі ұлттық дәстүрлі педагогикалық жүйенің, жанды тәрбие дағдысының күшті жақтарының бірін көрсетеді.

Халық педагогикасының мыңжылдаған тәрбиесі тұлғаға ықпал етудің ең тиімді құралдарын қалыптандырған. Тұлғаның белгілі бір сипаттарын қалыптастырумен байланысты тәрбие құралдарын дифференциациялауды елестету таң қалдырады. Мысалы, баланың жеке басына әсер ету құралдары ретінде жұмбақтарға, мақалдарға, өлеңдерге, ертегілерге, ойындарға, мерекелерге көңіл бөлген. Жұмбақтардың негізгі мақсаты – ақыл-ой тәрбиесі, мақалдар мен өлеңдер – адамгершілік және эстетикалық тәрбие. Ертегілер ақыл-ой, адамершілік және эстетикалық тәрбиенің жиынтығы ретінде әсер етуге белгіленген, ертегілер – жинақтау құралы. Мерекелік-ойындық мәдениет – барлық құралдар үйлесімділік бірлігінде, жөнге салынған жүйедегі әрекет жағдайындағы педагогика. Ойындар да, өлеңдер де, мақалдар да, ертегілер де қолданылады. Ойын – ең тиімді практикалық педагогика, материалданған ертегі.

Сонымен, өзінің негізінде интернационалған және мәні жағынан жалпыадамзаттық этникалық педагогика барлық халықтардың тәрбиелік тәжірибесін зерттейді және қорытындылайды. Гуманистік тәрбие адамзат баласының қай кезінде болсын тәрбиенің барлық тарихи түрлерінің жоғары деңгейі ретінде барлық халықтар мен ұлыстардың педагогикалық жетістіктерін өз бойына қабылдайды. Этногенез жағдайында тәрбие жүйесі ойлап шығарылмайды, меңгеріледі, оны бүкіл этнос шығарады және келесі ұрпаққа қалдырады.

Әдебиеттер

1. Добренко В.И. Вызовы глобализации и перспективы человечества // Вестник МГУ. –2004. -№4. –с. 3-21.
2. Жарикбаев К.Б., Калиев С.К. Антология педагогической мысли Казахстана. –А. -1995.
3. Қожахметова К.Ж. Развитие этнопедагогика как наука и учебной дисциплины за годы независимости Казахстана // Вестник КазНУ –серия «педагогические науки». -2011. –с. 30-35.
4. Рысбеков Т.З. Некоторые вопросы преемственности педагогических традиций в этногенезе // В книге «Проблемы совершенствования учебного процесса и воспитания» -Уральск. -2012. –с. 41-51.

Садықова Н.М., Бауыржанқызы А.

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы,
аль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университет)*

ТҰЛҒАНЫҢ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАҒА ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ

Тұлғаның жаңа өмір сүру жағдайында бейімделуін зерттеудің теориялық тұжырымдамасын іздеу және дәлелдеу әлеуметтік психологияда бейімделу мәселелер жағдайын толықтай, «әлеуметтік-психологиялық бейімделу», «әлеуметтік мәдени бейімделу», «бейімделудің көрсеткіштері мен факторлары» және т.б. осындай ұғымдар құрылымының сараптамасын қарастыруды талап етеді. Нұсқалған ұғымдардың толық сараптамасы мен айқындалуына талаптанбай, оларға тек олардың бізге тұлғалардың өмір сүрудің жаңа жағдайларында, сонымен қатар, жаңа әлеуметтік және этномәдени ортада бейімделу спецификасы мағынасын ашуға тоқталайық.

Бейімделу әдебиеттерінің көптеген сандық ағымында бейімделу бұл өздің кең және тар мағыналарында қолданылады. Кең, философиялық көрінісінде бейімделу деп: «... жеке тұлға мен ортаның, олардың функциялары, құрылымының, жүріс-тұрысының қиылысуы орын алатын, кез-келген қарым-қатынас» түсінеді [1]. Бұл аспектіте орындалған жұмыстарда, бейімделу тұлға мен макро әлеуметтің арасындағы байланысу құралы ретінде қаралады, адамның қоғамдық орының, жаңа әлеуметтік рөлді иемденуінің асты сызылып көрсетіледі т.б. бейімделу әлеуметтанумен бірге өзара арақатынаста болады.

Бейімделу тар, әлеуметтік-психологиялық мағынада тұлғаның аз топпен қатынасы ретінде қарастырылады, әдетте – өндірістік немесе студенттік. Яғни, әлеуметтік психология тұрғысынан бейімделуі тұлғаның кішкене топқа кіру, онымен орын алған нормалар, қатынастар, оның мүшелерінің арасындағы байланыста белгілі құрылымдық орынды иемдену процесі ретінде қабылданады. Бейімділіктің әлеуметтік-психологиялық зерттеу ерекшеліктері, біріншіден, жеке тұлға мүшесі болып табылатын, жеке тұлға мен қоғамның қарым-қатынасы аз топтармен жанама ретінде қарастырылады, екіншіден, жаңа әлеуметтік орта қалыптастыра отырып, аз топтың өзі бейімделу іс-әрекетіндегі жақтардың біріне айналады – адам үйрене алатын жақын қоршаған ортасына [2].

Басқа сөздермен, бейімделу байланыс жасайтын жақтардың өзгеру ретінде қарастырылады. Тұлға, жаңа әлеуметтік ортаға кіре, белгі түрде өзінің қарым-қатынас жүйесін өзгертеді. Өз алдына, топ өзінің норма, дәстүрлер, ережелерінің түзетілімімен жаңа келген адамның келуіне әсер етеді. Осы бағыт жұмыстарында үлкен аспект тұлғаға қойылады, дәл соған бейімделу процесінде шешуші рөл беріледі. Сонымен қатар, бейімделу кикілжіңді мәселелеріне байланысты жұмысты адам бейімделетін орта емес, зерттеу объектісі деп атауға болады, қазіргі зерттеу объектісі бейімделудің белсенді мүшесі ретіндегі топ саналады. Бұл жағдайда оны «топтың бейімделгіштік қасиеті» сипаттайды [3. С.56].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің мәселелерінің қолданбалы аспектілері көптеген салалар бойынша көптеген ғалымдармен зерттелуде: тұлғалардың дамыған топтар мен ұжымдарда бейімделуі (Георгиева, 1985; Свиридов, 1974; Таранов, 1976; Ходаков, 1976; Хохлова, 1981 және т.б.); ртүрлі оқу (Гапонова, 1994 және т.б.), еңбек, өндірістік қызметтерде (Жмыриков, 1989; Шалыто, 1989 және т.б.), әртүрлі психосоматикалық және невротикалық ауруларда (Бурлачук, Коржакова) және т.б. әлеуметтік-мәдени бейімделу негізінде әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар жатыр, яғни оларды қолдану, мәдени қызметтің құрылымы мен сипатында, әлеуметтік-мәдени қарым-қатынаста субъектінің белсенділік деңгейіндегі рухани нығметтер мен қызмет түрлеріне қолжетімділік пен олардың таратылуындағы айырмашылығында [4]. Л.Л. Шпактың ойынша әлеуметтік бейімделу – «бұл рухани-практикалық мүмкіндіктер мен нақты бейімделу оқиғаларындағы қызмет нәтижелермен субъектілер мен әлеуметтік-мәдени ортаның өзара бейімделу формасы». Бұл автордың ойынша әлеуметтік-мәдени бейімделу басқа бейімделу түрлерінен аксиологиялық атауымен, орналасу құндылықты бағдарлы құрылымымен, бейімделу қызметінде заттық-практикалық байланысуымен айрықшалаанады. Егер бейімделудің әлеуметтік-кәсіпқойлық және әлеуметтік-тұрмытық әртүрлілігінде заттық-практикалық іс-әрекеттер көп байқалып жатса, онда бейімделудің әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-мәдени іртүрлігінде бейімделушілердің құндылықты бағдарлық мағынаға ие және адамның бейімделу мүмкіндігін іске асырушы рухани-практикалық күш-жігері асым түседі. Әлеуметтік-мәдени бейімделудің ішкі қайнар көзі ретінде өзгерген әлеуметтік-мәдени ортаның шартында жаңа тұтынушыларға және мүмкін бейімделушілерге мәдени қызметтің негізгі, әдетті формалары мен әдістерінің сәйкессіздігі саналады.

Әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің нәтижесінде, халықтың айтарлықтай бөлігі биологиялық әлеуметтік бірдейлік дағдарысын бастан кешетінін айта кеткен жөн. Бұл дағдарыстың жағымсыз белгілері өзін нашар сезінуде, осы немесе басқа әлеуметтік топқа (кәсіби, этникалық) қатысты әртүрлі жағымсыз сезімдерге алаңдауда байқалады.

Г. Тежфел мен Дж. Тернердің әлеуметтік идентификация үлгісіне сәйкес адам өзінің позитивті әлеуметтік тобына күмән келтіруі позитивті әлеуметтік бірдейлікті жоғалтып алуымен, демек адамның өзін-өзі бағалауды жоғалтуымен түсіндіреді. Осы ғалымдардың пікірінше өзіңді құрметтеудің базалық қажеттілігін жүзеге асыру үшін, адам жоғары субъективті статуска ие болған қандай-да бір позитивпен бағаланатын әлеуметтік топқа қосылуға талпынатын болады.

Л.Л. Шпак әлеуметтік мәдени бейімделудің субъективті белгілеріне бейімделушінің өзінің әлеуметтік-мәдени ортадағы жағдайына қанағаттануын; бұл әлеуметтік-мәдени орта дәстүрлері мен нормаларын зеделі түрде қолдауды; осы ортамен әлеуметтік байланыстың әдістері мен формалары, құрылымын байыға деген ұмтылыс пен дайындықты жатқызады. Бейімділіктің басты объективті белгілеріне, автордың ойынша, осы орта мен барлық қоғамның әлеуметтік-мәдени процестерінде шығармашылық белсенділігінің артуы жатады; осы әлеуметтік-мәдени орта шарттарында мәдени қызметтің құрылымы мен сипатының байытылуы, динамикалық (тереңдік бойынша энергиялық, интенсивті, қарқындылығы бойынша шапшаң, мәдени процес жетістіктерін ішкі қозғалмалы меңгері (ғылыми-техникалық жаңалықтарды, еңбектегі жаңалықтарды енгізу, саяси және рухани өмір саласы; осы әлеуметтік-мәдени ортадағы бейімделу субъектісінің тұрақтылығы.

Тұлғаның бейімделуінің субъективті критерийлері жеке сферасындағы барлық деңгейдегі өзгерістерінде байқалады. Жеке сферасы – когнитивтік (жаңа орта туралы хабардар болу),

эмоционалды (өмірдің түрлі аспектілерімен қанағаттану), құндылық (қарым-қатынас жүйесіндегі өзгерістер), мінез-құлық (қызметтің жетістіктері мен коммуникация, әлеуметтік қызмет және т.б.).

Көптеген критерийлер бейімделу феноменінің объективті күрделілігін және белгісіздігін көрсетеді, ол бүкіл адамның әлеуметтік ортаға байланысы бар байлығына әсер етеді. Бейімделу көрсеткіштерін анықтау деңгейінде қолданбалы зерттеудегі әдіснамалық қиындықтарына себеп болады. Жоғарыда айтылған қиындықтарды жеңу амалдарының бірі бейімделудің басқалармен салыстырғандағы басты көрсеткіштерін ажырату.

Көбіне, И.К. Кряжева «әлеуметтік-психологиялық бейімделудің феноменінде жеке тұлғаның өндірістік қызметке тартылуын, сондай-ақ тұлғаның оңтайлы эмоционалды әл-ауқатын» атап көрсетеді және тұлғаның өндіріске бейімделуінің басты әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштеріне оның «диспозиция сипаттамалары, құндылық бағдарлау бағыты, сондай-ақ өндірістік топтың әлеуметтік-психологиялық климаты» жатады [5. С.206].

«Әлеуметтік-психологиялық бейімделудің көрсеткіштері» ұғымын қарастыра отырып, «бейімделу факторлары» ұғымынсыз жүзеге асыруға болмайды. Бейімделудің факторлары туралы сұрақтар бейімделу процесінің детерминациясы мәселесіне жатады. Фактор дегенде бейімделу көрсеткіштерінің мағыналарына әсер ететін жағдайларды айтады.

Бейімделу факторларының басқа аз таралғаны олардың уақытша және бастапқы деп бөлінуі, онда біріншісі бейімделудің барлық процесінде іске асырылады, ал екіншісі оған бірен-сараң әсер етеді. Бұндай қатал және шартсыз факторлар іс-әрекетін уақытта бөлу, біздің ойымызша, шынайылыққа сәйкес келмейді, себебі уақыттық және мәңгілік факторлар жоқ, тек қажеттіліктерді өзекті етумен белгілі маңыздылыққа ие болатын факторлар ғана бар. Басқаша айтқанда, факторлар өздігінен маңызды емес, керісінше тек қана сәйкесінше қажеттіліктерді өзекті ету кезінде маңызға ие.

Осы мақалада баяндалған отандық және шетелдік психология ғылымының теориялық және әдістемелік жетістіктеріне сүйене отырып әлеуметтану және бейімделу психологиясы саласындағы практикалық атқарымдар, әлеуметтік-психологиялық бейімделу эмпирикалық негіздеріне төмендегілерді қамтушы ұғымдар кіруі керек деп айт аламыз.

Бізден ойлап табылған ыңғайға сай, тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортада әлеуметтік-психологиялық бейімделуі ұғымымен біз, нәтижесінде әлеуметтік-мәдени жағдайларға сай дәлме-дәл өзгерген жаңа жағымды әлеуметтік сәйкестілік құрылатын әртүрлі мәдениет өкілдерінің қиын және көпөлшемді қарым-қатынас процесі ретінде білетін боламыз; тұлғаның әртүрлі қызмет түрлеріне өзінің белсенді қосылу мүмкіндіктеріне сай тұлғалық әлеуетінің (және, ең алдымен, кәсіби қызметін), тұлғааралық қарым-қатынас жүйесінің әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-саяси қоғам өмірінің арту процесі, өзін-өзі құрметтеу және өзін тұлғалық өзекті ету қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін жағдайлар табу.

Бізге әлеуметтік-психологиялық бейімделудегі ортақ процесте *әлеуметтік бейімделуді* нәтижесінде жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаның талаптарына сыртқы жүріс-тұрыс стратегиясының өгерісі орын алатын процес және ішкі тепе-теңдік орнайтын, жаңа әлеуметтік контекстінде психологиялық қанағаттануға қол жеткізілетін процес ретіндегі, психологиялық бейімделуді ерекшелеп белгілеу абзал көрінеді.

Әлеуметтік-мәдени ортасының өзгерісі тұлғадан оған жаңа жағдайларда жаңа әлеуметтік байланыстар орнатуды, өзінің орындаын табуды, кәсіби іске-асыруды, өзін орнығып қойған әлеуметтік-мәдени қатынастар жүйесіне өзін кіріктіруді талап етеді. Бұл талаптар жеке тұлға алдына сәйкес бейімделу стратегиясының мақсатн қою және іске-асыруды қояды.

Әлеуметтік сәйкестіктің дағдарысы құрылып қойған әлеуметтік-мәдени қатынастар жүйесіне өзін орнықтару, өзінің жаңа жағдайлардағы орнын табудағы жеке-тұлғалық механизмдерінің күшті алға ұмтылуға ынталандырылуы ретінде орын алады. Жаңа жағдайларда осы жеке тұлғалық сәйкестік жеке тұлғаның бейімделуіндегі мейлінше табысты стратегиясын – интергацияны таңдау және іске асыруда басты болады. Осыдан, жеке тұлғалық адам әлеуеті қаншалықты бейімделу процесіне кіргендігіне байланысты, оның бейімделуінің табыстылығы да байланысты болады.

Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық зерттеуіне осы ыңғайды қолдану, біздің ойымызша, тұлғаның және әлеуметтік, мейлінше толық және терең түсінікті жетуге мүмкіндік береді, бұл – тұлға мен әлеуметтік-мәдени ортаның арақатынасы процесін түсіну, оған дәлме-дәл түсініктеме табу, тұлғаның жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға кіру процесінің табыстылығына әсер ететін басты факторларын таңдау. Осы айтылған мәселелер практикалық түрде қоғамда болып жатқан бейімделу процестерінің әлеуметтік болжамдануына қолданылуы мүмкін.

Әдебиеттер

1. Гапонова С.А. Особенности адаптации студентов вузов в процессе обучения // Психол. журн. 1994. № 3.
1. О.И., Кряжева И.К. Некоторые аспекты социально-психологической адаптации личности // Психологические механизмы регуляции социального поведения / Отв. ред. М.И. Бобнева, Е.В. Шорохова. М., 1979. С. 219-232.
2. Кузнецов П.С. Концепция социальной адаптации. Саратов, 2000.
3. Стефаненко Т.Г. Этнопсихология. М., 1998. Вып. III.
4. Шпак Л.Л. Социокультурная адаптация: сущность, направление, механизмы реализации: Дис. ... д-ра социол. наук. Кемерово, 1992. 398 с.
5. A., Bochner S. Culture Berry J.W. Immigration, Acculturation and Adaptation. Ontario, 1996.

*Сарсекенова А.Б., Конкаева О.Б., Аязбаева Н.Г.
 («Өрлеу» БАҰО) АҚ филиалы Атырау облысы бойынша
 педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
 «Тұлғаны тәрбиелеу және әлеуметтендіру» кафедрасының аға оқытушылары)*

ҰЛТТЫҚ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ұлт психологиясы – этнопсихологияның негізгі мәселесі. Бүкіл халық ұстанатын тәлім – тәрбиелік нормаларды жан жүйесі тұрғысынан баяндау – барлық адамзатқа ортақ халықтық психологияның зерттеу нысанасы болып табылады. Ғасырлар бойы жинақталып, бір жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт – сана, әдет – ғұрып ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл – ой, эстетикалық, еңбек, тәрбие түрлеріне қатысты таптаурынды нормалар мен принциптер, яғни белгілі бір этностың, жалпы мінез – құлқы, іс – әрекетінің ішкі астарлары сөз болады.

Біріншіден, ұлттық психология қоғамдық (немесе әлеуметтік) психологияны құрайтын элементтердің бірі, оның құрамдас бөлігі болып табылады. Бұны түсіну үшін қоғам әлеуметтік топтардан құралады. Әр әлеуметтік топтың өзіндік психологиялық ерекшеліктері болады. Осының негізінде ұлттық психология қоғамның психологиясын айқындайтын құрауыш екендігі туындайды. Әр ұлтта – қоғамды құрайтын әлеуметтік топтың бірі.

Екіншіден, ұлттық психология ұлтаралық қатынастар идеологиясымен, ұлттың құндылықтарға қатысымен бірге қоғамдық сананың маңызды құрауышы болып табылады. Қоғамдық сана – қоғамның рухани дамуының барлық жақтарын көрсетеді.

Үшіншіден, ұлттық психология – ұлттың негізгі белгілерінің бірі болып табылады.

Ұлттық психология – белгілі бір ұлт өкілдеріне тән, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын мінез-құлық пен психологиялық қарекет ерекшеліктері. Ұлттық психология рухани мәдениетте, сезімдерге, әдет – ғұрыпта, тілде, адамгершілік әдептік салада ұлттық мінездің көптеген психологиялық көрністері мен этностық белгілерін қамтиды. Ұлттық психология рухани мәдениетте, сезімдерде, әдет – ғұрыпта, тілде, адамгершілік әдептілік салада ұлттық мінездің көптеген психологиялық көрністері мен этностық белгілерін қамтиды. Ұлттық психология – тіпті әр түрлі таптарға жататын адамдарға мінез – құлықтың орнықты негіздерінің бірі.[1]

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге тәуелді ол да өзгеріп отырады. Халықтық психология – психика мен мінез – құлықтың қанға «сінген», тез өзгеріп, не жоғалып кетпейтін ұлттық бітісі, мезгіл мөлшерімен алғанда ұзақ дәуірдің жемісі.

Ұлттық психология – әр ұлттың төлқұжаты, мәселен, «ұлттық мінез», «ұлттық мақтаныш», «ұлттық намыс», «ұлттық дәстүр», «ұлттық сана», т.б. ұғымдар ұлттың бүкіл дүниежүзілік мәдениетке үлес қосуында белсене қызмет істейтінін, ұлттық таланттың көзін ашатын ақыл – ойын жинақтап, оларды бір арнаға бағыттайтын катализатор. «Қазір қазақ ғылымын халықаралық дәрежеге жеткізу керек» деген сындарлы пікір бар.

Этнопсихология – әрбір халықтың рухани әрекетін (миф, фольклор, тіл, дәстүр, салт, әдет – ғұрып, діл, дін т.б.), жемісін сол халықтың психологиясын, сана – сезімін көрсететін негізгі өлшемдер. Этнопсихология жеке ғылым ретінде ХІХ ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде (Лацарус, Штейнталь, Вунт, т.б.) пайда болды. Қазақ топырағында бұл мәселемен көбірек айналысқан Шоқан Уалиханов еді. Оның еңбектерінде халық рухы дейтін ұғым жиі кездеседі. Мұны халықтық психология ұғымының синонимі деуге болады. Бұдан біртуар ғұлама ғалымның еуропалық этнопсихологтардың еңбектерінен біршама хабардар болғаны байқалады. Этнопсихология зерттейтін проблемалар (ұлттық тұрпат, ұлттық сана, халық рухы, дәстүр, салт. т.б.) сан алуан. Қазақтың мінез-құлқы, ұлттық ерекшеліктері, яғни ұлттық психологиясы оның ғасырлар бойы қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде ауызша жетіп, ауызша таралып келе жатқан мақал – мәтелдері мен нақыл сөздерінде тұнып тұр. Яғни, қазақ халқының ұлттық психологиясын

білгісі келген адам, ең алдымен оның жазылмаған заң іспетті «том-томдаған» мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерін, батырлар жыры мен шешендік сөздерін тереңірек білсе жетіп жатыр. Сонда ғана ол ұлттың өзіне ғана тән ерекше бет-бейнесін, мінез-құлқы мен жан-дүниесін анық аңғаратын болады.[2]

Шығыстың ұлы ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми ізденістерінде этнопсихологиялық білімдер жөнінде жекелеген мәселелер елеулі орын алды. Сондықтан, ол былай деген халықтар бір – бірінен үш табиғи қасиеттерімен ерекшеленеді: құқық, мінез-құлық және тіл. Оның ойынша осы ерекшеліктер бірқатар факторлардың айырмашылықтарымен түсіндіреді: аспан денелер ережесі, планеталардың жақындап немесе алыстауы, жұлдыздардың үйлесім табуы, сонымен бірге географиялық шарттар (ауа, жер сапасы, ландшафттар т.б.). Ғұлама ойшыл стереотиптердің ерекшеліктеріне мінез-құлықтарына, қасиеттеріне, құқықтарына тән түріктерге, арабтарға басқа да ұлт өкілдеріне сол кездегі көп ұлтты мемлекет Араб халифатына сипаттама берген. Ғұлама ойшылдың қызықты ойлары аумақтық және экономикалық жақын, рухани түрік және славян халықтары. Оның айтайын дегені, сол уақыттардағы түрік халықтарының славян халықтарымен өзара қарым-қатынастың үйлесімділіктің негізі орыс халықтары. Атап айтқандай, табиғи ортада өзара әрекеттер мен өзара қарым-қатынас ерекшеліктерді дамыту этностардың өзге де алғышарттары белгілі бір жүргізуші қызмет жасайды деген.

XI – XII ғ. қазіргі Қазақстан аумағында пайда болған этикалық-психологиялық трактаттар түрік тілінде жергілікті авторлармен жазылған. Бұл «Құдатығу білік», «Даналық» кітабы, А. Жүнекейдің «Шынай сыйлық», т.б.

Қазіргі заманғы зерттеушілер проблемасы ұлттық психологияның бірнеше еңбектерден аз емес, тіл туралы құнды сөздер, түрлі түркі тайпалары туралы, олардың әндері, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, салт-дәстүрлер, діни сенімдер жөнінде айтуға болады.

XV-XVII ғ. Қазақ халқының тарихында ұлттық-психологиялық және әлеуметтік қатынастардың аса маңызды кезеңдері болды. Орта ғасырларда Жамбыл облысында бірінші Қазақ хандығы құрылды. Дербес білімі бар Қазақ хандығы басқа ұлт өкілдері өзбек, қырғыз және басқа да түркі тектес халықтар сияқты өздігінен қазақ мәдениетін құратын болды.

Л.Р. Герхем әр этнос өмір сүре отырып, елеулі жетістіктерге өнерге және философияға шебер мәдениетке қол жеткізді, өйткені органикалық және түпнұсқалық әлемдік сезінулерге ие деген.

Осы кезеңдері рухани өмір шетінен қазақ этносының мақсат – мұраттары өзіндік қоғамдық ойлардың әртүрлі бұтақтары өз дамуын жаңа бетке дами бастайды. Бұл үрдіс көшпенділердің психологиялық мәдениетін дамытуға арналған, бірінші кезекте, халық психологиясы дала адамдарының дамуына өзіндік ізін қалдырған. [3]

Халықтық психология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі. Бұл – адам мінез – құлқының көптеген жақтарын қамтып, белгілі этностың өзіне тән психикасы жөнінде біршама мәнді мағлұматтар беретін ілім – білімдердің жүйесі. Әйтсе де бұлар арнайы ғылыми жүйеге негізделмегендіктен, жеке тұлғамен этнос психологиясын ажыратуға жөнді жарай бермейді. Мұндай жағдайда біз тек ғылыми психологияның деректеріне сүйенеміз. Халықтық психологияның теориялық мәселелерін зерттеумен этнографиямен астарласа дамыған этнопсихология атты ғылым саласы шұғылданады. Халқымыздың ұлттық психологияның негізі рухани адамгершілік пен имандылықтың басты көрнісі, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық сананың тәжірибесінің айғағы.

Әдебиеттер

1. <http://kk.wikipedia.org/wiki/>.
2. Қ. Жарықбаев. «Жалпы психология» Алматы, 2004ж
3. Қ.Жарықбаев., А.К. Олжасов., М.К. Ахметова «Казахская этнопсихология» Алматы 2014ж

Сахиева Ф.Ә, Аманбай А.Ж.

*(Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы.,
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университет)*

ТҮЛҒА ҚҰРЫЛМЫНДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒДАРЛАНУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазіргі жаңа қоғамдық, әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты туындайтын көптеген өзгерістер білімдер жүйесіндегі педагогикалық-психологиялық бағыттарда жаңа бағыттағы өзгерістерді талап етеді. Бұл мәселені шешу ең адымен ұлттық мәдениет пен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген мәдени құрылымдарға байланысты [1].

Құндылықтарға бағдарлану субъектінің қоршаған болмысты рухани, саяси, моралдық, эстетикалық бағалауы болып табылады және сол болмыста бағытталады, объектілердің мәнділігін ұғынады. Құндылықтарға бағдарлану әлеуметтік тәжірибелерді меңгеру арқылы әлеуметтену процесінің нәтижесінде жүзеге асырылады. Құндылықтарға бағдарланулар тұлғалардың әлеуметтік дамуларында тек бір үлгі ғана емес олар үшін ішкі тұлғалық дамуларының реттеуші күші, өзіндік бағалаудың ішкі критерийі болып табылады [6].

Тұлғадағы құндылықтарға бағдарлану жүйесі өзі өмір сүріп отырған ортаның ерекшеліктеріне байланысты олардың бағыттылығымен, болмысқа деген ішкі негізін көрсетуімен байланысты. Әрбір этностың өз табиғатына сай құндылықтары өскелең жас ұрпақтың психикалық дамуында белгілі бір рөл атқарады. Қазіргі заман талабына сай жастарда құндылықтар жүйесін өз халқының салт дәстүрлері арқылы қалыптастыру, олардың этностық сана-сезімдерін дамытумен тікелей байланысты.

Құндылық дегеніміз – шындықты бағалау критерийі, яғни айналасындағы адамдарға, өзіне қатынасы мен өмірлік ұстанымынан көрінетін тұлғалық қасиеттер. Тұлғаның құндылығы өзі ұмтылатын идеалды мақсаттарынан көрінеді.

Құндылық бағдар дегеніміз – адамның әлеуметтік ортада мінез-құлқы мен әлеуметтік іс-әрекетін психологиялық реттеуді қамтамасыз ететін тұлғадағы қасиет. Бұл мәселе бойынша зерттеу жүргізген ғалымдар: өткен ғасырдың 60-70 жылдары философиялық әдебиеттерде В.П. Тугаринов, О.Г. Дробницкий және басқалар; шетел әдебиеттерінде құндылық бағдар ұғымы "аттитюд" ұғымымен де түсіндіріледі: З. Фрейд, Э. Фромм, В. Франкл, К. Роджерс және басқалар; кеңестік кезеңде: С.Л. Рубинштейн, В.Д. Ермоленко, Л.И. Божович, Г.М. Андреева, Д.А. Леонтьев, Б.Г. Ананьев, А.И. Донцов, С.С. Бубнов және басқалар болды.

Тұлғаның құндылық бағдары оның қасиеттерінің жүйелі қалыптасуының күрделі құрылымы ретінде қарастырылады (С.Л. Рубинштейн, Д.А. Леонтьев, Б.Г. Ананьев). Тұлғаның құндылық бағдарлануының дамуы индивидтің қоршаған ортамен өзара әрекеттесу мен өзіне "мәнді адамдармен" қарым-қатынас жасаумен тікелей байланысты индивидтің қоғам құндылықтарын меңгеруге тәуелді (Л.С. Выготский, Л.И. Божович, Д.Б. Эльконин).

Тұлғаның құндылық бағдар жүйесі мен тұлғалық мәнінің дамуы мен функциялануы өзара бір-бірімен байланысты және бір-бірін толықтырушы сипатта болады, яғни оның құндылық бағдары – бір мезгілде адам үшін ең маңызды да мәнді нәрсенің әрі пайда болуын, әрі оны тасымалдауын білдіреді (Д.А. Леонтьев, Ф.Е. Василюк, В. Корнилова, В. Франкл, Г. Олпорт және басқалар).

Құндылықтар категориясы психологиядағы ең бір күрделі ұғымдардың бірі. Құндылықтар маңызды мағыналылықты құрай отырып, олар әрі жалпы және мәдени табиғатқа да ие болады. Құндылықтар жайлы эмпирикалық-теориялық шет елдік зерттеулерге И.С. Кон мен А.Т. Спиркиннің теориялары жатады [5]. Олардың пікірінше құндылықтарға бағдарлану-жалпы адамзатқа тән мәселелерді шешу барысындағы адамның ойлау мотивтерінің бағыттылығы бойынша топталған күрделі принциптер. Олардың теориялары бойынша құндылықтарға бағдарланулар үш жағдайға негізделеді:

1. Барлық мәдениеттің адамдары бірдей жалпы адамзатқа тән мәселелерді шешуге шақырылады.

2. Қол жеткен шешімдер жиынтығы шектеулі, алайда әрбір шешімдер әрбір мәдениетте әртүрлі деңгейге ие болуы мүмкін.

3. Бәрінің потенциалды шешімдері болады, олар әрбір мәдениеттерде міндетті түрде шешіледі. Авторлар бес түрлі адамзатқа тән мәселені көрсетеді және олар төмендегідей құндылықтармен әрбір мәдениетте шешіледі, соларға жататын базалық құндылықтар: адам табиғатына деген қатынас; адамның табиғатқа қатынасы; адамның уақытқа қатынасы; іс-әрекеттің бағыттылығы; адамның басқа адамдарға қатынасы. Американдық психолог Д. Матсумото мәдениетті құндылықтардың, ішкі ыңғайланулардың, сенімдердің, мінез-құлықтардың жиынтығы деп қарастырды.

Кенес психологиясында тұлғаның жүйе құрушы және басты сипаттамасына құндылықты құрылулар болып табылатын бағыттылық пен квинтэссенциялар жатқызылды. Б.Г. Ананьев құндылықтарды бейімділіктер мен мінезді қалыптастыратын және мінез-құлық мотивтерін анықтайтын тұлғаның біріншідей базалық "алғашқы" қасиеттері деп қарастырды].

С.Л. Рубинштейн бағыттылық пен құндылықтарға бағдарлануды көрсететін тұлғаның динамикалық бағыты деген терминді кіргізді [7]. Тұлғаның кәсіби іс-әрекеттегі тұлғаның мотивациялық-құндылықты сферасын В.Д. Шадриков зерттеді. Ол құндылықтар мен кәсіби мотивтер жүйесін зерттеу үшін "Паралелль профильдер" деген әдістемені жасады. Құндылықтарға бағдарлану жүйесі күрделі құрылымдарға ие және белгілі бір қоғамдық қатынастарда көрінеді.

Тұлға деңгейінде құндылықты сана – идеалдарға, дәстүрлерге, нормаларға, әдет-ғұрыптар сияқты құндылықтарға бағдарланулар мен ішкі ыңғайланулардың жиынтығымен анықталады. Адам өзінің

тіршілік әрекеті барысында болмыстың әртүрлі жақтарына деген қатынастардың эталондарын бекітеді, жақсы, жаман, қайырымдылық, зұлымдық, әділеттілік жайлы түсініктерді қалыптастырады.

Құндылықтар категориясы психологиядағы ең күрделі сұрақтардың бірі болып табылады. Индивид үшін құндылықтар болмысты бағалаудың кей белгілерінің бірі. Құндылықтар бір мезгілде мотивациялық әрі когнитивті құрылулар болып табылады.

Құндылықтарға бағдарлану адамның мақсатқа сәйкестік процесін бағыттап, түзетеді және әлеуметтік ортада субъектінің мінез-құлқы мен әлеуметтік іс-әрекетін психологиялық реттеуді жүзеге асырады [13]. “Құндылықтарға бағдарлану” ұғымы социализация мен индивидуализация процесінде қалыптасатын психологиялық негізді анықтайтын жеке адамның жүйе қалыптастырушы қасиеті болып саналады. (С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев) [14,7,9].

Б.Г. Ананьевтің пікірінше, құндылықтарға бағдарлану қоғамдық тәжірибені интериоризациялау процесінде қалыптасқан мінез – құлықтың мотивін анықтайтын жеке адамның базалды “алғашқы” қасиеттері [13].

С.Л. Рубинштейн адам өміріндегі мәнділік, мағыналық оқиғалар мәселесін қарастыра келе құндылықтардың регуляторлық қызметін көрсетеді. Құндылықтар өмірлі қатынастар иерархиясында бола отырып, адамның іс-әрекетін детерминанттай келе, оған әсер етеді. Сонымен қатар, С.Л. Рубинштейн пікірінше кез келген құндылық ішкі жағдайлардың өзгеру нәтижесінде өзектендіріледі [12].

А.Н. Леонтьев адамның құндылықтарды қабылдау мінезінің әлеуметтікке байланыстылығын талдай отырып, адамның тұлғалық реалды базасы оның іс-әрекетінде жүзеге асатын қоғамдық қатынастардың әлемге бірлігі ретінде болып табылады. Осыған байланысты жеке адамның құру қатынастар жүйесін қайта құруда және мәңгілікті құратын мотивтердің иерархиясында жүзеге асады.

Психология ғылымында құндылықтарға бағдарлануды қалыптастырудың маңызды механизмдеріне идентификацияны, яғни өзін үлкендермен, құрбыларымен когнитивті және эмоциялық ұқсастыру; рефлексивті қабылдау және әлеуметтік рөлді меңгеруді, қағас қалу, жеке адамның социогенез феномені ретінде мінез-құлықты индивидуализациялауды; мотивтің мақсатқа жылжу механизмін; интериоризация механизмін, экстериоризацияны жатқызады [10,5,9].

Құндылықтарға бағдарлану психологиялық феноменін зерттеудегі аксиологиялық ықпалдар (А.Г. Здравомыслов, В.Б. Ольшанский, Е.Н. Шиянов, В.А. Ядов және басқалар) негізінде оны ұғыну процесі тұлғаның ішкі құрылымының жүйе қалыптастырушы компоненті ретінде және оның бағыттылығының мазмұндық жағымен байланысты болады, сонымен қатар “норма”, “құндылықтар”, “мотивтер”, “қажеттіліктер”, “ішкі ыңғайланулар”, “рухани құндылықтар”, “ұлттық құндылықтар” сияқты категорияларды талдаумен де байланысты.

Құндылықтарға бағдарланудың даму дәрежесі тұлғаның даму деңгейін көрсетеді сондықтанда оның әртүрлі аспектілерін көптеген ғылым салалары зерттейді, атап айтқанда философиялық-социологиялық жүйеде (О.Г. Дробницкий, А.И. Титаренко және басқалар), әлеуметтік-психологиялық (А.Г. Здравомыслов, И.С. Кон, Е.В. Шорохова, В.А. Ядов және басқалар), психологиялық-педагогикалық білімдерде (М.И. Бобнева, О.И. Зотова, В.С. Круглов, М.Х Титма және басқалар).

Кеңестік психологияда тұлғаның құндылық бағдар жүйесін зерттеуге арналған көптеген еңбектер бар. Дегенмен, әр түрлі теориялардағы көп мәнді пән аралық ғылыми ұғымдар сияқты бұл ұғымда түрліше түсіндіріледі және интерпретацияланады.

Кеңестік психологиядағы ғылыми әдебиеттерде “құндылық бағдар” ұғымы “жеке адамның бағыттылығы”, “тұлғалық құндылықтар”, “тұлғалық мән”, “құндылықтар”, “қойлымдар” сияқты ұғымдармен байланысты [12]. Бір қатар зерттеулерде “тұлғаның құндылық бағдары” қажеттілік – мотивациялық немесе мән мағыналық сфераны сипаттайтын ұғымдармен сәйкес келеді.

Осыған байланысты жеке адамның құндылық бағдарды зерттеудегі отандық психологиядағы теориялық ілімдерге талдау жасау негізінде біздің зерттеуімізде құндылық бағдарлар бір мезгілде адамның әлеуметтік әрекетін реттеуші мотивациялық және когнитивті қалыптасуын көрсететін ілімдерге

Қорыта келе, құндылық бағдар дегеніміз адамның белсенділігінің негізгі реттеушісі, себебі адамның жеке қажеттіліктері мен мотивтер социумның құндылықтарымен нормаларын жеке адамның саналық ұғынуымен қабылдауына сәйкес келеді [14,15,16].

Әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнының тұжырымдамасы», Алматы-1995.
2. Назарбаев Н.А. «Идейная консолидация общества – как условие прогресса Казахстана», Алматы, ФПИ «Қазақстан XXI», 1993 г.

3. Комментарий «Концепции развития образования Республики Казахстан до 2015 г.»// Южный Казахстан, ОФИЦИОЗ, 26 декабря 2003 г.
4. Государственная Программа развития образования в Республики Казахстан на 2005-2010 годы // Казахстанская правда, 16 октября, 2004г.
5. Марьенко И.С. «Оқушылардың саналы тәртіпке және мінез-құлық мәдениетіне тәрбиелеу», Алматы-1987.
6. Андреева Г.М. Психология социального познания.-М.,1997.-307 с
7. Архангельский Л.М. Ценностные ориентации и нравственные развитие личности.- М., 1978.-220 с.
8. Сурина И.А. Ценностные ориентации как предмет социологического исследования.-М.,1996.- 93 с.
9. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии в 2-х т.- Т.2.-М., 1989. -С.68
10. Спиркин А.Т. Сознание и самосознание. -М., 1972.-203 с.
11. Миславский Ю.А. Саморегуляция и активности личности в школьном возрасте. – М., 1991. – 142 с.
12. Жеткіншектердегі этностық сәйкестік және этномәдени құндылықтар // Ізденіс. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2005. – №3. -323-327 бб.
13. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайындағы жеткіншектердегі құндылыққа бағдарланудың психологиялық ерекшеліктері //Қазақстан Республикасы модернизациясының өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2005. -233-235 бб.
14. Жеткіншектердегі этностық сәйкестіктің даму мәселелері //Қазақстандық өркениет: Адамның әлеуметтенуі мен бейімделу мәселелері: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы, 2005. -275-277 бб.
15. Жеткіншектердің тұлғалық дамуындағы құндылықтарға бағдарлану //Ұлт тағылымы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2005. – №4. -266-270 бб.
16. Қазіргі жаңа жеткіншектердегі құндылықтарға бағдарлану мен этномәдени құндылықтар //ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. – 2005. – №1 (14). – 57-62 бб.

Шарипова М.Ё.

*(Республика Таджикистан, г. Душанбе,
Таджикский национальный университет)*

ОСОБЕННОСТИ СМЫСЛОЖИЗНЕННЫХ ОРИЕНТАЦИЙ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ЭТНИЧЕСКОГО САМОСОЗНАНИЯ ЛИЧНОСТИ

Понятие этническое самосознание понимают как равнозначную понятию этнической идентичности, оно формируется на основе социализации, инкультурации и дифференциации своей этнической группы с другими. Этническое самосознание отражает специфику и особый образ жизни личности и способствует выработке общих психологических черт у представителей одной культуры. На формирование, развитие личности, ее сознания и мировосприятия существенное влияние оказывают воспитание и обучение, которые проявляются через призму культуры и культурных ценностей. Человек воспринимает окружающий мир посредством культурных паттернов, которые далее трансформируются в личностный смысл, в сознание, в этническое самосознание или этническую идентичность. Культурно и этнически детерминированный мир является основой социализации каждого индивида [1;2]. А соответственно и способствует развитию мнения, самомнения, мышления, сознания и, конечно же, этнического самосознания личности, что вносит свой вклад в формирование и проявление жизненных ценностей, ценностных ориентаций, стереотипов, предрасположений и смысла жизни.

Жизнь складывается под непосредственным влиянием ориентаций на определенные жизненные, этнические и культурные ценности. Процесс постановки жизненных целей и программ, их соотнесение с окружающими обстоятельствами и своими возможностями, их реализация во многом являются культурно-обусловленными. Культурно детерминированными также являются уровни субъективной реализованности и результативности личности, ее целенаправленности, насыщенности и контролируемости жизни, но каковы их особенности, в силу их неизученности, – неизвестно. Таким образом, нам представляется интересным проанализировать данные, полученные в нашем диссертационном исследовании, по параметру соотнесения уровня этнокультурной идентичности со смысложизненными ориентациями, а именно: выявить наличие связей и оценить значимость этих связей между уровнями этнокультурной идентичности и смысложизненными ориентациями личности. Были получены интересные данные. Соответственно цели данного анализа из общей выборки выделена часть, это студенты – представители таджикской национальности. Эта группа (эта часть выборки) была условно разделена по параметрам этнокультурной идентичности на три группы: с высоким, средним и низким уровнями этнокультурной идентичности. Для диагностики осмысленности и контролируемости жизни был использован тест «Смысложизненные ориентации» (Дж. Крамбо и Л. Махолика в адаптации Д.А. Леонтьева). Тест позволяет оценить наличие целей в

будущем, определить, воспринимает ли человек свою жизнь в настоящее время интересной и эмоционально насыщенной, а также позволяет выявить самооценку продуктивности, результативности и осмысленности прожитой части жизни, наличие веры в собственные силы, способности свободно принимать решения и воплощать их в жизнь.

Важно отметить, что под этнокультурной идентичностью, в нашем исследовании, мы понимали не только уровень идентификации личности со своей национальностью, этносом, но и культурой, к которой она принадлежит, в нашем случае, культура Востока.

Согласно полученным результатам представителям группы с высоким уровнем этнокультурной идентичности более свойственно видеть смысл жизни в том, чтобы просто жить, воспринимать процесс своей жизни как интересный, эмоционально насыщенный и наполненный смыслом, чем представителям группы с низким уровнем этнокультурной идентичности ($p=0,004$). Это может быть следствием такой особенности таджикской культуры, как благодарность Богу за имеющееся, поскольку утверждается: «Радуйся тому, что у тебя есть (как ты живешь)» [3]. В таджикской культуре много национальных праздников, обычаев, традиций. Представителям с высоким уровнем этнокультурной идентичности свойственно придерживаться обычаев и придавать им большое значение, вследствие чего их жизнь оказывается наполненной различными событиями, в которых они сами активно участвуют, что и выражается в высоких результатах процесса жизни.

Относительно восприятия жизни в настоящем как интересной и наполненной смыслом – жизнь кажется им более интересной с повышением их уровня этнокультурной идентичности. С высоким уровнем этнокультурной идентичности показатель процесса становится выше. Заботы таджиков связаны во многом с текущим периодом жизни, нежели с будущим – это может быть связано также с большей численностью членов их семей, что, соответственно, ведет к увеличению количества контактов, взаимоотношений, общения, что также может повлиять на ощущение полноты жизни. Это различие также может быть объяснено размером семьи. Если таджики с низким уровнем этнокультурной идентичности более современны и следуют во всем своим стандартам, своему мнению, у них, как правило, наблюдается меньшая численность членов семьи. Во многом по этой причине, как мы полагаем, и наблюдается самый низкий показатель процесса жизни.

Таким образом, можно охарактеризовать особенности смысложизненных ориентаций в зависимости от уровня этнического самосознания: люди с низким уровнем этнокультурной идентичности (речь о нашей выборке) отличаются меньшей субъективно осмысленностью жизни, а также меньшей целеустремленностью и удовлетворенностью результатом и процессом жизни, а также они меньше контролируют и осмысливают себя и свою жизнь в целом.

Такие же показатели в удовлетворённости жизнью в настоящем. Люди с высоким уровнем этнокультурной идентичности отличаются лучшей субъективно осмысленностью жизни, они лучше осознают свои цели и более настойчивы в их достижении, более удовлетворены прошлым и настоящим и чувствуют свою способность управлять своей жизнью, у них также несколько выше показатели контролируемости жизни.




Рисунок 1 – Показатели осмысленности и контролируемости жизни у представителей групп с низким и высоким уровнями этнокультурной идентичности (для наглядности приведём данные крайних групп)

где: * – $p \leq 0,05$, ** – $p \leq 0,01$

(Прим. ЛКЯ – локус контроля – Я. ЛКЖ – локус контроля – жизнь. СЖО – смысложизненные ориентации)

Полученные данные позволяют полагать, что уровень этнокультурной идентичности повышается с ростом выраженности показателей осмысленности жизни. А с возрастанием уровня этнокультурной идентичности увеличивается насыщенность жизни. Таким образом, результаты нашего исследования дают основание утверждать, что особенности смысловых ориентаций в зависимости от этнического самосознания и его уровней варьируются и дифференцируются, проявляясь в различии особенностей целенаправленности, насыщенности, осмысленности и контролируемости жизни личности.

Литература

1. Собкин, В.С. Старшеклассник в мире политики. Эмпирическое исследование / В. – С. Собкин. – М.: ЦСО РАО, 1997. – 318 с.
2. Панькин А.Б. Формирование этнокультурной личности: Учеб.пособие. – М.: Изд-во Московского психолого-социального ин-та; Воронеж: Изд-во НПО Модэк, 2006. – 280 с.
3. Коран. Перевод смыслов и комментарии Иман Валерии Пороховой.– 10-е изд., доп. – М.: РИПОЛ классик, 2010. – 800 с.

3 СЕКЦИЯ

Жалпы психологияның өзекті сұрақтары

Актуальные вопросы общей психологии

Alpysbayeva A., Mun M.V.
(The Republic of Kazakhstan, Almaty, Al-Farabi Kazakh National University)

BODY IMAGE AND ADOLESCENTS

Adolescents' body image is a crucial factor of their health and wellbeing. The term body image has strong roots and dimensions. Until nowadays, there were many researches were done about importance of body image, the causal factors of body image and about its influence on general human psychological and physiological well-being. Beauty and physical attractiveness have always been highly valued human attributes, assumed to be connected with happiness, intelligence, and success [Rennels, 2012]. Body image is the part of human physical attractiveness, which is about how you see yourself when you look in the mirror or when you picture yourself in your mind. The concept of body image was emerged by Austrian neurologist and psychoanalyst Paul Schilder. When we say body image, many psychological and social researches focus on negative body image, which is defined as distorted perception of your shape, some parts and features of your body [2]. Negative body image or body dissatisfaction, is a discrepancy between a person's perceived body and their ideal body [Halliwell & Dittmar, 2006], which it is important to study because it leads to negative self-focused affect and unhealthy body-shaping behaviors [Cash & Pruzinsky, 2002]. Negative body image is mostly emerged during teenage years of human being. In general, many teenagers regardless of their culture, religion or educational level, worry about how do they look. "Am I too fat? Too skinny? Am I beautiful or handsome?" are known as a common, uncontrollable thoughts and self-criticisms among teenagers. Therefore, for several decades, teenagers are associated with body image dissatisfaction as a group [Bearman, Presnell, Martinez & Stice, 2006]. There were many researches were done about emergence of body dissatisfaction and its influence on psycho-physiological factors of human being. Different kind of scientists from all over the world they discussed about how social norms, individual personalities and how psychological state of people influence on body image, especially on body dissatisfaction.

In their studies Murray, Rieger and Byrne (2013) investigated mediating role of self-esteem and body importance in the relationship between stress and body dissatisfaction in adolescent males and females [5]. They measured level of stress and perception of body image of American adolescents. As a result, they found out that stress is the main cause of body dissatisfaction. However, in their research body dissatisfaction was not found as a predicting factor of stress. In a different study conducted by Bell, Lawton and Dittmar (2007) the impact of thin models in music videos on adolescent girls' body dissatisfaction was measured [6]. They investigated how mass-media, general social model or norm about body image influenced on teenage girls' negative body perception. They tested three groups of samples were two of them was experimental group and one of them was control group. One of the experimental group was exposed to three music videos, another experimental group was exposed to same music but did not see the video. The last control group was not given any kind of music or video, instead they were given a list of twenty neutral words to memorize. Later, by The Body Image States Scale their body dissatisfaction level was evaluated [BISS; Cash et al., 2002]. As a result, they found out that the members of the group whom were shown both music and video was more dissatisfied with their body comparing to the members of the group that were exposed only to music. The group members that were exposed only to words showed less body dissatisfaction comparing to two experimental group members. The results of study can conclude that there is a high influence of media and social norms on personal body image among teenagers. The relationship of body image dissatisfaction with self-efficacy and depression was studied by Kostonski and Elanora in 1998 [8]. In their study that was conducted with 516 samples, they found out that body dissatisfaction is negatively correlated with self-esteem but positively correlated with depression in both males and females. Cultural norms and values, socio-economic status and education level also play a huge role in creation of body image [Oloo, Ribadu and Ribadu, 2016]. In a longitudinal cross cultural observation of United States and Guyana teenagers, the huge influence of socio-economic factors, educational level and social norms on body image perception was obtained.

There is a cultural and stereotypical influence on body ideal and body perception in every society. Body image perception may vary according to the ideal body image promoted by social media, society and cultural

norms. However, ideal body promotion is different to males and females. In last decades, ideal women are portrayed as long haired, long eyelashed, slim, long legs and rounded buttocks. On the other hand, ideal male appearance is described as tall, lean, muscular, broad shoulders and slim waist (Murnen, 2011). Such “ideal norms” are described to all not only to adolescents, by TV shows, internet websites, magazines, social network, video games, clothes store even through everyday conversation of peers and family members. These kind of norms is very effective in stimulating people to fit on people’s acceptance without considering its positive and negative consequences. There is a big influence of accepted ideal body image on individual’s self-perception since all the information is saved in people’s unconscious thoughts and one day may come out as a harmful behavior like eating disorder.

Because of people’s excessive interest in their body shape and weight, many kind of assessment techniques were developed throughout this period of time. Instruments differ from one another based on variables going to be tested. The first assessment is based on body shape construct that aims to test body self-concept, visual perception, internal image of self. Another instrument is designed to assess the difference of body perception among female and male, adolescents and adults, obese people and slender people, sighted people and blind people. Another instrument differs from others based on its type of measurement tool: self-report questionnaire, projective tests or interview assessments. The last designed and widely used instrument is called The Body Shape Questionnaire (BSQ; Cooper, Taylor, Cooper, & Fairburn, 1987; Appendix 2) which is a brief self-report measure that concerns people’s perception of body shape and its appearance. The Body Shape Questionnaire consists of six categorized Likert scales (“never”, “rarely”, “sometimes”, “often”, “usually” and “always”) and scored by summing the scores. Total scores may vary from minimum to maximum, where higher point is accepted as an indicator of body dissatisfaction, lower point is explained as inexistence of body dissatisfaction.

The concept of body image was studied from different dimension till its emergence as a concept. The current article aims to describe body image from teenagers’ perspective, how it is formed and what kind of changes body dissatisfaction can cause in their personal and social life. Perception of self is especially very crucial concept during the teenage years, because it may form some kind of eating disorders like anorexia, bulimia, obesity which is nowadays very common in all cultures and which influences on entire human life. Our main focus will be to investigate the influence of negative personal body image on social anxiety. Social anxiety is a feeling of fear about being negatively evaluated by other people and we believe that one of the main causes of social anxiety is negative perception of self. We expect that body dissatisfaction is one of the main causes of social anxiety which prevents teenagers being active, social, integrated with other people. On the other hand, social anxiety has negative influence on self-esteem, interpersonal relationship of teenagers which have negative influences on their overall successful development. The aim of the current study is to investigate body image perception among Kazakhstani teenagers and to make people aware about how perception of self is important on their physical and psychological well-being. In further researches we believe that awareness of people about importance of body image perception will be helpful to create different kind of trainings that will be influential on individuals’ overall self, success in personal and social life.

References

1. Rennels, J. L. (2012). Physical attractiveness stereotyping. In T. F. Cash (Ed.), *Encyclopedia of body image and human appearance* (pp. 636-643). London, UK: Academic Press.
2. What is body image? Retrieved October 31, 2017, from <https://www.nationaleatingdisorders.org/what-body-image>
Қорыта келгенде, бүгінгі қойылып жүрген мың талапқа сай жоғары мектеп оқытушысының білім беру, тәрбиені негіздеу, патриоттық күш беруде жаңа салаға жету жолында – оның мейірімділігі, білімі, кәсіби шеберлігі өте қажет. Өз таңдаған мамандығына бар жан дүниесімен, іскерлігімен, біліктілігімен көрінетін оқытушы ғана педагогиканың бар талабын, этиканы да, мәдениеттілікті де, педагогикалық техниканы да, кәсіби шеберлікті де жақсы меңгереді. Сонда ғана біздің ғылыми салаларымыз, жастарымыздың жарқын болашағы үлкен жетістіктерге жетеді!

Әдебиеттер

1. А.Р.Ерментаева «Жоғары мектеп психологиясы». Оқулық – Алматы: ЖСШ РПБК «Дәуір». 2012. -492 б
2. Б.Ә.Әмірова «Жоғары мектеп психологиясы». Оқулық. – Қарағанды:ЖК «АҚНҰР» баспасы, 2014. -136 б
3. Б.Ә.Әмірова «Этнопсихология». Оқу құралы. – Қарағанды.: ЖК «Ақнұр» баспасы 2012. -206 б
4. Габай Т.В.: Оқулық. «Педагогическая психология». – М.: 1980. -305 с.

Сандыбаева Г.М.

(Республика Казахстан, г. Алматы,

Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана)

ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЯ СТУДЕНТОВ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Социальное развитие современного Казахстана невозможно без роста творческого и нравственного потенциала ее граждан, без развития их активности, инициативы и способностей, без повышения уровня их профессиональной подготовки.

Образование – важнейший стратегический ресурс развития общества. Ускорение геополитических, экономических и технологических процессов, которые оказывают влияние на весь мир, не обходит стороной и сферу образования. В современных условиях главной целью образования становится формирование личности профессионально и социально компетентной, способной к творчеству и самоопределению в условиях меняющегося мира, обладающей развитым чувством ответственности и стремлением к созиданию.

Жизнь молодого поколения не развивается линейно, новые условия требуют от каждого молодого человека и его семьи мобильности, поиска нестандартных индивидуальных вариантов построения своей жизни.

В настоящее время, наша молодежь не является единой группой по базовым социальным параметрам. Молодые представители разных социальных групп различаются своими ценностными и жизненными ориентациями, духовными потребностями, материальными возможностями, образом и стилем жизни.

Молодость – период, когда происходит самопознание, саморазвитие и самоопределение в социальном мире. Эффективность этих процессов зависит, прежде всего, от самой личности, от ее активности, способности к самоанализу, силы воли, психологической устойчивости, задатков и способностей к различным видам деятельности. В этот период происходит внутренняя самореали-

зация в процессе формирования способностей и личностных качеств на основе задатков, формируются жизненные цели, и создается потенциал для внешней самореализации, выступающей движущей силой достижения социально-значимых целей.

С другой стороны, социальная среда, вследствие отсутствия жестко-заданных жизненных траекторий, обуславливает необходимость освоения молодежью социальных ролей, достижения определенного социального статуса, формирование гражданских качеств.

Условия, в которых происходит становление молодежи во многом зависят от общества, которое обеспечивает безопасную образовательную среду, тем самым содействуя решению многих проблем молодежи.

Именно поэтому сейчас в системе образования на первый план выходят задачи повышения качества образования, создание условий для наиболее полного раскрытия творческого потенциала студентов и реализации их профессиональных способностей.

Обучение в ВУЗе – важнейший этап социализации молодежи, связанный с формированием социально-зрелой личности. Мы считаем, что необходимо особое внимание уделять развитию смысловых ориентаций у студентов-первокурсников, т.к. в процессе адаптации к обучению они, как отмечает Л.Д. Столяренко [1,С.655], испытывают множество проблем, а именно: отрицательные переживания, связанные с уходом из школьного коллектива; неопределённость мотивации выбора профессии, недостаточная психологическая подготовка к ней; неумение осуществлять психологическое саморегулирование поведения и деятельности, усугубляемое отсутствием привычки к повседневному контролю педагогов; поиск оптимального режима труда и отдыха в новых условиях; налаживание быта и самообслуживания, особенно при переходе из домашних условий в общежитие; отсутствие навыков самостоятельной работы, неумение конспектировать, работать с первоисточниками, словарями, справочниками и др. В таких условиях студент должен определить свою судьбу, найти свой жизненный путь, ведущий к успеху. Это период, сопряжённый с мучительно трудным процессом самопознания, обретения собственного «Я». Жизнь ставит молодого человека перед необходимостью принятия ряда важнейших решений, разрешения жизненно важных проблем в условиях дефицита жизненного опыта. Эта новая ситуация требует от молодых людей перехода на иной уровень отношений как с собой, так и с другими людьми.

Осознание смысла жизни осуществляется, когда человек проходит через преодоление определенных трудностей жизни, в процессе решения внутриличностных или межличностных конфликтов [2,С.120]. Однако студенту-первокурснику на этапе адаптации к ВУЗу порой тяжело осознанно принимать решения и воплощать их в жизнь.

Для того, чтобы обучение, воспитание и реализация способностей и талантов студентов ВУЗов велось с учетом имеющихся научно-психологических знаний, в системе образования создается и функционирует психологическая служба. Психологическая служба, повышая уровень психологической культуры, может помочь всем участникам учебного процесса в ВУЗе овладеть собственным «местом» в жизнедеятельности каждого отдельного студента.

Формирование психологических служб в высших учебных заведениях становится распространённой практикой. Главными условиями эффективности деятельности психологической службы ВУЗа можно считать: ориентацию на реальный заказ клиентов и актуальные для заведения психологические проблемы; практическую направленность на своевременное решение психологических проблем; научную обоснованность и современный уровень исполнения основных заданий; достаточное финансовое, организационное и техническое обеспечение службы и её подструктур; наличие квалифицированных специалистов, способных обеспечить деятельность психологической службы на высоком уровне.

На наш взгляд, важным условием эффективности деятельности психологической службы остается решение вопросов профессионального развития и методического сопровождения специалистов, работающих в ней.

На сегодняшний день не существует универсальной модели научно-методического сопровождения деятельности психологических служб ВУЗов. Однако существует несколько примеров создания разнообразных форм повышения квалификации. Так, интересный инновационный опыт, презентованный психологической службой Николаевского национального университета им. В.О. Сухомлинского, организационно-деятельностная игра «Технологии деятельности психологической службы высших учебных заведений».

Организационно-деятельностная игра является особенной формой организации коллективного мышления, способствует формированию новых горизонтов и расширению границ понимания, как для отдельной личности, так и для целых профессиональных групп. Данная игра является уникальной

технологией на данный момент, которая позволяет не только эффективно развивать профессиональные навыки, но и учиться искусству планирования и моделирования.

Активное внедрение психологии в образовательный процесс и потребность в ней обусловлены условиями современного Казахстана. Увеличение объема информации, рост темпа жизни, объема человеческих контактов, кризисные явления в обществе, природе, в семье, эти и многие другие факторы приводят к психологическому дискомфорту населения. Не случайно многие исследователи отмечают резкое ухудшение психологического и психического здоровья людей (О.С. Васильева, Т.Б. Дмитриева, И.В. Дубровина, В.П. Коханов и др.). Вероятно, наступило такое время, когда психологическая помощь должна сопровождать человека на всех этапах его жизненного пути. В связи с изменениями в обществе, переориентацией на европейскую многоуровневую систему образования происходит осознание роли и значения психологической службы в системе образования (Деятельность Психологической службы осуществляется в рамках Конституции Республики Казахстан, Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», Конвенции о правах ребенка, а также Правил).

Для организации эффективного психологического сопровождения в ВУЗах необходимо учитывать те изменения, которые происходят в ценностной, мотивационной, эмоциональной сферах студентов во время обучения на разных образовательных уровнях (Ю.А. Афанасьев, В.В. Веселова, И.В. Дубровина, П.Н. Ермаков, И.А. Зимняя, А.И. Красило, Д.А. Леонтьев, А.А. Реан, В.В. Рубцов, С.А. Смирнов, В.А. Якунин).

Существующее образование является не только более вариативным, но и содержит риски, связанные с тем, что студенты в большей степени оказываются в ситуациях самостоятельного выбора и принятия решения. С этими ситуациями многие студенты сталкиваются впервые в силу того, что школьное образование не предполагает такого объема самостоятельности и вариативности. Все это обуславливает необходимость разработки системы психологического сопровождения студентов на этапе перехода к современному образованию в соответствии с их смысловыми ориентациями.

Психологическая служба должна стать органичным компонентом современной системы образования, обеспечивающим своевременное выявление и максимально полное использование в обучении и воспитании молодежи ее интеллектуальный и личностный потенциал, имеющиеся задатки, способности, интересы и склонности.

Дальнейшее совершенствование системы психологической поддержки студентов позволит смягчить неблагоприятные последствия социально-экономических кризисов, обеспечит адаптацию молодых людей к полноценной жизни в социуме и эффективное использование психологических знаний в профессии. Это, в свою очередь, является основным условием усиления политической и экономической роли Казахстана и повышения благосостояния нашего народа. Одним из способов усовершенствования психологической службы может стать использование опыта иностранных государств, в том числе, и во время повышения квалификации практических психологов.

Литература

1. Столяренко Л.Д. Основы психологии. Издание третье, переработанное и дополненное. Серия «Учебники, учебные пособия». Ростов-на-Дону: «Феникс», 2000. -672 с.
2. Гольшева З.В. Динамика смысловых ориентаций (лонгитюдное исследование). // Психологические проблемы смысла жизни – Материалы XIV симпозиума. – Москва, 2009, С.120-124.
3. Абакумова И.В. Обучение и смысл: смыслообразование в учебном процессе. (Психолого-дидактический подход). Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского университета, 2003. – 480 с.
4. Бодалев А.А. Психологическая служба в системе здравоохранения и образования (заседание "круглого стола" журнала) // Психологический журнал- 1984.- №6.- С.27-38.

Сатығалиева Г.Б., Кенжебаева Н.Е., Қуанышбаева А.Қ.

*(Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)*

ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ АЯСЫНДА ЕРТЕ ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Қазақстандағы білім беру жүйесі, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында маңызды реформалар жүргізді. Әлемдік талаптарға сәйкес білім берудің мазмұны мен сапасын одан әрі жетілдіруге ерекше назар аударып отырып, қабылданған саясат пен бастамалар білім берудің барлық деңгейлеріне тән. Еуропалық жоғары білім беру аймағымен интеграция, Қазақстанды шет тілдеріне, атап айтқанда ағылшын тіліне көбірек назар аударуды талап етті, ол жаһандық қоғаммен байланыс және ақпарат

тілі ретінде танылды. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, тіл мәселесі әрдайым маңызды орынға ие. Кеңес дәуірінде қазақ тілінің мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде өте төмен болғандықтан, Қазақстанның әрбір азаматы, өздерінің ана тілінде сөйлеуге мүмкіндігі болмады. Осылайша, қазақ тілін ресми мемлекеттік тіл, ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде орыс тілін, ал ағылшын тілі жаһандық ақпарат тілі ретінде тану ниеті болды. Білім және ғылым министрлігінің жақында жарияланған бастамасы бойынша үш тілде білім беру орта мектептен бастауы міндетті. Сонымен бірге бірнеше гуманитарлық бағыттағы пәндерді қазақша не орысша оқытуын (қазақ және орыс мектептеріне де), ал ағылшын тілінде пәндерді оқытуды ұсынды. Бұл қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бастауыш сыныптан бастап міндетті түрде оқыту керек дегенді білдіреді. [2, 116]

Шетел тілдерін ерте үйрену, оны еркін меңгеру баланың ақыл-есінің моральдық әлеуетіне ие. Шет тілін ерте оқыту қарсыластарының негізгі аргументі – шет тілдің өз тілін дамытуға және қалыптастыруға теріс әсер етуі мүмкіндігі. Ал қолдаушылар шет тілдерін ерте оқыту икемді және еркін практикалық иеленуге ықпал етеді, жоғары интеллектуалды адамгершілік әлеуетке ие екендігін бекітеді. Бұл мәселе жаңадан басталып жатқандай көрінуі мүмкін, бірақ біз білім беру тарихын қарастыратын болсақ, бірнеше ғасырлар бойы шет тілінің мәселелерін ертерек қарастырғанын байқаймыз. Университеттер мектеп түлектерінің тілдік құзыреттілік деңгейімен және шет тілін үйрену үшін ең қолайлы болып саналатын мектеп білімінің бірінші жылында шетел тілдерін оқытуға көшу, яғни тілдік деңгейін көтеру тәсілімен қанағаттанбайды. Баланың ерте жасы оның психикалық қасиеттеріне байланысты тілдерді меңгеру үшін тиімді болып табылады. Мысалы, тіл туралы ақпаратты жылдам есте сақтау, тілдерді шатастырмай, түрлі тілде дауыстық ағындарды талдауға және ұйымдастыруға қабілеттілік, тілдік тосқауылдың болмауы. Ерте жастағы шет тілін меңгеру баланың жалпы психикалық дамуына, сөйлеу қабілеттеріне және жалпы көзқарастың артуына пайдалы. Зерттеушілер, 6-8 жас аралығындағы балалар үшін ана тілін меңгеру және де жаңа тілді үйрену қиын емес деп көрсеткен. [3, 56 б]

Кішкентай балалар өздерінің алдын-ала ойлап таппаған пікірлерін есте сақтау үшін аз күш жұмсайды, ойлау мен мінез-құлықтағы стереотиптерге ие, олар өте қызықты, сондықтан «жаңа ойын» ережелерін қабылдау оңайырақ болады. Шет тілдерін ерте оқыту балалардың жеке қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан, балалар мекемесінің жеке дамуы маңызды міндет болып табылады. Бұл мақсат стратегиялық болып табылады. Өйткені студенттің өмірлік белсенділігі тұрғысынан шет тілін қамтуға мүмкіндік береді және мектепке дейінгі жастағы басқа қызмет түрлерімен интегративті объективті қарым-қатынас жолдарын анықтайды. Шет тілін оқытудың бастапқы кезеңінде балалар қарым-қатынас үшін шет тілін пайдаланудың негізгі дағдыларын игере алады. Ауызша қарым-қатынаста жаттығулардың коммуникативтік бағыттылығы ауызша сөйлеуді дамыту арқылы бала естігенін айтады. Бұл көптеген психологиялық әдіснамалық зерттеулермен дәлелденеді. Балалардың шетел тілдерін үйренуде ана тілі үлкен рөл атқарады. Студенттердің ана тіліндегі тәжірибесі балалардың танымдық белсенділігін отандық және шет тілдерінің құбылыстарына қатысты болжайды. Шетел тілінен ана тіліне аудару шетелдіктерді оқудың алғашқы кезеңдерінде оқитын маңызды құрал ретінде қарастырылады. Өздерінің ана тілінің көмегімен балалар жаңа сөздер мен сөйлеудің маңызы туралы біледі. Шет тіліндегі ертегілерді оқу немесе тыңдаудағы ана тілінің рөлі маңызды, өйткені олардың мазмұны ана тілінде балаларға белгілі. Шет тілін үйрену арқылы ана тілін елемеу дұрыс емес, яғни лингвистикалық құбылыстарды түсінудің немесе толық түсінбеудің себебі болып табылатын, мысалы, лексикалық және грамматикалық материалдар. Бұл дұрыс емес сөйлеу тілінің құбылыстарын, олардың ассимиляциясының механикалық сипатына әкеледі. Оқу стилі (когнитивтік оқытудың стильдері) және жеке тұлға бір-бірінен нақты ажыратылмайды. Оқу стилі термині біркелкі қолданылмайды. Сонымен қатар, оқу стратегияларын оқу стилінен ажырату қиын. «Когнитивтік стильдер» терминімен жұмыс істеуді олар барлық түрдегі мәселелерге қарапайым көзқараспен қараумен түсіндіреді. Жоғары және Чехияда танымдық стилінің кейбір анықтамасы адамның ұйымға жақсырақ және де әдеттегі тәсілі ретіндегі ақпаратты береді. Сондықтан когнитивтік стильдерді қабылдау, іздеу және өңдеу проблемаларына қатысты. Біріншіден, социализация кезінде туа біткен немесе танылған когнитивтік стильдер, ал екіншіден, олардың қаншалықты өзгеруі мүмкіндігі. Бұдан басқа, әртүрлі жаттығулардағы сол студенттердің басқа да стилді таңдағаны талқыланады. [2, 96]

Психология ғылымында шет тілін оқытудың әдістерін зерттеу меңгерудің тек қана танымдық үдерістермен ғана емес, сонымен қатар жеке адамның эмоционалдық саласымен де анықталғанын көрсетті. К. Роджерстің гуманистік тұжырымдамасы Горькийдің туындыларында шет тілдерін оқытуға қатысты Қаран және басқа да зерттеушілер кірісті. Олар адамға, бірінші кезекте, эмоционалдық тұрғыда және шет тілін ерекше мотивациялау, алаңдаушылық және өзін-өзі бағалау, ұстамдылық және тәуекелге тәуелділікті үйрену үшін маңызды болып табылатын қасиеттерге қарап

отырды. Мотивация – кез-келген әрекеттің бастамасы. Қызметтегі прогресс мотивацияны арттырады. Өзін-өзі бағалауы төмен өте жиі «қиындықты» шектеуге әкеледі және қателіктерден қорқуымен байланысты, бұл тілді меңгеруге кері әсер етеді. Осыған байланысты жеке және ситуациялық мәселелерді бөлуге болады. [3, 126]

Мұғалімнің міндеті – баланың когнитивтік белсенділікке деген ұмтылысы болатын педагогикалық жағдайлардың барлығын анықтау. Мұғалім оқыту процесін жетілдіруі керек, бұл балаларға бағдарламалық материалдарды тиімді және жоғары сапалы түрде сатып алуға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы білім беру мектептегі пәндерді оқыту әдістерінде, әсіресе шет тілдерін оқытуда түбегейлі өзгерістерге мұқтаж. Біздің уақытымыз білім беру үдерісінде бар барлық инновациялық технологияларды енгізуді талап етеді. Шет тілдерін оқытуда құзыретті тәсіл балалардағы үш негізгі құзыреттілікті қалыптастырады: лингвистикалық, коммуникативтік және мәдениетаралық. Тілдік жүйе туралы білімді алу – бұл өзіндік мақсат емес. Лингвистикалық құзыреттілікті қалыптастыру барысында оқушының жеке басын, когнитивті мәдениеттерін, логикалық жадысын, өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау дағдыларын қалыптастыру маңызды.

Келесі құзыреттілік ұғымы мазмұны, атап айтқанда, коммуникативтік құзыреттілік тілдің ғылымының әртүрлі салаларында қарқынды дамып келеді және осы тұжырымдаманың көп қырлы әсерінің әртүрлі тәсілдері мен анықтамалары бар. Коммуникативтік құзыреттілік тілдің білуін, сөйлеу қызметінің төрт негізгі түрін: сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу сияқты функциялардың дағдыларын дамытуды қамтиды. Сөз сөйлеушінің сөздерді және грамматикалық құралдарды таңдауын талап ететін жағдайдың құрамдас бөлігі немесе сөйлеу шарттары бар. Біріншіден, әңгімелесушілер мен олардың әлеуметтік рөлдері арасындағы қарым-қатынас. Сөздік қарым-қатынастың сипаты сөйлескен адамға, сөйлеушілердің әлеуметтік мәртебесіне, олардың жасына, жынысына, мүдделеріне байланысты әртүрлі болады. [1, 146]

Осылайша, тиісті коммуникативтік дағдылар – адамның ақылы оның ауызша тілдесу машықтары ақыр соңында, қандай мақсатта оларды қалыптастыру тек тілінде немесе тілдік құзыреттілік негізінде мүмкін екенін еш күмән жоқ болады. Үшінші құзыреттілік – мәдениетаралық құзыреттілік. Бұл кез-келген оқу орнының қазіргі заманғы оқыту маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл өнімді коммуникативтік функцияларын іске асыру түрлі мәдениеттер, өзара іс-қимылға байланысты қазіргі заманғы маманның кәсіби қызметінің кросс-мәдени аспектілері болуына байланысты: келісімге қол жеткізу, қақтығыстардан өту, ымыраға келу арқылы консенсусқа жету, қарым-қатынастың бұзылуына әкелуі мүмкін коммуникациялық кедергілерді еңсеру, келіссөздердегі үзілістерге жол бермеу, команданың тиімді жұмыс істеуі, қоғамдағы әлеуметтік шиеленіс. Бітірушілердің мәдениетаралық құзыреттілігінің салыстырмалы түрде төмен деңгейі әлеуметтік маңызы бар және өздерінің елінің және әлемдік қауымдастықтың құндылық бағдарларының эрозиясына ұшыраған, қарым-қатынас пен кәсіпқойлықты шешуге дайын емес қабілеті мен дайындық мәдениетаралық коммуникацияларының тиісті сипаттамалары болып табылады.

Шетел тілдерін оқытудағы студенттердің мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы біздің еліміздің жалпы білім беру, ақпараттық және экономикалық кеңістікке бірігуінің нәтижесінде қазақстандық қоғамда қалыптасқан түбегейлі өзгерістерге байланысты, ол адамның ортақ өмір әлемінде өмір сүруіне, яғни, сындарлы диалогқа дайындалуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар кәсіби кеңістікте мәдениетаралық қарым-қатынасты тиімді түрде жүзеге асыра алатын коммуникативтік дағдылармен, мәдениетаралық көзқарастармен, мәдениетаралық дағдылармен қамтылады. Негізгі тұжырымдамалық және стратегиялық бағыт тілдің зерттелуін, осы тілде айтылған елдің мәдениетіне және мәдени құндылықтарына ерекше назар аудару керек екенін көрсетеді. [3,196] Білімнің құзыретті мазмұнына жаңа модельдің бағытталуы коммуникативтік құзыреттілік біздің өміріміздің тек қана кәсіби емес, сонымен қатар, бірге жеке және қоғамдық өмірде, сондай-ақ ксенофобияның өршуіне, климаттың өзгеруіне төзімсіздікке жол бермеуге бағытталған көп мәдениетті қоғамда қалыптасқан құзыреттілік. Бұл құзыреттерді қалыптастыру басқа мәдениеттердің, тілдердің және діндердің адамдарымен келіспеушіліктер мен түсінуге көмектеседі.

Қазіргі кезде мектептердегі білім беру қызметі белсенді оқыту әдістерін қолданумен жаңа педагогикалық технологияларды енгізеді. Себебі, оқушы оқу пәні болған қарапайым мектеп өзектілігін жоғалтады. Өз орнында оқушылар өздерінің таланттарын және жеке басын көрсете алатын, шешім қабылдауға үйрететін тағы бір мектепке келеді. Ол жан-жақты дамыту, сыни ойлауды қалыптастыру, құндылықтар, оның жеке қалыптастыру болған кезде тұлғалық-бағдарланған білім, оның қабілеттері оқушыларда болуы, ол білім беру қызметінің белсенді субъектісі ретінде, педагогикалық процестің орталығында қажет және өзін-өзі анықтау – білім берудің жаһандық мақсаты. Білім беруді жаңғыртуға арналған барлық нормативтік құжаттар, шын мәнінде, бірыңғай унитарлы мектепті ауыстыруды анықтайтын, әртүрлі, құбылмалы, көп деңгейлі орта мектепте оқитын

оқушыны құрумен бірге, тегін, дамыған және білімді адам, әлемдік қауымдастыққа кіруге және оның табысты жұмыс істеуіне ықпал ететін қарым-қатынас дағдыларын дамытып, адамның мәдениетін қалыптастырады. Өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыстар қақтығыстарды болдырмау және жеңуді білдіреді. Адамға бағытталған тәсіл білім беру жүйесінің барлық компоненттеріне әсер етеді: оқушылар қоршаған орта туралы білім алуға көмектесетін әрбір мектеп пәні, мазмұны, қағидаттары, оқыту әдістері және бүкіл оқу үдерісі үшін білім беру мақсаттарына арналған. Жоғары мектептің кәсіби даярлығын енгізу дифференция құралы болып табылады. Білім беруді жекешелендіру, оқушылардың мүдделерін, бейімділігін, қабілеттерін, денсаулық жағдайын ескеретін білім беру қызметін ұйымдастырудың нысаны, оқушылардың кәсіби ниеттеріне сәйкес даму жағдайлары. Орта мектепте кәсіптік білім беруді жүзеге асыру барысында оқушыларға бағдарланған оқу үрдісін жүзеге асырудың нақты шарты, еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, іс-әрекеттер мен құзыреттілік тәсілдерін іске асыру, коммуникацияны дамыту болып табылады.[2, 146]

Қорытындылай келе мақала бастауыш мектеп мақсаттары үшін шет тілдерін үйренуге арналған, білім мазмұны мен формалары баланың әлемі мен өмірлік тәжірибесіне байланысты. Олар баланың күнделікті өмірінде тікелей қарым-қатынас кезінде қолдануда. Шет тілдерін ерте оқыту тек қана ұзақ мерзімді және практикалық білімге ғана емес, жоғары зияткерлік, адамгершілік әлеуетке де ие. Ерте тіл үйренудің қарсыластарының негізгі дәлелі – бұл шет тілдің өз тілін дамытуға және қалыптастыруға теріс әсер етуі мүмкін. Ойды тұжырымдауын қалыптастырудың бірден бір тәсілі – сөйлеу тілін дамыту болып табылады. Сыртқы түрде ауызша, жазбаша тіл ретінде айтылған, біздің ойларымыз бен қауымдастықтарымыз болды. Қазіргі заманғы білім беру мектептегі пәндерді оқыту әдістері, әсіресе шет тілдерін оқыту үдерісі түбегейлі өзгерістерге мұқтаж. Қазіргі таңда біз білім беру үдерісінде бар барлық инновациялық технологияларды енгізуді қажет етеміз. Кәсіптік білім берудің кеңістігін құру қажеттілігі бар деп есептейміз.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Призендегі Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан», «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасы. Астана, 2007ж.
2. «Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
3. «Психологическая наука и образование» -журнал, издатель: ФГБОУ ВО «Московский государственный психолого-педагогический университет»

Сералиева А.У., Төлеубай А.А.

(Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

ДІН – ТӘРБИЕНІҢ РУХАНИ ТІРЕГІ

Ерте кезден ата-бабамыз ұстанып келе жатқан асыл дініміз Исламның адам өміріне пайдасын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ислам діні адамның шыр етіп өмірге келген кезінен бастап, өмірінің соңына дейін қызмет ететін әмбебап құрал болып табылады. Өмірдің түрлі кезеңдерінен, қиындықтарынан мұқалмай өтуге көмектесетін дініміздің мына дүниені жан-жақты қарастырып, оны шешудегі рөлінің маңызды екеніне көзіміз жетіп отыр. Діндердің ішіндегі ең озығы және соңғысы ата бабаларымыз ғасырлар бойы ұстанып келген Ислам діні екенін білеміз.

Жалпы жер бетіндегі барлық діндер бейбітшілік, рақымдылық, әділдік сияқты жоғарғы құндылықтарға негізделген. Солардың ішінде, ең соңғы кемеліне келген әрі мейірім мен рақымдылықты ту еткен дін – Ислам діні.

Дін – адамзат тарихы мен мәдениеттің ажырамас бөлігі. Дінін білген адамға тегі, тегін білген адамға діні ешқашан жат саналмайды.

Ислам діні – Алла тағаланың Мұхаммед пайғамбар салла-л-лаһу Ғалейһи уа салам арқылы жіберген ақиқат жолы. Діни ұғым бойынша Алла бір, ол біреу және бәрі соның қолында. Діннің басты негізі және мұсылмандықтың кілті – «Лә иләһа илла Аллах, Мұхаммад расул Аллах», яғни мағынасы «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі» деген сөйлемде жинақталған.

Ислам діні – ол тазалық, тәртіп, адамгершілік бастауы, имандылықтың белгісі. Адам баласын асып-таспауға, ғылым мен білімге және ынтымақта болуға шақырады.

Соның ішіндегі ең маңыздысы діннің тәрбиеге әсері. Баланы тәрбиелеуде әрбір адам Ислам қағидаларын ұстанатын болса, өскелең ұрпақ бойында жақсы қасиеттер мен қабілеттер қалыптасып, қиыншылыққа кезіккен жағдайда байсалдылық танытып, жеке тұлға ретінде өзіне және өз іс-әрекетіне жауап бере алатын деңгейде болатыны сөзсіз.

«Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз,

Қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз» деп М.Әуезов айтқандай балаға тәрбие берместен бұрын қарастырылатын жағдайға тоқталайық. Біз біреуді тәрбиелемес бұрын алдымен өзімізді дұрыстауымыз қажет. Ұрпақты тәрбиелеуде әке мен ананың рөлінің маңыздылығы жоғары. Ананың берген тәрбиесін әкесі бере алмайды, әкенің берген тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды. Баланы егіндеп, анасын жер деп алатын болсақ: егер жер қаншалықты құнарлы болса, соншалықты оның жақсы егін берері сөзсіз.

Ислам дінінің құндылықтарын жаңғырту арқылы бүгінгі қазақ ұлтының тәрбиесіндегі олқылықтарды жоюға болады. Ғылым мен өркениетті дамытуға қанша ұмтылғанымыз бен оны меңгерудің тәрбиелік негізі дұрыс қалыптаспағандықтан түрлі қайшылықтарға кездесіп жатырмыз. Ұлттық санасы мен тәрбиесі жетілмеген ұрпақтың бүгінгі өркениет жетістіктерін дұрыс пайдаланбауынан қоғамымызда орны толмас келеңсіздіктер орын алып отыр. Жалпылай ғаламдық байланыс пен компьютерлік техника, ақпараттың тасқыны бүгінгі ұрпақтың тәрбие-білім ошағына айналғанын көріп отырмыз. Нәтижесінде ата-ана мен ұстазды тыңдамайтын оқушы, кітап оқымайтын, есеп шығара алмайтын оқушы (студент), ой санасы дайын ақпаратқа машықталған және білімділерді түрлі тәсілдермен басып озуға бейімделген жеткіншектер өсіп келеді. Бүгінгі өмірдегі әлімжеттік, өзіне-өзі қол жұмсау, атыс-шабыс, кісі өлтіру, ұрлық пен тонау, маскүнемдікке салыну т.б. жан түршігерлік оқиғалардың өсіп жатқаны бүгінгі тәрбие жөніндегі ғылымның тозығы жетіп, дәрменсіз күйге ұшырағаны деп білеміз.

Бүкіл ғаламды шарпыған жайсыз әрекеттерден ұлтымызды ұрпағымызды қорғау баршамыздың борышымыз әрі міндетіміз. Олай болса бүгінгі озық үлгідегі техниканы әсіресе байланыс ақпараттық құралдарды тиімді істерге қолданудың ғылыми тәрбиелік негіздерін жан-жақты үйрету және қадағалау жұмыстары мемлекет, мекеме, оқу орындары, ата-аналар тарапынан тұрақты жүргізілсе, пайдалану ережелері мен зиянды әсерлері кеңінен насихатталса, тәрбие жөніндегі ислам дінінің қағидалары жиі айтылса қоғамды жайлаған індеттен құтылудың жолы ашылар еді.

Рухани құндылықтарымыз бен дінімізді, салт дәстүрімізді қалпына келтіру шаралары тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында қолға алынып еді. Мәселен мектептің бастауыш сыныптарында араб графикасы, Ислам діні негіздері, салт дәстүр бойынша әдеп сабақтары жүргізілгенімен түрлі себептермен жалғасын таппады. Елбасымыздың бастамасымен қоғамдағы Ислам дінінің ықпалы мен маңыздылығы ескеріліп, мешіт, медреселер мен діни орталықтар салынды. Елорда да әлемдік дәстүрлі дін өкілдерінің өзара түсінушілік пен ынтымақтастық тақырыбындағы жиындардың өткізілуі ислам дінінің абыройын көтерді. Мешіттерде намаз оқитын, медреселерде дәріс алатын, ғылым мен білімді және өнер мен кәсіпкерлікті діни тұрғыда түсінетін жастардың көбейгені қуантады. Бұл бағытта мектеп және дін тәрбиесін бірдей ұстанған ҚМДБ-ның жанынан ашылып отырған медреселерді айтуға болады. Осындай оқу орындар мен мешіт қабырғаларында білім алып, рухани және тәрбиелік тұрғыдан сусындап шыққан түлектерінің өзі жолыққанда ата-салтымыз бойынша алыстан сәлем беріп, жәрдем беруге ниет танытатына қуанамыз.

Қазақ халқы ұрпақ тәрбиесіндегі жақсы әдеттерге, имандылық құндылықтарға, ата-бабадан қалған игі мұраларға, ұлағатты өнегенің әсеріне ерекше мән берген дана. Ислам діні имандылыққа жетелейді. Имандылық – дегеніміз адамның ар-ұжданы, тазалығы, адамгершілігі, әдептілігі, әділеттілігі. Ислам дінінің адамгершіліктік нормаларында тәрбиеге қатысты қайырымдылық, мейірімділік, жақтары көп ескеріледі. Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғамда қайырымдылық тиімді. Ислам дінінің тәрбиелік маңызы зор. [2,б,60]

Ислам діні мәдениеттіліктің бастамасы, оны қорғаушы күш. Қазақ елінің рухани тұғыры Ислам мен оның құндылықтарының қайта жаңғыруы халықтың өзінің рухани түп-тамырын толық түсінуге деген ұмтылысы. Сондықтан да, қазақ халқының діни-рухани мәдениетін танып білуге ұмтылуы заңды. Діннің қалыптасуына ықпал еткен рухани құндылықтарды зерттеу қазіргі қазақ қоғамының рухани гүлденуі және діни санамыздың беріктігін нығайту үшін қажет. Қазақтың бітім-болмысын және рухани жан дүниесін айшықтайтын Ислам дінінің құндылықтары мен мәдениетін жан-жақты саралау, қазақ қоғамындағы діни төзімділік пен діни келісім мұраты жолында қызмет етпек. Қазақстандағы қазіргі діни жағдайды және дінаралық қатынасты қарастыруда Ислам дінінің қоғамдағы мәдени-діни және рухани негізде саралау өзекті мәселе. [3,б.115]

Бүгінде адамға ең қажетті нәрсе – тәрбие. Әсіресе, бұл қазіргі жастарға өмірдегі шынайы құндылықтарды ұғынуы үшін өмірде өз орнын табуы мен жалпы тіршілік жөніндегі дүниетанымын кеңейту үшін қажет. Тәрбиеге жеткілікті көңіл бөлмеушілік қоғам тарапынан жастар тәрбиесіне салғырт және немкетті қарау, кейбір шектен шыққан әдепсіздік пен арсыздықтың көрініс беруіне алып келіп отырғаны шынайылық. Жастардың ұлттық тәрбиеге қырын қарауы, бұл батыстық тұтыну мәдениетіне еліктеушіліктен туындап отыр. Сондықтан, жастарға имандылықты, ұлттық дәстүрлерді насихаттап, сөзден іске көшу керек. Салт-санамыздағы тәрбиелік мәні бар құндылықтарды жастар арасында насихаттау үшін сөз бен іс-әрекеттеріміздің арасындағы сәйкестілік болу керек. Ұлттық

рухтың уызын ұлттық құндылықтар құрайды. Ұлтына деген сүйіспеншілік тарихыңды, тіліңді, әдет-ғұрпыңды, дініңді білуден басталады. [1,б.31-38]

Қазақстан – 2050 Стратегиясында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазхабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін-ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал» – деп көрсетілген. Әрине, ұлттық дәстүрден және ата-баба дінінен хабары бар жас өзінің ұлттық болмысы мен рухани дүниесінен, ата дәстүрімен, ана сүтімен сіңген тәлім-тәрбиені өмір бойы ұстанады. Ата-баба өсиеттері, адамды тәрбиелілікке шақырып, оны игі істерге жетелейтіні белгілі. Ұлттық тәрбиенің бір негізі діни мәдениетімізде және өнегелі тәлім-тәрбиемізде жатыр. Адамзат пайғамбары: «Мен жақсы істерді жалғастыру үшін келдім», – деген. Ислам әлемі мен дініміздегі аса көрнекті қайраткер, әрі ғұлама хазіреті Әли өзінің хикметтерінде (маржан сөздерінде): «Даналықтан асқан байлық жоқ, тәрбиеден асқан мұра жоқ, кеңестен асқан қорған жоқ», – деген екен.

Қазіргі кездегі әке-шешесін, ата-әжесін, туған баласын тастап кету, жетімсірету сияқты қатыгездіктің етек алуына себепші және арақ ішу, есірткі шегу, зорлық-зомбылық, ұрлық жасау сияқты жағымсыз қылықтарға ие жандар қоғамда бар екені рас. Әдептен алыс, жан баласына әрі жат, әрі жағымсыз қылықтарды бойына сіңірген адам адамгершілік қасиеттен де жұрдай. Оның қоғамға, өмір сүріп жатқан ортасына әкелер әлегі, қауіп де зор. «Кұдайдан қорықпағаннан қорық», – дейді дана халқымыз. Иманнан жұрдай кісінің қоғамға да пайдасы жоққа тән.

Біз өмір сүріп жатқан қоғамда тәрбиенің маңызы орасан зор. Тәрбие бесіктегі баладан, еңкейген қартқа дейін қажет. Өйткені, тәрбие болғанда ғана, адамдық қасиетің пайда болып, өмірдегі рөліңді біле аласың. Қазақтың батыр тұлғаларының бірі Бауыржан Момышұлы: «Тәртіпсіз ел болмайды. Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп тәрбиенің маңызын ашып көрсеткен. Біздің аталарымыз да тәрбиенің негізгі мақсатын дап болып, өз өмірлерінде дұрыс қолданғандай сынай танытады. Бұлай дейтін себебіміз, атадан қалған ұлағатты сөздердің түп төркіні осындай тұжырымға еріксіз жетелейді. Мәселен тәрбиедегі әдептілікті мына сөзбен өрнектеген: «Әдепті бала арлы бала, әдепсіз бала сорлы бала». Міне, мұнда тәрбиеге көңіл бөлініп қарастылатын ар мәселесін әдептілікке апарып теліп, жоғарғы деңгейге көтеріп отыр. Бізді тәрбиені ар-намыспен байланыстыра отырып, негізгі мақсатқа жетудің жолын тапқан. Осының нәтижесінде өміріне адамдықты ту етіп ұстайтын қанша арыстай ағаларымыз болашақ буын өкілдеріне өшпестей із қалдырған.

Сонымен тәрбие сөзі жайында мынадай нәтижеге тоқталсақ болады:

1. Тәрбие іс-тәжірибе білімі, өзіне тән зерттеу жолы бар.

2. Ең ұлы тәрбиеші Аллаһ Тағала.

3. Тәрбиеге, мақсат пен нысанаға жету үшін өзіндік жоспары бар. Бала өскен сайын тәрбие беру жүйесін де өзгертіп отырады.

Тәрбиені басқару, білушінің білмейтінге үйретуі десек те болады. «Алдыңғы буын өкілдерінің кейінгі өкілдеріне ілім-білім мен пікірлерін үйретуі» деп айтқандар да бар.

Сөз соңында айтарымыз, Ислам дінінің бала тәрбиелеуде маңызының зор екенін байқауға болады. Ұлан-байтақ қазақ елінің өскелең ұрпақтарына салиқалы ата-анадан жақсы тәлім-тәрбие берілетін болса, біздің елдің мерейі өсері сөзсіз. “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі” дегендей, бала отбасындағы алған тәрбиесі болашақ өмірде де көмек беретіні анық. Әр адам алған тәрбиесі арқылы өзін рухани байытып отырады. Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай: Адамға ең бірінші білім емес тәрбие керек, тәрбиесіз берген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте адамға қауіп әкеледі”. Дұрыс тәрбие көрмеген адамның мына жалған өмірде ақиқатты табуда адасары сөзсіз. Шырбалаңы көп бұл фәниде адасқан жастарды кінәләй бергенше, оларға ата-анасынан дұрыс берілмеген тәрбиені сынға алып, оны барынша өзектендіру керек деп ойлаймыз. Бұл мәселені жан-жақтан талқылап, жас ата-аналарды дұрыс бағытта ақпараттандырып, алдын алып отыруымыз қажет.

Әу бастан, Аллаһ Тағаланың қалауымен ата-бабамыз арқылы жеткен Хақ дініміздің ұрпақты тәрбиелеу мәселесіндегі терең тағылымдарын айтсақ тауыса алмайтын болармыз. Ата-ананың баласының алдындағы міндеті-дұрыс тәрбие. Дұрыс берілген тәрбие келешекте сансыз көп соқпалы ғұмырда пайдасының мол екенін, ақиқатқа жету барысындағы сәуленің ұшқыны ретінде көруімізге болатынына сенеміз. Дініміздің діңгегі мықты болғай.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Исаұлы М. Отбасы ғылымхалы-Алматы, 2011
2. Қ.Бағашар. Исламдағы бала тәрбиесі, Алматы, 2010
3. Сейтбеков С. Ислам әдебі. 115-118. Шымкент, 2003
4. Қажы Халифа Алтайдың аудармасы. Мәдина, 1992
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С., Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ СТРЕСС ТУРАЛЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨМІРІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН СТРЕССТІК РЕАКЦИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазіргі таңда жоғарғы оқу орнындағы білім беру жүйесінде теоретикалық білімдерді терең меңгерген, оны практикада қолдана алатын, икемді, әлеуметтік прогрестің және ғылыми-техниканың үнемі өзгеріп отыратын шарттарына өз уақытында тез бейімделіп, келіп жатқан ақпараттарды қабылдай алатын қабілеті бар, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға байланысты маңызды міндеттер тұр. Осыған байланысты студенттердің оқу мен тәрбиелеу сапаларын дамыту күннен күнге өсуде.

Кез-келген студенттің стресстік күйлерге көзқарасы көптеген факторлар кешенімен анықталады, солардың ішінде маңыздысы студент тұлғасының индивидуалды ерекшеліктері жатады. Жеке тұлға қасиеттерінің физиологиялық сапасына адамның жоғары жүйке жүйесінің әрекет типінің (темперамент) орны ерекше. А.С.Батуевтің пікірі бойынша, ол жүйке жүйесінің жалпы қасиеттер жүйесінен құрылады: 1) экстра, интроверсия, 2) эмоционалды тұрақтылық, нейротизм, 3) қозғалғыштығы, нервтік процестерінің инерттілігі. Зерттеушілер алғаш стресстің субъективті факторларын субъекттің индивидуалдық сипаттарынан іздей бастады. Көптеп тараған көзқарастардың пайымдауынша, ер адамдар экстремалды стрессорларға көбірек әсерленсе, ал әйел адамдар біртекті стрессорларға әсер етеді деп тұжырымдайды. Көптеген жұмыстар жүйке жүйесіндегі әлсіздік-күштілік, инерттілік-қозғалғыштық сияқты ерекшеліктерді талдауға арналды. Осы мәселені анықтаудағы зерттеулер стресске тұрақтылықты қалыптастыру үшін біріншіден байсалды күш пен жүйке жүйесінің инерттілігі маңызды деп көрсетті. Соңғы кезде стресске жеке тұлға типі мен вегетативтік реакция арасында байланыс бар деген фактілер жинақталуда. осыған сәйкес, белгілі болжамдар бойынша, адамның стресске тұрақтылығын анықтайтын екі тип бар «а» және «б» [1, 41с].

Кейінірек стрессті зерттеушілердің зейіні индивидтік сипаттаулардан адамның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктеріне ауыса түсті. Бұл жеке тұлға ерекшеліктерінің стрессорларды бағалауы және қабылдауына, сонымен қатар адамдардың экстремалдық әсерлерге реакциясының тууына себепті болуымен байланысты. Стресске тұрақтылыққа әсер ететін индивидуалдық ерекшеліктердің ішінен эмоционалды сфераға байланысты бірнеше сапаларды бөліп көрсетеді, соның ішінен ерекше көңілді ашуланшақтық және үрейлену сияқты қасиеттерге бөледі. Бұл екеуі де төмен стресске тұрақтылықты анықтайды. Мұндағы жеке тұлғалық үрейленушілік стресстік жағдайларды жоғары деңгейлі адекватсыз бағалаумен ұштасса (экстремалды, қауіпті болуы), ал жеке тұлғалық ашуланшақтық – қолайсыз құлықтық реакциялар және стратегиялық құралдармен байланысты.

Стресске тұрақтылыққа когнитивті сипаттағы индивидуалдық ерекшеліктен біріншіден интеллект деңгейі және танымдық стильдер, сонымен қатар кәсіби тәжірибесі әсер етеді. Олар стрессорды когнитивті бағалаумен және стресстік жағдайға бейімделу тәсілін таңдаумен байланысты.

Стресске бейімделуге бақылау локусы мен өзіндік бағалаудың да әсері маңызды. Ішкі бақылау локусына және жоғары өзіндік бағаға ие қызметкерлер өздерінің жағымсыз жағдайларға бейімделу мүмкіндіктерін тиімді бағалайды. студенттердің стресстік жағдайға бейімделу қабілетінің маңыздылығын ескере отырып, зерттеушілер жеке тұлғаның ерекше интегративті сипаттамасы – стресске тұрақтылық қабілетін көрсетті. Стресске тұрақтылық бұл – стресс-факторлардың әсеріне ағза мен психика функциясының тұрақтылығы, олардың экстремалдық әсерлерге резистенттілігі (қарсы тұра білушілік) және толеранттығы (төзімділігі), адамның нақты экстремалдық жағдайдағы өмір және еңбекке функционалды бейімделуі, стрессорлардың әсер етуімен болған шамадан тыс функционалды бұзылыстардың орнын баса білу қабілеттілігі [2, 82 с].

Стресске тұрақтылық – өзіне және қоршаған ортасына жағымсыз әсер етпей, кәсіби әрекет ерекшеліктерімен шартталған маңызды интеллектуалды, ерік-жігерлі, эмоционалды қиыншылықтарды жеңуге мүмкіндік беретін жеке тұлға саларының жиынтығы.

Стресске тұрақтылық – адамның тұрақты сапасы емес, оны арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады.

Стресске тұрақтылық қысымды, стрессогенді әрекет кезінде қалыптасады және көрінеді. Стресске тұрақтылыққа эмоционалды тұрақтылықты, функционалды жағдайды реттеу қабілеттілігін, стрессогендік жағдайға бейімделу стратегиясының тиімділігін, т.б. қасиеттерді жатқызуға болады.

Түрлі формалы стресстік реакцияға пайда болатын адамның тұрақтылығы ең алдымен оның индивидуалды – психологиялық ерекшеліктерімен және жеке тұлғаның мотивациялық бағдарына тәуелді. Экстремалды әсерлер орындалып жатқан әрекеттің тиімділігіне үнемі жағымсыз әсер етеді деп ойлауға болмайды. Қарама-қарсы жағдайда күрделенген сәттерде қиыншылықтарды сәтті түрде жеңу мүмкін емес еді. Бірақ, стресстік күйіндегі жұмыс барысы ішкі қорлардың қосымша мобилизациялануына әкеледі, ал оның кейде жағымсыз кейінге қалдырылған салдары болуы ықтимал. «Стресстік этиология» – жүрек, қан-тамырлар патологиясы, асқазанның шаншуы, психосоматикалық аурулар, невроздар, депрессиялық күйлер – қазіргі таңдағы барлық іс-әрекет түрлеріне тән. Осы таңда патологиялық күйлердің дамуының нәтижесі ретінде қарастырылатын, адамның стресске индивидуалды тұрақтылығын зерттейтін қолданбалы зерттеулер маңызды [3, 322 с].

М.Фридман және Р.Ройзенманның зерттеулерінде басқару әрекетінде және ақыл-ой әрекетін қажетсінетін адамдардың мінез-құлықтарына, тәртіптеріне кең көлемді талдаулар жасалды. Олар екі негізгі типті көрсетті: А – стресске көп шалдығады, В – стресске тұрақты адамдар. А типтегі адамдарға олардың өмірлік стилдерін анықтайтын тым эмоционалды қылықтық синдромдар тән. оларда көбіне бәсекелестікке құмарлық, мақсатқа жетуге ұмтылу, агрессивтілік, шыдамсыздық, қобалжу, гиперделсенділік, үнемі уақыттың жетіспеушілігін сезіну қасиеттері басым. Осы қасиеттердің әсерінен жастық шағынан бастап адамдар өздерінің денсаулықтарын құрбан етуде [4, 123 с].

Жоғарыда аталған анықтамаларды, түсініктерді ескере отырып, келесідей қорытынды шығаруға болады. Сонымен, үздіксіз стресс – студент өмірінің серігі деген қағиданы растайтын көптеген зерттеулер бар. Таубэс және Коэн студенттерді зерттей келе, олардың келесідей жағдайларға байланысты стресске ұшырайтындарын анықтаған: өмір ағымының өзгеруі, бағалау жүйесі, академиялық ауыртпаушылық, достық қарым-қатынас, махаббат, жыныстық қарым-қатынас, ұялшақтық, қызғаншақтық, қарым-қатынастың үзілуі, жұмыс пен оқу, жанұя және оқу, тіл мәселесі, сабақ өткізу формасы.

Студенттердің стресске ұшырауы оның тек оқыту әрекетіне не жаңа өзгерістерге ғана байланысты емес, сонымен қатар әр түрлі өмір жағдайларына, әртүрлі басқа қызмет түрлеріне, қарым-қатынасқа, қоршаған ортасына да байланысты болады, – деп П.Т.Вонг келесідей стресстің көздерін атады: тұлғаишілік стресс, тұлғаралық стресс, жанұялық стресс, еңбектік стресс, қоғамдық стресс, экологиялық стресс, қаржылық стресс, тұлғаишілік стресс [5, 45 с].

Кәсіби стресстің пайда болу көздері мен туындайтын факторларын ескере отырып, Н.В.Самоукина кәсіби стресстің негізгі түрлерін бөліп көрсеткен: ақпараттық стресс, эмоционалды стресс, коммуникативті стресс, жетістікке жету стрессі, қателік жасаудан қорқудан туындайтын стресс, оқудағы бәсекелестік стресс, ақша табу мәселесіне байланысты стресс.

Жоғарыда аталып өтілген стрессорлардан басқа барлық студент өмірінің негізгі кезеңдерінде орын алып жататын сессия кезіндегі емтихандық стресс [6, 166 с].

Ғалымдар стресстің көрінуін төмендегідей төрт топқа бөлуде: физиологиялық симптомдары, эмоционалды симптомдары, танымдық (интеллектуалды) симптомдары, және мінез – құлықтық симптомдары.

Студенттердің стресстік жағдайға бейімделу қабілетінің маңыздылығын ескере отырып, зерттеушілер жеке тұлғаның ерекше интегративті сипаттамасы – стресске тұрақтылық қабілетін көрсетті. Стресске тұрақтылық бұл – стресс-факторлардың әсеріне ағза мен психика функциясының тұрақтылығы, олардың экстремалдық әсерлерге резистенттілігі (қарсы тұра білушілік) және толеранттылығы (төзімділігі), адамның нақты экстремалдық жағдайдағы өмір және еңбекке функционалды бейімделуі, стрессорлардың әсер етуімен болған шамадан тыс функционалды бұзылыстардың орнын баса білу қабілеттілігі. Стресске тұрақтылық – адамның тұрақты сапасы емес, оны арнайы жаттығулар арқылы дамытуға болады.

Қауіп, психологиялық стресстің шешуші факторы болғандықтан оның белгілері, өзіне тән ерекшеліктері туралы сұрақтар пайда болады. Жалпы алғанда, Р.Лазарус бойынша, реакциялардың түрлі категорияларын талдау және олардың құрылымдары (вегетативті немесе биологиялық реакциялар, мінез-құлықтың өзгеруі) біз түсінуге ұмтылатын психологиялық процестердің табиғаты туралы ең жақсы, нәтижелі жауаптар береді.

Жоғарыда көрсетілгендей Р.С.Лазарус психикалық стресске өзгеріп отыратын қауіп-қатерді талдады. адам болашақ қиын жағдайға қақтығысуын алдын ала болжайды. Ол екі фактордың

негізінде өтеді: өткенде жинақтаған тәжірибиесіне, яғни субъективті фактор ақыл-ой әрекетіне, интеллектуалды факторға тәуелді. осының себебінен қандай да болмасын бір оқиға бір адам үшін стресс, ал басқасы үшін дәл сондай жағдай стресс болмауы мүмкін. Қазіргі психологияда қауіп-қатерді интеллектуалды бағалау процесі, стресстік жағдайдағы психологиялық реакцияның пайда болуына шешуші фактор ретінде мінезделуде. Бір агентпен пайда болған стресс деңгейінің әр адамда түрлі көрініс беруі стресс проблемасының кейінгі психологиялық зерттеулерде өңделуіне әкелді [7, 451 с]

Н.И.Наенко байқағандай, мұндай көзқарас Р.Лазарус концепциясының негізгі мәні. Ол бір жағынан физиологиялық процестерге психологиялық стресстің өзіндік сапалы бейнесінің сәйкес келмеуі, екінші жағынан, бақыланып жатқан соңғы психологиялық табиғатты тікелей көндіруге болады деп, бихевиоризмнің стресс сұрақтарына қатысты жауаптарына қанағаттанғанын көрсетті.

Осыған сәйкес, стресстің танымдық теориясы оның дамуына жетекші болатын ерекшеліктерге негізделген:

- шынайы көріністердің психикаға бейнеленуі және олардың субъективті бағалануы;
- жағдайдың маңыздылығы, қарқындылығы анықталмағандығын ескере отырып, таным процесінде ақпараттың қайта құрылуы;
- осы процестерді реттеудегі және субъектінің қауіпті бағалауы мен қауіпті стимулдардағы индивидуалды айырмашылықтар.

Р.Лазарус анықтамасы бойынша, бұл теория стресс пен денсаулық арасындағы өзара байланысты қарым-қатынастарды нақты бейнелейді[29].

Адам үнемі өзіндегі жағымсыз немесе көбіне өзінің қолы жетпейтін нәрселерді өзгертуге деген ұмтылысына сәйкес стресс те қозғалыс күйімен ерекшеленеді.

Психикалық күй түрлі қоршаған ортаның шарттарына тәуелді және уақыттың өтуіне сәйкес өзгеріп отырады. адам мен қоршаған орта арасындағы байланыс бір тапсырманы орындап, екіншісіне көшуінде немесе уақыттың ағымына сай бірдей болып тұра бермейді. Р.С.Рубинштейн жазғандай, «сыртқы мінез-құлықтың өту барысындағы оның ішкі психологиялық табиғатын анықтау үшін, психика, сана әрекетсіз сыртта қалып қоймас үшін сөздің жалған мағынасына қызмет етуі керек». Басқаша айтсақ, қиын жағдай кезіндегі адамның мінез-құлық детерминациясындағы психиканың ролін анықтау керек. Мұндай жаңалықтар, адамың жағдайын, осы жағдай кезіндегі қауіпті деңгейдің дифференциациясын, стрессті жену үшін дұрыс шешім қабылдау, интерпритациялау кезінде көрініс тапқан. Осыған арналған жұмыстар көптеген зерттеулер қатарында орын алғанымен кейінгі зерттеулерде әлі де болса толықтыруларды талап етеді [8].

Психикалық белсенділіктің негізін авторлар оның шынайылығымен байланысына жанама қатысатын іс-әрекетпен емес, субъектінің өзінен іздейді. Психологиялық стресстің танымдық теориясы кейінгі шетел зерттеушілердің жұмысында дамыды. ең алдымен К.Петерсонның «пессимист түсіндіруші стилін» және М.Селегманмен Дж.Розенктоктың «денсаулыққы сендіру» моделін атап өткен жөн.

Стресстің танымдық теориясының дамуына және жетілдіруіне қарамастан, ол үнемі сыни көзқарастарға ұшырап отырды. В.А.Бодровқа сәйкес, адамдар шығындалған ресурстың орнын толтыру үшін көптеген тәсілдерді қолданады: орнын тікелей толтыруы мүмкін, жағдайды тым жоғары бағалап, енді ұтуға болатын жаңа жағдайдың кездеріне көңіл аударуы мүмкін.

Бұл теорияны стрессті қандай да бір ресурсты жоғалту категориясы арқылы бағалауға болады. Бірақ осы көрсеткішті өлшеуге арналған әдіснамалық бағыттар түсініксіз.

Г.Стокфельт бойынша стрессті тудыратын барлық стимулдар екі топқа бөлінеді:

- 1) стимулдың конативті (конацио – ұмтылу, жету) мінездемесі;
- 2) стимулдың интеллектуалды мінездемесі.

Г.Стокфельт адамның өзінің жекелігін немесе әрекетін бағалу кезеңін, жауапты және қауіпті жұмыстарды орындау барысындағы жағдаятты, интеллектуалды немесе кез-келген іс-әрекеттегі күрделі (уақыттың жетіспеушілігі, алаңдаттыратын факторлардың болуы, кедергілер т.б) жағдаяттарды, тұлға аралық байланыстардың бұзылуымен шартталған жағдаяттар стресс болып табылады.

Әрине, осындай немесе басқа да жағдаяттар кезінде субъектіде пайда болатын күйлер жағдаяттың түріне байланысты өзіндік стресстік атауға ие болды.

Әдебиет

1. Леонова А.Б., Кузнецова А.С. Психопрофилактика stressов. М., МГУ, 2013- 560 с.
2. Митева И.Ю. Курс управления stressом. – М.: ИКЦ «MapT»; Ростов н/Д: «MapT», 2004.
3. Китаев-Смык Л.А. Психология stressa. – М.:1983.
2. 4.Черепанова Е.М. Психологический stress. М.: 1996.

3. Шапарь В.Б. Словарь практического психолога/ В.Б. Шапарь. – М.: ООО «Издательство АСТ»; Харьков: «Торсинг», 2004. – 734 с.
4. Лазарус Р. Теории stressa и психологические исследования // Эмоциональный stress. – Л., 1970.
5. Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. – М.: Учпедгиз, 1996. – 704 с.
6. Сидоров П.И., Парняков А.В. Клиническая психология: учебник. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2008. – 880 с.: илл.

Туребаева К.Н., Балтымова М. Р

(Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы,

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті)

Д.К. Войтюк подчеркивает, что психологическая готовность личности является, прежде всего, динамической смысловой структурой, определяющей качество активности личности в профессии, его мотивацию и уровень способностей. Среди важнейших механизмов регуляции личностной активности в профессиональной сфере автор выделяет мотивацию и способность к рефлексии. Высокому уровню психологической готовности к профессиональной деятельности, по его мнению, отвечать и высокий уровень активности личности по ее включения в профессиональную деятельность, и именно рефлексия, как родовая способность человека, обуславливать постоянное движение в смысловом пространстве. Трансформация смысла, в свою очередь, приведет к изменению деятельности и менять самого человека, который эту деятельность реализует [7].

Многие исследователи не только подчеркивают роль мотивации в формировании готовности к профессиональной деятельности, но и вводят понятие мотивационной готовности. Так, Х.М. Дмистерко – Карабин предлагает модель мотивационной готовности будущего психолога к профессиональной деятельности, которая имеет сложную структуру и образуется следующими взаимосвязанными блоками:

I. Ценностно – смысловой блок: положительное ценностно – смысловое (в высшем проявлении – смысложизненное) отношение к профессиональной деятельности; интегрированность профессионально значимых ценностей (самосовершенствование, сохранение индивидуальности, духовного удовлетворения, творчества) в системе смысложизненных ориентаций личности будущего специалиста.

II. Блок профессиональной направленности: интерес к профессии; удовлетворенность профессиональным выбором, желание работать по специальности, наличие профессиональных целей; положительные ожидания относительно профессиональной самореализации.

III. Блок учебно – профессиональной мотивации: собственно профессиональная мотивация, которая представлена релевантным трудом психолога мотивам преобразования, достижения и коммуникации, внутренняя мотивация овладения профессией, релевантная содержанию самой деятельности, сущностью которой является желание стать квалифицированным специалистом в выбранной области.

Таким образом, основными структурными элементами мотивационной готовности, как указывает Х.М. Дмитерко – Карабин, является положительное отношение к профессиональной деятельности, интерес к ней, потребность в этой деятельности, профессиональная направленность, ориентация на ценности и достижения в избранной сфере [8].

При определении мотивационной готовности к деятельности необходимо учитывать наличие классификаций мотивов и мотивации. Так, А.Н. Леонтьев выделял мотивы смыслообразующие, побуждающие к деятельности, придающие ей личностный смысл, и мотивы – стимулы, которые выполняют функцию побудительных факторов, сопровождаясь зачастую положительно или отрицательно окрашенными эмоциями. По его мнению, в структуре одной деятельности имеют место быть оба вида мотивов, причем «смыслообразующие мотивы всегда занимают выше иерархическое место, даже если они не имеют прямой афектогенности» [9, с. 202-204].

К. Замфир, изучая специфику профессиональной мотивации, пришла к выводу, что внутренняя мотивация – это всегда понимание общественной полезности труда, удовлетворение от процесса и результатов труда. Что касается внешней мотивации, то здесь, считает она, выделяется два вида мотивации: внешняя положительная – материальное стимулирование, карьера, престиж и внешняя отрицательная – боязнь критики, осуждения, санкций, которые определенным образом сочетаются между собой [9, 8].

Следовательно, наиболее мотивационно готовым к работе может считаться тот специалист, который, сознавая смысл и необходимые результаты профессиональной деятельности, внутренне стремится к процессу ее осуществления и достижения ожидаемых им самим и обществом результатов. Понятно, что внутренняя мотивация может дополняться внешней стимуляцией как положительной, так и отрицательной эмоциональной валентности.

Таким образом, именно внутренняя мотивация является релевантной содержанию профессиональной деятельности, т.е. является источником настроенности личности, стержнем и основой ее мотивационной готовности к этой деятельности.

Профессиональная мотивация, как и готовность будущих специалистов к профессиональной деятельности формируется в течение учебного процесса в вузах. При этом профессиональная мотивация развивается как потенциальная, важным аспектом формирования которой является самопроектирование будущего специалиста, построение им профессиональных целей и включения их в жизненную программу, а также наличие позитивных ожиданий относительно профессиональной самореализации, которые должны базироваться не в романтических представлениях о профессии, а на понимании внутренней сущности будущей деятельности в целом и отдельных ее аспектов. Здесь также важно соотношение ближней и дальней временной перспективы, в частности, понимание будущим специалистом поэтапности профессионального становления и обусловленности будущих профессиональных успехов нынешними достижениями в учебе.

Таким образом, проведенный анализ существующих в современной психологии взглядов на проблему профессиональной мотивации, привел нас к пониманию, что профессиональная мотивация представляет собой динамическую иерархизированную систему мотивов, обуславливающих внутреннюю и внешнюю активность человека в профессиональной сфере, сопровождая весь процесс профессионального развития (профессионализации), начиная с возникновения профессиональных интересов к достижению наивысших уровней профессионализма в выбранной области.

Исходя из этого, в качестве основных показателей профессиональной мотивации психолога-практика были выделены:

- уровень мотивации достижения профессионального успеха (стремление к свершениям, достижениям в сфере профессиональной деятельности);
- уровень удовлетворенности избранной профессией (согласованность между целями и возможностями профессиональной деятельности и системой личностных устремлений, ценностей, смыслов);
- уровень мотивационной направленности на профессиональную самореализацию (значимость возможности реализации своего потенциала в профессиональной сфере).

Литература

1. Леонтьев Д.А. Структурная организация смысловой сферы личности: дисс. ... канд. психол. наук. – М., 1988.

2. Леонтьев Д.А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности / 3-е изд., доп. – М.: Смысл, 2007.
3. Комаревцева Е.А. Личностная и профессиональная зрелость специалиста // Ананьевские чтения – 2006: материалы научно-практ. конф. – СПб.: Издательство СПбГУ, 2006.
4. Вирная Ж.П. Мотивационно-смысловая регуляция в профессионализации психолога: дис. доктора психол. наук: 19.00.01.– Луцк, 2004.
5. Дмитерко-Карабин Х.М. Основные ориентации мотивационной готовности в профессиональной деятельности психологов. – Ивано-Франковск, 2012.
6. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. – СПб.: Питер, 2012.
7. Войтюк Д.К. Влияние рефлексии на формирование психологической готовности личности к профессиональной деятельности: дисс. ... канд. психол. наук. – Новосибирск, 2004.
8. Дмитерко-Карабин Х.М. Основные ориентации мотивационной готовности в профессиональной деятельности психологов. – Ивано-Франковск, 2004.
9. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность / Н.Леонтьев. – М.: Политиздат, 1977.

Аманбайқызы Р., Амзеева Г.Ә.

*(Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті)*

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЭВАЛЮАЦИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

«Эвалюация» термині (evaluation) қазіргі педагогика ғылымында кең таралмаған, дегенмен білім сапасын басқару жүйесі жоғары дамыған көптеген шет елдерде кең түрде қолданылады. Ол алғаш рет Ресейде 2001 жылы шыққан «Университеттегі педагогикалық білім беру: мән мәтіндік-биографиялық амал» атты кітапта қолданылды.

«Эвалюация» термині бағалау үрдісімен ғана байланыспайды, сонымен бірге білім сапасын басқаруда аналитикалық-бағалау қызметіндегі бейтарап ұғым ретінде қарастырылады. Білім берудегі эвалюация өзгерістер динамикасын бақылау үшін сандық және сапалық әдістерді есепке ала отырып, бірыңғай әдіснамалар негізінде талданатын, студенттердің құндылықтары мен позитивті сапаларын жүйелі түрде зерттеуге арналған теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік жұмыстар спектрін камтиды. Осындай тәсілмен, білім берудегі эвалюацияға келесідей бақылау-бағалау қызметінің барлық бағыттары жатады:

- Мақсат қою, әдіснамалық амалдарды анықтау (ереже бойынша, динамикалық әдістерге сүйене отырып, студенттердің сипаттамаларындағы өзгерістерді талдау);
- Логикалық және математикалық модельдерді жасау;
- Ақпараттарды талдау және жинау әдістерін таңдау;
- Зерттеушілік дизайнды жасау;
- Білім сапасын арттыру мақсатында басқару шешімдерін қабылдау үшін талдау үрдісінде мәліметтерді интерпретациялау және өңдеу әдістерін анықтау.

Эвалюация педагогика, психология, экономика, менеджмент және басқа ғылымдардың тоғысқан жерінен табылады, онда оның теориясы пәнаралық сипат алады. Эвалюацияда сандық әдістерді қолдану факторлық талдау, дисперсиондық талдау, метаталдау, математикалық-статистикалық аппаратты пайдалануды талап етеді. Білім сапасын басқару теориясы эвалюацияда объектілерді талдауда оған синергетикалық және үрдістік амалдарды ендіреді. Ақпараттарды жинаудың сапалық әдістерін қолдану кезінде сарапшылар қатыстырылады, анкета мен интервью қолданылады. Білім беру ұйымдарында іс-әрекеттердің тиімділігін бағалауға білім беру саласына кететін қаржылық шығындарға қатынасын талдау жатады, сондықтан кірістер тиімділігін қарастыру кезінде әлеуметтік-экономикалық объектілерді талдаудың сандық әдістері мен түрлі бағалық әдістер қолданылады. Білім беру менеджменті мен эвалюация арасындағы байланыс EQUIS және ИСО 9000 сапа стандартын қолдануды қажет етеді.

Біздің заманымыздағы білім берудегі эвалюацияның қалыптасуы мен дамуы ХХІ ғасырда болған жаһандық мәселелермен байланысты. Бүгінгі күні менеджмент қызметтері, әдістері, процедуралары және технологиялары әр түрлі салада, сондай-ақ білім беру саласына да кең түрде ендірілуде. Барлық әлемде білім беру саласында құрамына ақпараттық жаңа технологияларды ендіруге, адамзаттық ресурстарды тиімді орналастыруға, басқару шешімдерін қабылдауда тәуекелдерді бағалауға, жаңалықтардың тиімділігін жоспарлауға мүмкіндік беретін мониторинг, бенчмаркинг, әлеуметтік-экономикалық жүйелердің дамуын стратегиялық басқару артықшылықтары және жүйелік амалдар кіретін басқару теориясының парадигмасы нығайтылуда.

Бұл тенденциялар білім беру жүйесі жоғары дамыған көптеген мемлекеттерде көрініс табады. Ресей мен Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім берудің барлық аспектісін қамтитын және эвалюацияға негізделетін сапа менеджмент жүйесі енгізілді. АҚШ пен Канадада педагогтарды, басқарушыларды және әр түрлі елдердегі әлеуметтік сала қызметкерлерін біріктіретін бағалаушылар ассоциациясы – American evaluation Association (AEA) және Canadian evaluation Society ұйымдастырылды. Жыл сайын конференциялар ұйымдастырылады, білім берудегі эвалюация мәселелері бойынша ғылыми әдебиеттер, журналдар және энциклопедиялар шығарылады. Эвалюация білім беру жүйелері үшін қажет болып табылады, онсыз білім берудегі көптеген мәселелер өз шешімін таба алмауы мүмкін.

Тексеру құралдары туралы педагогтардың біріге отырып жасаған ұсыныстары мен ғылымға дейінгі формаларына әкелетін тест тарихы басқа елдер секілді Ресейде де XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында басталды. Бұл кезеңде тесттерді педологияда басқа психометрикалық әдістемелермен тең түрде насихаттаған эксперименталдық педагогика өкілдері кең түрде қолданды. Сол кезеңнің А.П.Болтунов, А.Ф.Лазурский, А.П.Нечаев, Ф.Е.Рыбаков және т.б. сияқты танымал мамандары өз зерттеулерінде тесттерді кеңінен қолданды [1].

Кеңес одағының алғашқы жылдарында Ресейде ілгері дамуға ұмтылыстар ағымында білім берудегі Ресей ғылымында жинақталған потенциалды сұранысқа ие болды. Тесттік әдістемелер дамыған кеңес педологиясының тарихында өз жұмыстарын балаларды дамыту және оқыту нәтижелерін бағалауға арнаған сол кезеңнің танымал ғалымдары болды (М.Я.Басо, Л.С.Выготский, А.П.Болтунов, П.П.Блонский, К.Н.Корнилов, А.П.Нечаев, А.Р.Лурия және т.б.) Алайда кеңестік Ресейдегі тестілеушілер (тестологтар) мен педологтардың белсенді қызметінің ғұмыры қысқа болды. 1936 жылы тестті зиянды әдіс деп таныған «О педологических извращениях в системе Наркомпросов» ВКП(б)-ның қаулысы шықты. XX ғасырдың 90-жылдарының басына дейін көптеген жылдар бойы тесттерге деген қатынас жағымсыз түрде болды. Саяси репрессия тоқтаған кезеңде педагог-практиктер тестілеуге көше бастады. XX ғасырдың 60-жылдарының басында көптеген мұғалімдер формалды көрсеткіштерге емес, оқу үрдісінің шынайы сапасын қамтамасыз ету үшін бақылау кезінде тест формасындағы тапсырмалар жиынтығын қолдана бастады.

XX ғасырдың 60-шы және 90-шы жылдардың басындағы уақыт аралығы Отандық мектептер үшін либерализация кезеңі болды. Бұл кезеңде тесттер жартылай жария етілді. Оған деген ресми түрдегі тиымдар әлі де өзгертілмеген болатын, бірақ жаңалықтардың тиімділігін бекіту үшін құрал ретінде тесттер мен сауалнамалар қолданылған педагог-жаңашылдардың жұмыстары пайда болды. Тестілеу мәселелері бойынша диссертациялық зерттеулердің алғышарттары қолданылды. Осы кезеңде педагогикалық өлшеу теориялары тәжірибе мен салмақты ойлау негізінде жасалды.

Бағдарламалық оқытудың интенсивті дамуымен байланысты XX ғасырдың 60-70 жылдары тәжірибеде қолданылған жауаптарды таңдауда сенімділігі мен валидтілігі бойынша негізделмеген тапсырмалар жиынтығы болды. XX ғасырдың 80-шы жылдарының ортасында біздің елімізде оқытушылардың ғылыми және әдістемелік жұмыстарында тест сипаттамаларын статистикалық талдау және білім сапасын өлшеудің эмпирикалық верификация қажеттілігін декларациялайтын педагогикалық өлшеу теорияларының негізгі нұсқаулары бекітіле бастады[2].

Қарапайым тапсырмалар жиынтығы ретінде тест жөнінде ғылыми түсінік пайда болғанда тұтастай қарастырылатын тест дамуының уақыттық аралығы ілгері даму кезеңі болды. Бұл кезеңде білім беруде тестті қолдайтын, сондай-ақ оны сынайтын Отандық авторлардың көптеген мақалалары мен оқу құралдары, осы мәселе бойынша ғылыми басылымдар пайда бола бастады.

Ресейде тесттің жаңа тарихы басқарушылық жөнінде емес, оқу үрдісін ғылыми негізделген, ақпараттық қамтамасыз етілген тест туралы көбірек айтыла бастаған кезде XX ғасырдың 90-шы жылдары басталды [44]. Білім берудегі тест мүмкіндіктері жөнінде жаңа түсініктің пайда болуы ғылыми зерттеулердің өсуіне септігін тигізді. XX ғасырдың 90-шы жылдары білім берудегі тестілеу және өлшеу мәселелері бойынша жұмыстар пайда болды, докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалды, журналдар, оқу құралдары, монографиялар шығарылды, симпозиумдар мен конференциялар жүргізілді.

Ресейде XX ғасырдың соңғы он жылдығы тестті құру және қолдану бойынша практикалық жұмыстармен айналысатын құрылымдардың қарқынды даму кезеңімен сәйкес келді. Бұл кезеңнің негізгі оқиғалары 1990 жылы сапалы мамандар дайындау мәселелері бойынша Мәскеу институтының Зерттеу орталығында педагогикалық өлшеу кафедрасы ашылды. Осы жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Гуманитарлық технологиялар» тестілеу орталығы құрылды. Білім сапасы орталығы Институтының РБА жалпы орта білім беру оқу жетістіктерін бағалау бойынша салыстырмалы халықаралық зерттеуге қатысты және т.б. XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап Ресейдің барлық

аймақтарында білім беру сапасы орталықтары, диагностика бойынша әдістемелік лабораториялар, студенттерді аттестациялау және тестілеу орталықтары құрыла бастады.

Педагогикалық өлшеу бойынша кадрларды дайындау саласындағы маңызды оқиға 2001 жылы Ресей университетінің халықтар достығы біліктілікті арттыру факультетінде тестология кафедрасының ашылуымен байланысты болды. Осы кафедрада алғаш рет қосымша «Тестолог» біліктілігін алу үшін 1480 сағатқа есептелген кәсіби білім беру бағдарламасы жүзеге асырыла бастады.

Мәскеу институтының сапалы мамандар дайындау мәселесі бойынша Ресейде 2000 жылы Зерттеу орталығында тесттік материалдардың сапасын арттыру үшін педагогикалық тест материалдарының сертификация орталығы ашылды және педагогикалық тест материалдарының сапасын сертификациялау мәселелері бойынша Ресейде Білім министрлігінде Үйлестіру кеңесі құрылды.

2001 жылы Ресейде және Қазақстанда тесттің ресми түрде мойындалуының арқасында БҰТ-ті ендіруге байланысты эксперименттің жүргізілуі, мұғалімдердің тестке деген қатынасының түбегейлі өзгеруіне себеп болды. Эксперимент өткізілген жылдары ЖОО-на абитуриенттерді іріктеу кезінде жоғары болжам жасау, БҰТ ұпайларының негізделгендігіне және жоғары объективтілігіне көзі жеткен мұғалімдер, білім беру ұйымдары, білім беруді басқару ұйымдары тарапынан тестілеу нәтижелеріне деген сенімділік деңгейі көтерілді. 2002 жылы Ресейде іс-әрекеттің басым бағытының ҰБТ үшін бақылау өлшеу материалдарының ғылыми, әдістемелік және ұйымдастырушылық үрдістерінің қатар жүретін педагогикалық өлшеу институты ашылды.

Тесттің дамуына қорытынды жасай отырып, бүгінгі таңда ғалым-педагогтардың арасында педагогикалық өлшеу – сапалы педагогикалық тесттерді өңдеу үшін қажет әдістері мен аппараты, әдіснамасы бар ғылым деген түсінік пайда болды. Бүгінгі күні отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық тест бойынша инновациялық жұмыстары, сондай-ақ тесттік мәселелер бойынша арнайы журналдар көп таралыммен шығарылды. Осылайша, қазіргі сәтте Ресейде тестті қолдану және өңдеу бойынша кәсібимамандардың қауымдастығы құрылғаны мәлім.

Шетелде педагогикалық тесттердің пайда болуы француз дәрігері және психологы А.Бине есімімен тікелей байланысты. Оның 1905 жылы шыққан интеллектуалды қабілеттерді диагностикалау бойынша еңбектері психологияда және білім беруде өлшеуге негізгі ғылыми амалдар қалыптасуының себебі ретінде есептеледі[3]. Әрине, мұндай тесттерді құрудың алғышарттары ертеректе жасалды. Британ зерттеушілері Ф.Гальтон және Дж.Кэттелл 1890 жылы «интеллектіге арналған тест» терминін қолданды. Оларға өлшенетін өзгермелілер бойынша сыналушылардың қабілеттерін саралауды көрсететін тест сапасын арнайы сипаттайтын ғылыми айналымға жатады.

Сәл кейінірек А.Бине идеяларын IQ интеллект-коэффициентін бағалау үшін арнайы коэффициентті ұсынған неміс психологы және философы В.Штерн қолданды. Бұл термин әлі күнге дейін қолданылады. АҚШ-та А.Бине еңбектерін өлшеу бойынша Л.Терман жалғастырды. Ол А.Бине жұмыстарының түпнұсқалық модификациясын көрсететін жаңа тесттер (Стенфорд-Бине) жасады.

XX ғасырдың екінші онжылдығындағы өлшеу саласындағы жетістіктер АҚШ-та бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде әскерге шақырылғандарды орналастыру мәселелерімен байланысты болды. АҚШ үкіметі өлшеу бойынша сарапшылар, статистиктер мен тест құрастырушы мамандардан «ми орталығын» ұйымдастырды және олар әскери қажеттілігіне қарай тапсырмаларды шешу жұмыстарына жіберілді. Бұл орталықта Э.Торндайк, Р.Годдард, П.Йеркс және Л.Терман секілді танымал мамандар жаңадан келген адамдарды іріктеу және орналастыруға өз күштерін біріктірді. Олардың жұмыстарының нәтижесінде әскер үшін Альфа және Бета тесттері белгілі болды. Кейіннен олар білім берудегі тест өңдеушілерді оқыту кезінде мысал ретінде қолданыла бастады.

АҚШ-тың білім беру жүйесінде алғаш рет стандартталған өлшеу жұмыстары XX ғасырдың 20-шы жылдардың аяғында арифметикалық әрекеттерді орындау және дұрыс жазу, қолтаңбасының сапасын бағалау үшін жүргізілді. Сол уақытта Америкада абитуриенттерді оқуға қабылдауға арналған колледждер кеңесінің инициативасы бойынша жасалған SAT тестілер жүйесі пайда болды. XX ғасырдың 40-шы жылдарының аяғында мектептегі түрлі пәндер бойынша нәтижелерді салыстыруды қамтамасыз ететін және көпөлшемді өлшеу идеяларын жүзеге асыратын тест жетістіктерінің жүйесі жасалды.

1904 жылы ағылшын ғалымы Ч.Спирменнің жалпы интеллектуалдық қабілеттерді зерттеу бойынша іргелі теориялық еңбегі жарыққа шықты. Ч.Спирмен түрлі пәндер бойынша мектептегі бағаларды қолдана отырып, оқушылардың бағаларының ковариациялық мысалдарын айқындады және сол тестілеуге түзету үшін жаңа аппаратты қолданды. Ол өзінің ізін басушы психологтардың балалар қабілетін бағалау тәжірибелері мен түзету әдістерін, физикалық өлшеу теорияларын өз зерттеулеріне қоса отырып, тест сапасын негіздеуге ғылыми тұрғыдан келудің негізін қалады [4].

Қорыта айтқанда, білім берудегі эвалюация өзгерістер динамикасын бақылау үшін сандық және сапалық әдістерді есепке ала отырып, бірыңғай әдіснамалар негізінде талданатын, студенттердің құндылықтары мен позитивті сапаларын жүйелі түрде зерттеуге арналған теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік жұмыстар спектрін қамтиды. Эвалюация білім беру жүйелері үшін қажет болып табылады, онсыз білім берудегі көптеген мәселелер өз шешімін таба алмауы мүмкін.

Әдебиет

1. Трайнев В.А, Мкртчян С.С, Савельев А.Я. Повышение качества высшего образования и болонский процесс. Обобщение отечественной и зарубежной практики.- М: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2007-392с.
2. Уксикбаева А. XXI ғасыр деңгейінде білім беруге жаңа технологияларды енгізудің мәні мен маңызы // Мектеп (Шымкент); 2008 №6 10-14б.
3. Шишов С.Е., Кальней В.А. Школа: Мониторинг качества образования. – М.: Пед. общество России, 2000. – 320 с.
4. Балыкбаев А.Т., Омирбаев С.М., Абдыхаликов А.Т.и др. Развитие национальной системы оценки качества образования: Отчет о НИР. – Астана 2005. – 120 с.

Баярыстанова Э.Т., Елубаева Г.

(Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті)

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ: ТӘСІЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАР

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай жоғары білім беру жүйесінің үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің бүкіл қызметін осы бағытта құруы – заңды құбылыс, себебі қоғам өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының жаңаша мазмұны мен сипатына қарай және еңбек сапасына қойылатын талаптың жоғарылауына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білімі мол мамандарды қажет етеді.

Осыған орай қазіргі таңда маман даярлау ісінде пәндік білім беру парадигмасынан құзыреттілікке бағытталған оқыту моделіне, яғни күтілетін нәтижеге бағдарлану орын алуда. Болашақ маманның өзінен күтілетін нәтижелерге, жетістіктерге бағдарлануы студенттердің біртұтас әмбебап білім, білік, дағдылар жүйесін және өздігінен жұмыс жасау, жеке басына жауапкершілік алу, шығармашылық ықылас пен ұтқырлық таныту секілді маңызды сапаларын, яғни тірек құзыреттерін қалыптастыруды және дамытуды қажет етеді.

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «оқытудан күтілетін нәтижелер Дублин дескрипторлары негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді» деп жазылған. Ал «дескриптор (descriptors) – студенттердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтағанда игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы» ретінде анықталған.

Аталған құжатқа сәйкес бірінші деңгейдегі (бакалавриат) дескрипторларға:

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саладағы проблемаларды шешу;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;
- 5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттері жатады [1].

Білім беру жүйесіне қатысты құзыреттілік мәселесін зерттеуде И.А.Зимняя, А.В.Хуторский, Н.В.Кузьмина, Л.В.Свирская және т.б. ресейлік ғалымдар, А.Б.Абибулаева, К.Құдайбергенова, Б.Тұрғынбаев, Ш.Таубаева сияқты отандық ғалымдар үлкен үлес қосып, ғылыми-теориялық талдаулар жасаған. Педагог-ғалымдар құзыреттілік ұғымына, оның түрлеріне жан-жақты сипаттама беріп қана қоймай, сонымен бірге құзыреттілік тұрғыдан білім беру тәсілдерін де іздестірген. Олар құзыреттілік тұрғысынан білім берудің басты ерекшелігі дайын білімді игерту емес, білімді өз бетімен игеруге, оны практикада қолдана білуге жағдай туғызу екендігін баса ескертеді.

И.А.Зимняя құзыреттілік ұғымын адамның әлеуметтік біліктілік сипаттарымен көрінетін зияткерлік және тұлғалық білімдеріне негізделген белсенді түрде қалыптасқан жеке қасиет ретінде түсіндіреді. Ғалым құзыреттіліктің білім, білік, дағдыдан айырмашылығын төмендегіше көрсетеді:

- білімнен айырмасы – алған білімі ақпараттық сипатта қалып қоймай, өнімді қызмет формасына айналады;

- дағдыдан айырмасы – алған білімі бойынша берілген материалдарды жинақтап, ережелер мен заңдылықтарды шығармашылықпен пайдаланудағы сапалы қызмет;

- біліктіліктен айырмасы – алған білімін интеграциялау (кіріктіру) арқылы қалыпты емес жағдайдан шыға білудегі даралығы [2, 36-37 б.].

Қазақстандық ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ш.Т.Таубаева құзыреттілікті былайша пайымдайды:

- адамның өзіндік әлеуетін жүзеге асырудағы қабілеттілігі және оған деген ұмтылысы;

- өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін шығармашылық табысқа жетуде көрсете білуі;

- өз әрекетінің нәтижелерінің әлеуметтік мәнін түсінуге жауапкершілікпен қарау және одан әрі жетілдіру қажеттігін түсінуі [3, 4 б.].

А.Б.Абибулаеваның еңбектерінде білім беруге құзыреттілік тұрғысынан келуде күтілетін нәтижелер ретінде үздіксіз білім беру жүйесін дамытудың төмендегідей мүмкіндіктері айқындалады:

-білім алушылардың өзбетіндік, танымдық, практикалық іс-әрекет дағдысын қалыптастыру;

-өздігінен білім алуды дамытуда оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын тиімді пайдалану;

- білім берудің даралап оқыту принципі негізінде оқу процесін даралауды жүзеге асыру;

- білім алушының табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығын әлеуметтік сұранысқа негіздеу [4, 6 б.].

Құзыреттілік мәселесін қарастырудағы маңызды бағыттардың бірі – оларды жіктеу.

И.А.Зимняя «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының арақатынасын зерттей келе, құзыреттер адамның ішкі, жасырын жатқан психологиялық сапалары болып табылады және топтаса келе тұлғаның құзыреттілігі ретінде байқалады, ал құзыреттілік адамның акмеологиялық даму формасын білдіреді, яғни тұлғаның белгілі бір білім сатысын аяқтаған және сол білімдер негізінде нәтижелі, өнімді іс-әрекетке дайындығын (қабілеттілігін) көрсететін сапасы деп есептейді. Осыған байланысты, ғалым тірек құзыреттіліктерін үш топқа біріктіреді: 1) адамның өзін тұлға, субъект ретінде қабылдауына байланысты құзыреттіліктер; 2) тұлғаның өзге адамдармен қатынасына, әрекеттестігіне қатысты құзыреттіліктер;

3) адамның негізгі іс-әрекетіне (қызметіне) байланысты құзыреттіліктер [1, 38 б.].

Кәсіби білім беру жүйесінде кең таралған жіктеудің авторы А.В.Хуторский. Зерттеуші кез келген маманның кәсіби қызметінің маңызды бөлігі ретінде кәсіби құзыреттілікті көрсете отырып, оның мынадай түрлерін ажыратады:

- құндылықты-мағыналық;

- жалпымәдени;

- оқу-танымдық;

- ақпараттық;

- коммуникативтік;

- әлеуметтік-еңбекті [5, 60 б.].

Аталған құзыреттіліктердің қай-қайсысының да мәнділігін кемітуден аулақ бола отырып, коммуникативтік құзыреттіліктің болашақ педагог-психолог үшін маңыздылығын қарастырайық.

Коммуникативтік құзыреттіліктің түйінді рөлін дәлелдейтін фактор – коммуникация, яғни қарым-қатынас жасау ұғымының өзі барлық басқа құзыреттіліктерді іске асыру мен дамытудың бірден бір шарты болып табылады.

Коммуникация латынның «communication» сөзінен шыққан, латын тілінен аударғанда, қарым-қатынас орнату, байланыс жасау, бір-бірімен араласу, қатысу деген ұғымды білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде оның төмендегідей үш мазмұны нақтыланады:

– коммуникация – кез келген материалдық және рухани әлем объектісіндегі байланыс құралы (белгілі бір құрылым);

– коммуникация – тілдесу, қатынасу құралы (адамдардың бір-бірімен өзара әрекеті мен ақпарат алмасуы – жеке аралық коммуникация);

– коммуникация – (қарым-қатынас және қоғамда ақпарат алмасу құралы (қоғамдық санаға әсер ету – әлеуметтік коммуникация).

Кәсіптердің «адам-адам» шеңберіне енетін педагог-психологты кәсіптік даярлауда коммуникативтік құзыреттілік базалық көрсеткіш ретінде анықталады. Себебі оның мазмұны мынадай әмбебап іскерліктерді қамтиды:

- өзге адамның пікірін «есту», тыңдау және түсіне білу (хабарлама, ұсыныс);
- өзгелермен мәмілеге келе білу (бірлесіп әрекет ету немесе өз іс-әрекетіне араласпау туралы);
- өз пікірін, көзқарасын анықтап, оны сөзбен рәсімдей білу және, қажет болған жағдайда, қорғай білу;
- сөйлесуге бастамалық таныта білу және диалогты қолдай білу;
- өзінің жағдайын, қажеттілігін, тілегін түсіндіре білу;
- сұрақ қоя білу;
- нақты жағдайға сәйкес қарым-қатынас стилін таңдай білу.

Қазіргі педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде коммуникативтік құзыреттілікті зерттеудің екі тәсілдемесі қарастырылады: теориялық және практикалық.

Теориялық тәсілдеме аясында ғалымдар коммуникативтік құзыреттілік ұғымын, оның құрылымын, қалыптасу және даму шарттарын, күнделікті өмірдегі және кәсіби қызметтегі орны мен рөлін қарастырады.

Практикалық тәсілдеменің өкілдері коммуникативтік құзыреттілікті дамыту және жетілдіру ісіне ерекше мән береді.

«Коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына қатысты жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде бұл ұғымды түсіндіруде, мән-мағынасын ашуда бірізділік жоқ екені байқалады. Себебі бір еңбектерде «тілдік білім, білік және дағдыларды меңгеру десе, екіншілерінде «коммуникативтік дағдылар», үшіншілерінде «коммуникативтік қабілет», кейінгі қолданыста «коммуникативтік құзыреттіліктер» деп аталып жүр.

Қазіргі заманғы зерттеулерде берілген ұғымдарды талдау мен пайымдау жалғасуда, ол жаңа мазмұнымен толықтырылуда. Осыдан аз уақыт бұрын коммуникативтік құзыреттілік тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығы ретінде түсінілсе, ал қазіргі таңда неғұрлым кең мағынаны қамтып, тұлғалық аспектіні кірістіріп отыр.

В.Н. Куницына коммуникативтік құзыреттілікті «күрделі коммуникативтік дағдыларды игеру, жаңа әлеуметтік құрылымдарға барабар іскерліктерді қалыптастыру, тілдесудің мәдени нормаларын білу, тілдесу саласындағы дәстүрлерді білу және сақтау, кәсіби қызмет шегіндегі рөлдік репертуарды меңгеру» деп анықтайды [6, 12-14 б.].

Ю.Н. Емельянов коммуникативтік құзыреттілікті жағдайға бейімділік, әлеуметтік мінез-құлықтың вербалды (сөйлеу мен сөзге негізделген) және бейвербалды (сөзге негізделмеген) тәсілдерін еркін меңгеру ретінде қарастыра отырып, оның құрылымында мынадай компоненттерді көрсетеді: 1) жалпы қабілеттер (білімді игеруге қатысты); 2) коммуникативтік білім, білік, дағдылар; 3) дербес ауыспалылар (Мен-концепция, иілімді нұсқаулар, қатаң ұстанымдар) [7, 89-90 б.].

Коммуникативті құзыреттілік ұғымын педагог-психологқа қатысты қарастыра отырып, Е.А. Климов оның мынадай негізгі ерекшеліктерін көрсетеді:

- үйрете білу, тәрбиелей білу, басқара білу;
- тыңдай білу;
- ой-өрісінің кеңдігі;
- тілдік (коммуникативтік) мәдениет;
- ақыл-ойдың рухани бағыттылығы;
- адамның ішкі жан-дүниесін түсіне білу;
- адамның жақсы жаққа қарай өзгеру мүмкіндігіне сенімділік;
- байқампаздық;
- әдеттен тыс жағдаяттарды шеше білу;
- өзін-өзі реттеудің жоғары дәрежесі [8, 73-74 б.].

Педагог-психологтың кәсіби коммуникативтік құзыреттілігіне белсенді тыңдау, кері байланыс орната білу, клиентті қашықтықта ұстай білу және эмоциялық жанасудан аулақ болу, объектілер мен құбылыстарды дұрыс және барабар қабылдай білу жатады. Сонымен бірге маманның маңызды коммуникативтік қасиеттеріне тілдесуге бейімділік, жанасымдық, шиеленістерді шеше біру, вербалды және бейвербалды қатынас құралдарын жетік меңгеру, өзін-өзі еркін ұстау, өнегелілік, сыпайылық кіреді.

Коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі қайнар көздері қарым-қатынас тілін білу, тұрмыстық және іскерлік тұлғааралық қарым-қатынас тәжірибесі, жалпы білімдарлық, тілдесудің ғылыми әдіс-тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Қорыта айтқанда, құзыреттілікке нәтижеге бағытталған білім беру жүйесінің сапалық өлшемшарты ретінде қарау және зерттеу – бүгінгі күн талабы. Мақаланың мазмұнын түйіндей келе, коммуникативтік құзыреттілікті қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын құндылық пен бағыт-бағдардың қосындысы ретінде педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің негізгі құрамасы екенін атап ескертеміз.

Әдебиет

1. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген).
2. Зимняя И.А. «Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования» // Высшее образование сегодня. 2003, №5, С.35-41
3. Таубаева Ш.Т. Государственные общеобязательные стандарты высшего профессионального образования: методология, теория и технология проектирования в компетентностном формате. // В мире образования, 2006, №1, С. 3-9
4. Абибуллаева А.Б. Новая научная парадигма образования в становлении профессиональной компетентности педагога. // Вестник КазНТУ им. Абая, серия «Педагогические науки», 2005, № 2 (10). С. 3-6
5. Хуторской В.А. Ключевые компетенции как компонент личностно- ориентированной парадигмы образования. // «Народное образование», 2003, №2, С.58-68
6. Куница В.Н., Казаринова Н.В., Погольша В.М. Межличностное общение. Учебник для вузов. – Спб.: Питер, 2001. – 544 с.
7. Емельянов Ю.Н. Активное социально-психологическое обучение. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1985. – 168 с.
8. Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – Ростов-на-Дону: Изд-во «Феникс», 1996. – 249 с.

Берекбусунова Г.М.

*(Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Қазақтың спорт және туризм академиясы)*

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Еліміздегі қоғамның барлық салаларында болып жатқан өзгерістер жоғары мектеп модернизациясына да аса маңыздылық пен уақтылық беруде. Жоғары білімнің мақсаты, міндеттері және қызметтері өзгеруде, құрылымы мен мазмұны жаңаруда.

Жоғары білімнің мақсаты жоғары сапалы білім алуда қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның қызығушылығын қанағаттандыру, әр адамға оқытудың мазмұнын, формасын және мерзімін таңдауда кең мүмкіндік беру болып табылады.

Юнеско Конвенциясында атап көрсетілгендей, мұғалім – ерекше мамандық. Оны ерекше қылатын – мұғалімге тұлға ретінде қойылатын талаптар (ой-өрістің кең болуы, иновацияларға деген қызығушылық пен дайындық, жауапкершілік сезімі, психологиялық тұрақтылық); маман ретінде қойылатын талаптар (арнайы жоғары білімнің, оқыту саласындағы терең білімдердің болуы); білім беру саласындағы шебер ретінде қойылатын талаптар (оқытудың әдістерін, технологияларын, техникалық тәсілдерін меңгеру); тұлға мен азаматтың рухани бейнесін қалыптастырушы тәрбиеші ретінде қойылатын талаптар.

Педагогикалық іс-әрекетке деген осындай қоғамдық маңыздылық – болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауды жақсарту тәсілері мен құралдарын, педагог тұлғасын кәсіби қалыптастыру шарттарын дамылсыз іздеуге себеп болып табылады. Танымал психолог ғалымдар Ф.Н. Гоноболлинаның, В.А. Крутецкийдің, Н.В. Кузьминаның, Ю.Н. Кулюткинаның, В.А. Слостенинаның, А.И. Щербакованың терең және мазмұнды зерттеулері педагогикалық іс-әрекет спецификасы, мұғалім профессиограммасын құру, педагогикалық қарым-қатынас, педагогикалық қабілеттіліктер, педагогикалық такт сияқты мәселерді қамтиды. Г.Д. Бабушкин болса педагогикалық іс-әрекетке деген кәсіби қызығушылықты қалыптастырудың психологиялық негіздерін қарастырды.

Аталмыш зерттеулер болашақ маманды кәсіби даярдауда оның полибағыттылығын кешенді түрде қалыптастыруға деген ықпалды туындатты. Педагогикалық іс-әрекетке мұндай тұрғыдан қарау мектеп практикасының сұранысынан туындап отыр. Яғни, мұғалімнің ерте «педагогикалық дағдарысы», «педагогикалық тозуы», «кәсіби стагнациясы (тоқырауы)» сияқты құбылыстарды жеңу (алдын алу) үшін қажет.

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау күрделі және көпқырлы үрдіс. Оның негізін құрайтын педагогикалық бағыттылық болып табылады [1, 476.].

Л.М. Митина бойынша, педагогикалық бағыттылық мұғалім тұлғасының интеграциялық сипаттамаларының бірі және мұғалімнің кәсіби дамуының (өзін-өзі дамыту) нысаны болып табылады [2, 152 б.].

Біздің ойымызша, педагогикалық бағыттылық – бұл тұлғаның мұғалім болуға және мұғалім болып қалуға деген ұмтылысы. Педагогикалық бағыттылық мұғалімнің бүкіл кәсіби өмірлік іс-әрекетінде және де жекеленген педагогикалық жағдайларда оның қабылдауын, мінез-құлық логикасын, бүкіл бет-бейнесін анықтайды.

Е.Н. Роговтың пікірінше, педагогикалық бағыттылықтың [3, 120 б.]. қаншалықты дәрежеде қалыптасқаны оның дамуының әр түрлі деңгейлерінен және деформациялардың пайда бола бастауынан көрінуі мүмкін. Деформацияның бар болуы өзінің пәні мен ісіне деген селқостыққа, әлеуметтік жауапкершіліктің болмауына, оқытудың қарапайым ережелерінің бұзуға, өз іс-әрекетінің гуманистік мәнін түсінбеуге және дұрыс бағаламауға әкеледі.

Өкінішке орай, педагогикалық университеттер мен колледждерге түскен жастардың барлығында дерлік педагогикалық бағыттылық бола бермейді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде абитуриенттердің педагогикалық мамандықты таңдау мотивтері келтірілген [4, 254б.]. Соларды есепке ала отырып, біз дене шынықтыру сабағының мұғалімі мамандығына түскен 1-курс студенттеріне сауалнама жүргізіп, олардың мотивтерін анықтадық. Алынған нәтиже бойынша келесі мәселе анықталды:

- психология және педагогика пәндеріне деген қызығушылық – 13%;
- өзін балаларды тәрбиелеуге арнау – 27%;
- жоғары білім алу тілегі-38%;
- өзінің психологиялық-педагогикалық қабілеттерін ұғыну-2%;
- мамандықтың қоғамдық маңыздылығын, беделділігі туралы көзқарас – 2%;
- жағдай солай болды – 5%;
- жақын адамдардың кеңесі бойынша – 8%;
- өзгеше себептер – 2%.

Сауалнама нәтижесіне сай, болашақ мұғалімдердің жартысынан азы ғана мамандық таңдаған кезде өз тұлғасының кәсіби-педагогикалық бағыттылығына сәйкес мотивке жүгінеді екен.

Ал, С. П. Крягжде көрсетуінше [5, 23б.], тіпті ұзақ уақыт еңбек етіп келе жатқан мұғалімдердің басым көпшілігінде (74%), егер алғаш мамандықты таңдаған сәтте педагогикалық бағыттылық болмаса, кейіннен қалыптаспайды да екен. Осыған В. Б. Ольшанскийдің де мәліметтері дәлел бола алады: кәсіби даярлықтың соңына қарай студенттердің төрттен бір бөлігі ғана мұғалім болу – олардың мақсаты екенін мойындады.

С. В. Бобровицкая [4, 24 б.] мәліметтері бойынша, педагогикалық ЖОО бірінші курстарының тек 43% ғана кәсіпті меңгеруге бағытталған. Ал олардың ішінде тек жартысы ғана балалармен жұмыс істеуді және қарым-қатынас жасауды ұнататындарын айтқан. Қалғандары педагогикалық ЖОО-на тек ғана қандай да бір пән ұнағандықтан немесе интеллект деңгейін жоғарлату үшін ғана келгенін айтыпты.

Студенттердің екінші басым бөлігі (57%), өздеріне педагогикалық білім алу мақсатын қоймаған және де мамандық бойынша жұмыс істегілері келмейді екен. Олардың педагогикалық ЖОО-на түсу мотивтері: оқуға түсудің жеңіл болуы (олардың пікірінше), әскерден қашу (жігіттерде), қатарластырмен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі, өзін-өзі анықтауға уақыт қажет болғандықтан, жоғары білім туралы дипломның беделді болуы (жоғары білім емес, тек дипломның болуы).

Е. И. Роговтың сауалнамасы бойынша, мұғалімдердің 40 % мүмкіндік болған жағдайда басқа мамандыққа ауысып кеткілері келетінін білдірген.

Әрине, педагогикалық бағыттылықты құрайтын мотивтер ғана педагог іс-әрекетіне негіз болмайды. Бірақ, олар да маңызды.

Педагогикалық іс-әрекетке деген бағыттылық педагогикалық шеберліктің маңызды қыры болып табылады. Педагогикалық шеберлік болса жалпы педагогикалық қабілеттерден және кәсіби-педагогикалық бағыттылықтан тұрады. Олар өз кезегінде екі тұрғыдан қарастырылады: кәсіби қызығушылық және мотивация; педагогикалық бағыттылық.

Қызығушылық, педагогикалық бағыттылық белгілі бір ішкі бірлікті, кәсіпті терең игеруді қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау үрдісінде басым бағытты өзгерту қажет. Білім беру сапасын және кәсіби құзыреттілік деңгейін жоғарлату үшін бірінші кезекте педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру керек екендігі айдан анық. Студенттердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру оларды маңызды кәсіби білімдер мен ептіліктерді белсенді меңгерге итермелеп, кәсіби салада табысты іс-әрекет атқаруға ішкі түрткі болады.

Әрине, болашақ мұғалімдердің педагогикалық бағыттылығын қалыптастыру – күрделі әлеуметтік және педагогикалық үрдіс. Педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтаудың дамуымен, тұлғаның кәсіби-маңызды сапалары мен қабілеттерінің дамуымен байланысты.

Сондай-ақ, педагогикалық бағыттылықтың компоненттік құрамы мәселесі, олардың қалыптасқандығын анықтау критерийлері, болашақ мұғалімдерді даярлау үрдісінің спецификасы және қызметі сияқты мәселелер әлі де жауабы табылмаған сұрақ болып табылады. Және де келесі ғылыми іздесі пен зерттеулерімізге түрткі болары сөзсіз.

Себебі, қазіргі қарқынды өзгеріп жүріп жатқан білім беру жүйесіне бәсекеге қабілетті, әлеуметтік және кәсіби ұтқыр, қоғамның әр түрлі саласындағы өзгерістерге белсенді, әрі саналы түрде қатыса алатын құзыретті маман керек. Ал, ондай маманды даярлатын кәсіби білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқыту барысында студенттердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығын жүйелі түрде қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Громкова М.Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности.- М.: Юнити. -2003. 415 с.
2. Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя.- М.: Academia. – 2004, 318 с.
3. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании: учеб. пособие. – М.: Владос. – 1995, 529 с.
4. Ильин Е. П. Психология для педагогов.- СПб.: Питер. – 2012. 640 с.
5. Крягжде С. П. Управление формированием профессиональных интересов // Вопросы психологии.- М.- №3, 1985. С. 23-31

Бердібаева С.Қ., Файзуллина А.К., Бердібаев С.Қ.
(*Казахстан Республикасы, Алматы қаласы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті1; Астана қаласы, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті2).*)

ПСИХОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАПОНИЯДАҒЫ МАЗМҰНЫ

31-әлемдік психология конгресі жұмысы барысында Жапония мемлекетіндегі іс-сапарда Жапон психологиялық ассоциациясының жұмыстарымен танысу барысында төменде баяндайтын зерттеу нәтижелері қатты қызығушылық тудырды.

Жапон университеттерінде психологиялық білім беру ерекшеліктері мен құрылымын зерттеу осы бағдарламаның болашағы үшін жапон психологиялық ассоциацияның және білім беру комитетінің аса маңызды зерттеулерінің бірі болып табылады.

Осы зерттеуде Жапониядағы психологиялық білім беру бағдарламасын зерттеген білім беру комитеті мен Жапон психологиялық ассоциациясы зерттеуге 443 сыналұшыларды қатыстырып, 378 колледж және университеттер мен аспирантураның бағдарламалары негізінде зерттеген нәтижелерді талдайды.

Зерттеу нәтижелері келесі мәліметтерді баяндайды: (А) жапонияда психология бакалаврын жекеменшік университеттер, яғни ұлттық және қоғамдық университеттер қамтиды (психологияны бітірушілердің 71% бакалаврды, магистрлердің 60%, философия докторанттары 83 % қамтиды); (Б) оқытушылардың көп бөлігі клиникалық психология мен дамудың білім беру психологиясы бойынша мамандандырылған; (В) оқытудың үстем формасы – дәрістер мен семинарлар; (Г) психологияның бағдарламасының басым көпшілігі универсал дағдылардың негізінде студенттердің академиялық және универсал дағдыларын жақсартуға ұмытылады. Осы зерттеудің барысында зерттеушілер ұсынған әдіс, жапониядағы психологиялық білім беру бағдарламасындағы оқу жоспарын түрлендіруді және универсал дағдылар негізінде студенттердің академиялық дағдыларын жақсарту.

Білім беру комитеті мен Жапон психологиялық ассоциациясы бірлесіп жапониядағы студенттер мен бітірушілердің психология бойынша алатын білімдері мен психологияға оқыту бағдарламаларын арнайы зерттеу барысында анкета сұрақтарына оқытушылардың құрамы жайлы, бағдарламаның мазмұны, оқыту стилі, бітірушілердің жұмыс орындары жайлы сұрақтарды ендірді.

Алғашқы психология секциясын (kouza-жапон тілінде) 1890 жылы Империя Университетінде (қазіргі Токио университеті) профессор Юджиро Моторо ашқан. Екіншісін 1906 жылы Киото Империя университетінде (қазір Киото университеті) профессор Мататаро Мэт-сумото ашады. 1945 жылға дейін жапония университеттерінде психологияның 15 бағдарламасы болған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін бағдарламаның саны өседі. Әсіресе эксперименттік және білім беру

сұрақтарына екіпін жасалады. Алайда жапон университеттеріндегі психология бағдарламасы басқа елдердегі бағдарламаларға сәйкес болмаған.

Зерттеудің негізгі мақсаты елдегі психология бағдарламасын беру университеттерінің көбейе бастауымен байланысты болды. 1988 жылдан бастап сол ұлғаюға байланысты әсіресе әлеуметтік қажеттіліктен туындаған клиникалық психологтарды сертификациялау жүйесінің ұсыныстары бойынша клиникалық қызмет көрсету дамыды.

Бұл күндері жапониядағы психология бағдарламалары өте аса танымал болып табылады 1990 жылдары шамалап ол бағдарламалар саны 200 болды және бағдарламалар басқа социология және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында да дами бастайды.

Жапониядағы психология бағдарламасы 4 жылдық студенттік бағдарлама және 2 немесе 5 жылдық мамандану бағдарламасы болып бөлінеді. Бакалавр бағдарламасында 1 курс студенттері басқа студенттермен бірге кіріспе дәрістер мен семинарлар өтеді. 2 курста статистика, эксперименттік әдістер және арнайы курстарды 2 курста өтеді. Ал негізгі дәрістер мен практикалық курстар 3 курста өтсе, 4 курста қорытынды тезистерді беретін курстар оқытылады.

Жапонияда психология магистратурасы 2 жылдық болса, докторанттар 3 жылдық оқу бағдарламасын, ал зерттеушілер 5 жылдық курс бағдарламасын және практиктер мен мұғалімдер үшін 2 жылдық магистрлік бағдарламалар жұмыс жасайды. 1988 жылдан бері клиникалық психология бойынша сертификациялауды басқару жапон қоры магистр дәрежесін алу үшін сертификацияланған клиникалық психолог болуды талап ете басатаған. Соның нәтижесінде сертификацияланған бітірушілердің клиникалық психология облысында саны өскен.

Психология бойынша білім берудің мақсаты Жапонияның ғылыми кеңесі мен психология және білім беру комитетімен анықталады. Осы білім беру бағдарламасы психология бағдарламасын оқитын студенттер үшін төрт мақсатты анықтайтын бағдарды қамтиды: адамды толық объективті түсіну, әркелкілік және ортақтық (универсальность и разнообразие), адамдар мен қоршаған ортаның өзара әрекеті, кәсіби қабілеттіліктер.

Сонымен қатар төрт ортақ дағдыларды белгілейді: әртүрлі болашақтар, сыни ойлау, проблеманы табу және шешу және коммуникация. Мәселен американдық психология оқу бағдарламасы, америка психологиялық ассоциациясы белгілегендей олар да төрт негізгі дағдыларды қамтиды

(психологиялық білімдер базалары, ғылыми тапсырыс және сыни ойлау, әлемдегі және әлеуметтік жауапкершілік пен коммуникация және мақсаттың мазмұнына шоғырланған кәсіби даму).

Бұл зерттеу, білім беру бағдарламасының мақсатын осы осы ұсыныстарға байланысты зерттейді. Осыған орай кәсіби мәліметтерді талдаудың мақсаты жапондық психологияның мұғалімдері бәсекеге қабілетті болу үшін неге сенеді соны анықтау болды. Осы дағдылардың ішінде қайсысы нәтижелерді көрсете алатынын зерттеу барысында анықтайды.

Зерттеу барысында жапондық психология білім беру бағдарламасының нәтижелерін 49 мемлекеттің нәтижелерімен салыстырады. Соның негізінде жапониядағы психологиядан білім беру бағдарламасы болашақта қанадай болу керек соған екпін жасайды.

Зерттеуде қолданылған методологиясына тоқталсақ, алдын ала жүргізілген сұрақнама 2013 жылы наурыздан қыркүйек айына дейін өткізіледі. Екі беттен тұратын анкета жапонияның барлық университеттері мен аспирантураларға және 816 колледжге жіберіледі. Анкетада психология бойынша оқытушылар қаншалықты сізді қызықтыра алды және оқу жоспары қалай өткізілді деген сұрақтарға жауап алу мақсатында жүргізілді. Жалпы алғанда осы анкетаға 336 факультет декандары мен кафедра меңгерушілері анкетаға жауап берген.

Жапонияда 2014 жылдың есебі бойынша мен ғылым және техника министрлігі, білім беру министрлігі, мәдениет министрлігі, спорттық жарысу министрлігі, 781 университет пен 352 колледж бар. Алғашқы талдау мен жапония психологиялық ассоциациясының тізімін санай отырып әрі кепіл беретін сертификатқа үміткерлерді қосқанда, 941 факультет пен 778 колледж, университеттер мен аспирантура зерттеу объектісі болып бекіді.

Анкета 2 түрлі болды басты анкета және қосымша анкета. Басты анкета Жапония университеттеріндегі психологиялық білім беру сұрақнамасы 9 беттен тұрды, соларды таратып психологиялық ассоциацияға қайтарылады. Анкетаны 2014 жылдың қаңтарына дейін жауап беру ұсынылды, кейбір анкеталар толтырылмады және толтырмай қайтарылды, ақырында 443 факультет пен 378 колледж, университеттер мен аспирантура жауап берді, ал қайтару жылдамдығы 47% құрады. Осы 443 факультеті 3 категорияға бөледі; «психология магистр бағдарламасы өте маңызды (n=124), «психология магистратура бағдарламасынсыз-ақ аса маңызды (n=104), «ең басты бағдарлама емес» (n=215).

Зерттеуде қолданылған анкета 10 бөлікке бөлінген. Олардың ішіндегі 5 және 7 пункттер 2010 жылы 49 мемлекетке жүргізілген анкета сұрақтары ендірілді. Ақпараттық сұрақтардан бөлек

оқытушылар, профессорлар, дәріскерлер, доценттер саны және олардың ішіндегі уақытша оқытушылар санын көрсету ұсынылған. Психологияда оқытылатын 31 курстан қайсысы элективті, қайсысы міндетті соны атау керек. Және қаншасы ағылшын тілінде жүреді және қайсысы аптасында ең көп қамтылатыны, диплом алғанға дейін қандай дағдыларды қалап игергің келеді деп, 15 пункт дағдылар тізімі беріледі.

4 типті дағдылар 2 категорияға бөлінген: ғылыми зерттеу сауаттылығы дағдысы; профессионал психолог үшін дағдылар; жұмыс орнындағы дағдылар, өмірге қажетті дағдылар. Сонымен қатар бұрын бітіріп кеткендер қандай мансап жасап жатыр хабарыңыз бар ма, ең соңында психологияны оқытып жатқан оқу бағдарламасының қиындықтары мен мәселелері туралы сұрплады.

Лудоманиямен ауыратындар жеңіл-желпі жолмен ақша тапқысы келетін адамдар деуге де болады. Мұндай ойынға құмартатындардың ішінде күйбең тірліктен бой жазып, бір сәт тыныққысы келетіндер де, жалғыздық пен басындағы проблемасын ұмытқысы келетін ерекше әсер іздегіштер де бар. Лудоманияға шалдығу үшін бірер аптаның өзі жетіп жатыр. Алғашқыда жеңіске жетіп, азғантай ақшаға құнығып алған ойыншы жетістікке үнемі жете беремін деп ойлайды. Сөйтіп қалтасындағы соңғы тиынынан қағылғанша мол қаржыға кенелетіндей күй кешеді. Құмар ойындар – қылмысқа алып келетін психологиялық фактордың бірі. Ақшасынан ұтылған жағдайда күш көрсетуге, ұрлық жасауға немесе үйіндегі заттарды сатуға, ұтылыстың орнына қымбатты қомақты заттарды берулеріне еріксіз мәжбүр болады. Тағы белгілі бір химиялық емес тәуелділікке «гэмблинг» деп аталатын патологиялық ойын құмарлығы жатады. Осыдан 100 жыл бұрын ғалым Э. Крепелин құмар ойындарға қызығушылық ол патологиялық қалып деп сипаттаған.

«Гэмблингтің ерекшелігі – ойыншы ойынның импульсіне қарсылық білдіре алмайтын жағдайға тап болады және оның жекелік, отбасылық, кәсіби жұмыс жағдайы бұзылады, түрлі проблемалар туындайды: қомақты қарыздар және оның кейіннен өсуі, отбасындағы қарым-қатынастың үзілуі, алаяқтық және қаржы-несие іс-әрекеттерінің шектелуі. Соңғы кезде ішімдікке салыну, нашакорлық тәрізді дерттердің қатарына ойынқұмарлықта қосалды. Ғалымдардың пікірінше, ойынқұмарлықтың қауіптілігі нашакорлықтан да асып түседі. Нашакорлық пен маскүнемдіктен емделу қандай қиын болса, ойынқұмарлықтан арылу одан қиын деген тұжырым орын алып отыр. Техника дамыған сайын тәуелділіктің түрлері де жаңарып қосылған жағдайы бар. Мысалы, атақты Ресей ғалымы В.Д.Менделевич ұялы телефонға қатысты тәуелділіктік былай дейді: «Интернет-аддикция спеттес SMS-тәуелділікте де біз барлық технологиялық аддикцияға тән феномендермен кездесіміз және ұялы телефонға тәуелділер оны байланыс құралы деп қолданбайды, оны басқадай аддиктивті мінез-құлық формаларын іске асырудың тәсілі ретінде пайдаланады [3, 515 бет].

Негізінен, ойынға құмар адамдарды екі топқа бөлуге болады: *біріншісі* – қоғамның әлеуметтік қорғалмаған кедей тобынан шыққандар, олар үлкен ұтысқа қол жеткізіп, байлыққа бірден белшесінен батып қалғысы келеді. Қандай да жолмен болса да оңай олжаға кенелуге, жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүріп ақша табуға ұмтылғандар. *Екіншісі* – ақшасын қайда жұмсарын білмей жүрген шенді-шекпенді, бай-манаптар. Бұлардың бәрі де осы құмар ойындардың тұтқыны, құлы, құрбаны болып отырғаны бізге мәлім.

Біздің өмірімізге компьютердің енгеніне көп болмаса да, ол балалардың санасын асқан жылдамдықпен жаулай бастады. Қазіргі кезде жастар, әсіресе балалар үшін, компьютерлік ойындар – көңіл көтерудің ең бір кең тараған түрі. Олар компьютер арқылы ауани (виртуалды) әлемге кіріп алып, шындық өмірден қол үзіп, қиял әлеміне тереңдеп еніп кетеді. Сондықтан мең-зең күйге енген балаларын ата-аналары түсіне алмай, «баламның компьютер ойын дарына осынша берілуі жақсылық па, әлде сор ма?» деген сұраққа жауап іздейді. Бұл соңғы уақытта қаладағы адамдардың бәрінің көкейінде жүрген сауал десе де болады. Кейінгі кезде психологтардан, дәрігерлерден кәметтік жасқа толар-толмас бозбалалар мен бойжеткендердің ата-аналары көбірек кеңес сұрай келетіні қоғамды алаңдатпай қоймайды. Өкінішке орай, олар өздерін «аурумын» деп есептемейді. Психологқа, жүйке жүйесін тәуелділіктен сауықтыратын мамандарға баруға арланады. Өйткені дені сау адамға «шектен тыс құмарлыққа беріліп, ауру адамға айналдым» деп мойындау кімде-кімге оңай емес.

Әдетте компьютерлік ойындардан бас алмай, содан шыға алмай айналып қалатындар: өзіне сенімсіз, жалтақ, жуас, жеке жүретін бұйығы балалар. Ондайлар айналасындағы адамдардан дос таппай, іштей өзін жалғыз, қорғансыз, керексіз сезінетіндіктен олар қоғамнан оқшауланып, өзінің әлемін – виртуалды әлемнен табады. Виртуалды әлем шын мәнінде жоқ, бұлдыр қиял (иллюзиялық)

дүние болғанымен, ол сол ғажайып ғаламда «өмір сүруді» арман етеді. Ата-анасының кейбір шектеулерімен келіспей, ер жеткендігін мойындатқысы келіп, өзінше әрекет етуге ұмтылатын жасөспірім әдемі жұмбақ әлемге кіріп алып, содан шыққысы келмейді.

Ойыншының компьютерлік ойында «бас батыр» кеіпіне еніп қиратып, өртеп, ұрып-жығып жеңіске жеткен сайын адреналині көтеріліп, ал басылып қалған жағдайда өзін жағымсыз сезімге алып келетін ауруға тап болады. Ол ендігі сәттерде күнделікті қанындағы осы ойыннан алатын адреналиннің қажеттілігін іздеп, ойынға деген құмарлығы күн сайын жоғарлай түседі. Кейде компьютерлік ойыннан апталап, айлап бас көтермейтін жастар шынайы өмір мен компьютердегі қиял әлеміндегі өмір екеуінің ара жігін ажырата алмайтын да жағдайға тап болады. Сүйікті ойындарындағы басты кейіпкерлер: кісі өлтірушілер, басқыншылар, басқа планетаның тұрғындары, жын-шайтандар болғандықтан, ойындағы жадына сіңген қатыгездік әрекеттерді өмірде де жасағысы келеді. Соның салдарынан болар жастар арасындағы қатыгездік жиі орын алуда: кісі өлтіру, тонау, өртеу, зорлық-зомбылық т.б. қылмыстық әрекеттер тағы т.с.с. факторлар қылмыстық әрекеттің негізіне айналады.

Уақыт өткен сайын компьютерге телмірген тәуелділер қатары көбеймесе, азаймайды. Өйткені соңғы уақыттағы дағдарыстың салдарынан жұмыссыз қалғандар, уақытында отбасын құра алмаған қыздар мен егде жігіттер, әлеуметтік жағынан қамтылмаған, қандай да жолмен болса да оңай ақша табуға ұмтылған кедейлер, әке-шешесінің арқасында қай жерді басарын білмей жүрген байдың балалары, сол сияқты қиял әлеміне еніп, шыға алмай қалған, жүйке жүйесі нашар, өз еркіне ие бола алмайтын адамдар – бұлардың бәрі де осы компьютерлік құмар ойындардың тұтқыны. Тағы бір айта кетерлі жайт бұл дертке біздің елдің тұрғындары ғана емес көрші мемлекеттерді де алаңдатуда. Мәселен, Ресейдің Денсаулық сақтау министрлігі компьютерлік ойындарға тәуелділікпен бір Мәскеу қаласының өзінде 300 мың адамның ауыратынын мәлімдеген, көршіміз Қытайдағы 87 миллион компьютер қолданушылардың 4 миллионы компьютерлік құмар ойындарға тәуелді көрінеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша компьютер алдында көп отыратын ересек адамдардың 92 пайызы жұмыс соңында өзін жағымсыз сезінеді екен және көп жағдайда зақымдалатын ағза мүшесі – ол көз. Бес-алты сағат компьютер алдында отырған адам «компьютерлік көру синдромуна» шалдығатыны тәжірибелік тұрғыда дәлелденген [4, 52-56 бб.].

Компьютерлік тәуелділіктің қалыптасуын анықтайтын негізгі критерийлер:

– себепсіз қозғыштық немесе енжарлық, көңіл-күйдің жиі құбылуы, сынға, ескертулерге, кеңес бергендерге ауыр түрдегі жағымсыз жауап, ата-аналарына, достарына байқататын келеңсіз мінез-құлық, қарсылық;

– танымдық процестердің (естің, көрудің, зейіннің) нашарлауы;

– үлгерімнің төмендеуі, сабақты жиі босатуы;

– бұрын маңызды болған адамдармен: туыскандармен, достармен, жақындармен қарым-қатынастың шектелуі, оның аумағының біршама өзгеруі, күдікті қатынастарға бет бұру т.б.;

– бұл уақытқа дейінгі қызықты болған істерден, әуестіктен, сүйікті істен бас тарту;

– үйдегі құнды заттардың, ақшаның жоғалуы, бөгде заттардың пайда болуы, қарыздардың көбейюі;

– бұрын-соңғы байқалмаған салақтықтың, ұқыпсыздықтың орын алуы;

– күйзеліс, қорқыныш, мазасыздық сезімдердің көрініс беруі [5, 118-121].

Тәуелділік мәселелерін зерттеуші А.Е.Войскунский Интернет-тәуелділіктің мінез-құлықтағы келесі көріністерін сипаттайды. *Біріншіден*, ойыншының көңілін, ойын Интернеттен бөлгенде ол наразылық, ашулылық, ыза сезімін байқатады. *Екіншіден*, зейіннің басқа жаққа аударуға мәжбүрсіздік білдіру. *Үшіншіден*, Интернет желісіндегі ойыншы үй тіршілігін, қызметтік міндеттерді, керекті жекелік және іскерлік кездесулерді ұмытуы. *Төртіншіден*, Интернетке барлық жан-тәнімен берілген ойыншы басшының, жақын туыстарының сын ескертпелерін қабылдамау, көңіл аудармауға тырысуы, соның салдарынан қирау, өзін қоршаған жақын адамдардан қол үзуі. *Бесіншіден*, түнгі уақыттарда Интернет желісінде жүйелі түрде болуы ойыншының ұйқтау мерзімін қысқартады, сол себептен оның денсаулығы нашарлай бастайды; уақытымен тамақтану, гигиена мәселесі ұмытылады, кездейсоқ және бірқалыпты тамақтармен көректену орын алады [6, 90-100].

Әрине компьютерлік ойынның бәрі бірдей зиянды деу аса дұрыс емес. Алайда сол қарапайым түріндегі ойын қай кезде қатыгездікке жол ашады және оның қандай дертке алып келеді деген сұраққа бүгінгі күні жауап айту оңайлыққа түспейді. Қандай ата-ана болса да баласы компьютерді тез үйреніп, өркениеттің өрге басқан өрендерінен қалмайтынын танытса, ата-ана кәдімгідей марқайып, қуанып қалатыны сөзсіз. Бостан-бос көше таптап, болмаса есірткі мен ішімдікке бейім ортаға түсіп, жанбай жатып өшкенше, баланың үйде, компьютердің алдында отырғанын қай отбасы жеккөрсін?

Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» [7] қабылдаған заңбаптары өзінің қауқарсыздығын көрсеткенін байқатады: үйлердің бұрыш-бұрышынан жасырын түрде ойын

автоматтарын заңсыз ашылуы, казино мен ойын автоматтары арнайы аймақтардан (Қапшағай және Шортанды) тыс жерлерде орналаспауы; букмекер кеңсесі, құмар ойындар, оның ішінде заңсыз лотерея, ақшаға спорттық покер ұйымдастыру, онлайн-казиноларын ашу және жастары 21-ге келмеген азаматтардың құмар ойындарға бәс тігіп қатысуына тыйым салу т.с.с. заңды баптардың бұзылуын байқатады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Акажанова А.Т. Девиантология. Оқу құралы.– Алматы: NURPRESS, 2014. – 126 бет.
2. Александров С.Г. Психологическая зависимость от азартных игр и пути ее преодоления//Феноменология и профилактика девиантного поведения: Материалы Всероссийской научно-практической конференции, 19-20 октября, 2007. – Краснодар: ун-т МВД России. – 170 с.
3. Менделевич В.Д. Руководство по аддиктологии. СПб, 2007. – 768 с.
4. Соколова И. Информация общества: угроза или благо?// И.Соколова. Психология здоровья. – 2008. – № 1. – 52-56 бб.
5. Змановская Е.В. Девиантология (Психология отклоняющегося поведения). – М.: Академия, 2004. – 288 с.
6. А.Е. Войскунский. Актуальные проблемы психологии зависимости от Интернета // Психологический журнал. – 2004. – Т.25. – № 1.
7. Қазақстан Республикасының 2009.05.04. N 157-IV жылы қабылданған «Ойын бизнесі туралы» Заң.

Аманбайқызы Р., Әмзеева Г.Ә., Алтаева А.И.

*(Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті)*

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰРПАҚ ДАЯРЛАУДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

«Бала дамуының ең шарықтау шегі –
бұл тіл мен ойдың шығармашылығы»
Л. С. Выготский

Елбасы Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдаған жолдауында «Біздің міндет жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу», - деп ұстаздар қауымының алдына жаңа міндеттер қойды.

Адамзат баласы үнемі үздіксіз дамушы процесте болады. Қазіргі таңда білім алу үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалынған, адам дамуы үшін білімнің алғашқы сатыларының бірі – мектепте білім алады. Ғылымның, білімнің фундаменталды қаланатын кезі бастауыш сынып.

Бастауыш сынып – оқушы тұлғасының қалыптасуы мен дамуының басты баспалдағы. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу үздіксіз білім берудің алғашқы баспалдағы. Білім берудің алғашқы сатысында оқушы әріп танып, жаза білуге, дұрыс, жатық оқуға, өз ойын ауызша, жазбаша жеткізе білуге, мазмұндауға үйренеді. Бастауыш білім көлемі 1-4 сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай жасалған бағдарлама мазмұнына сай қалыптасады. Қазіргі уақытта еліміздегі бастауыш мектептердің іс-тәжірибесінде бірқатар педагогикалық технологиялар кеңінен қолданылуда, оқушыға оқыту процесінде тиімді, оң ықпал ететін технологияның бірі – сын тұрғысынан ойлау [2,108бет].

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қалай түсінеміз?»- деген сұраққа жан – жақты жауап іздеп көрейік. Әрине зерттеу барысында міндетті түрде ұлы педагог ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйенуіміз қажет.

Мәселен, «Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?» – деген сұраққа ағылшын ғалымы Д. Крустер сыни тұрғыдан ойлауды өзіндік және жеке ойлау,- деп анықтама бере отырып, егер сабақ сыни тұрғыдан ойлау ұстанымдарына негізделсе, онда әр оқушы өз ойын, өз пікірін, өз бағалауын ешкімге тәуелсіз түрде құратын еді,- дейді.

Психолог ғалым В. Г. Крутецкийдің берген анықтамасы менің көңілімнен шықты. Себебі, ол «Ойдың сыншылдығы – бұл адамның өзінің және басқалардың ойларын белсенді бағалау дағдысы, барлық ұсынылған ережелер мен қорытындыларды нақты және жан-жақты тексеру», - дейді [4,372бет].

Атақты ғалым Л. С. Выготский: «Өзінің психологиялық үрдістерін түсіну және игеру ғылыми ұғымдардың есігі арқылы келеді», - деген еді. Бастауыш сынып оқушыларының ойлау үрдістерін өз бетімен ұйымдастыру ең алдымен бірлескен оқу әрекетінде пайда болады. Қазіргі кезде балада

ойлаудың ерекшеліктерін жоғары қарқынмен мақсатты қалыптастыру мүмкін екені дәлелденіп отыр. Ойлау – бұл оқуға, жазу іскерлігіне, сөйлеу мен тыңдауға ұқсас үрдіс [2,290 бет].

А.Рысбаева бұл жөнінде: «Сыни ойлау бұл оқушының білімді меңгерудің әдіс- тәсілдерін іріктеп алуға және әр түрлі формаларын таңдауға мүмкіндіктер туғызады», - дейді.

Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес, шындалған ойлау. Жалпы сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік пікірін ортаға салу тек ересек адамдарға ғана тән деп ойлау қателік, себебі баланың «Мені» 3 жастан қалыптасады, яғни бастауыш сынып оқушыларының да, мектепке дейінгі жастағы бүлдіршіндердің де өз көзқарастарын білдіруге шектеу жасамау қажет.

Әрбір адамзат өзіндік көзқарас негізінде ғана бәсекелестік қоғаммен бірге дамып, ілгері жылжып отыруға қабілетті және ойлау қабілеті шындалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөссіз.

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін таба білетін проблемаларды айқындаудан басталады, яғни оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды [5,291бет].

Бастауыш сынып оқушыларына да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шындалып, белгілі бір жетістіктерге жететіні сөссіз.

Қазақстанда сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы ХХІ ғасырдың 90 жылдарынан бастап мұғалімдер үшін ерекше орынды иелене бастады. Бұл аталмыш технологияның бірден-бір мақсаты: оқыту процесі барысында үлкен жетекшілік іс-әрекеттің негізі білім алушылардың пікірлерін ортаға салуы, ішкі ойлары мен ұсыныстарын талдауға, сыни көзқарастарын еркін жеткізе алуға бағыттайды.

Біздің елімізде ДЖ. Соростың ашық қоғам институты « Сорос Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибесіне ене бастады. Сыни ойлауды қалыптастыру барысында міндетті түрде оқытушының іс- әрекеті негізінде, оқушыларда пікірлер, ойлар пайда бола бастайды. Мұғалім мотивация әрекетін жүзеге асырушы. Сыни ойлауға апаратын қатаң реттелген белгілі бір талаптар жоқ [3,291бет].

Дегенмен сыни ойлауды дамытатын оқу шарттары мыналар:

- Оқушыларға ойланып – толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;
- Әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;
- Оқушылардың оқу үрдісіндегі белсенділіктерін мадақтауы;
- Сыни ойлау тәжірибесі үшін уақыт пен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету [3,292бет].

Кез-келген оқушының сыни шешімді қабылдай алатын қабілетіне сенімділік білдіру.

Тиімді сыни ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту процесіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болу керек.

Жалпы бастауыш сынып оқушылары сабақ процесінің әр кезеңінде оқытушымен және топ оқушыларының көзқарастарына сыйластықпен қарауы шарт. Өзіндік пікірлері мен идеяларын тақырып желісіне байланысты шығаруы қажет.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыруға болады.

Шығармашылық дегеніміз – баланың ізденуі барысындағы жаңалық ашуы, өзін-өзі жетілдіруі, тәсілдер табуға ұмтылуы, жаңа тың ақпаратты алуға талпынысының негізінде көрініс береді [2,297бет]. Шығармашылық қабілет кез-келген баланың табиғатында кездесуі мүмкін. Мұғалімнің міндеті әр баланың бойындағы жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін, сабақта және сабақтан тыс уақыттарда дамытуда СТО технологиясының көптеген стратегияларын қолдануға болады. СТО технологиясында 60-қа жуық «стратегиялар бар» [3,294бет].

Оларды мақсатты, тиімді қолдана білу мұғалімнің білімділігіне, шығармашылығына байланысты.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының оқушыға ықпалы: оқушының тұлғасының танымдық қасиеттерін дамытады; оқуға қызығушылығын қалыптастырады; шығармашылық қабілеттерін ұштайды; сөздік қорларын байытуға ықпал етеді; оқушылар жұптасып, топпен еңбек етуге үйренеді; өз ойларын еркін айта білуге бейімделеді; оқушылар белсенділігі артады; тақырып бойынша ең негізгі мәселені түсініп, ажыратуға үйренеді; топтың ішінде тәртіптілік; сыпайылық; ұйымшылдық қалыптасады; нәтижесінде оқушылардың ойлары шындалады; оқушы өздігінен ізденуге дағдыланады.

Сын тұрғысынан ойлаудағы мұғалімнің міндеті: білім беру ісін ұйымдастырушы; оқушыларға бағыт-бағдар беруші; оқушының қызығушылығын оята білуі; әдіс- тәсілдерді дұрыс таңдап алу; оқушылардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру; оқушылардың қиын түсініктерін қабылдап, әр түрлі мәліметтерді еске сақтауға дағдыландырады; жауапкершілікке үйрету; оқушыларды жаттанды

білімге емес, ұғынуға бейімдеу; оқушылардың жауабын құрметтеу, білімге ынтасын көтеру; жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Бастауыш сынып оқушыларына сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімді стратегиялары:

«Еркін жазу» стратегиясы – бұл жаңа сабақты түсіндіргеннен кейін оқушылардың жаңа білімді қаншалықты игергендігін, не үйренгендігін, нені түсіне алмағандығын еркін түрде парақ бетіне өз ойларын түсіреді. Жазуға өзіндік шектелген уақыты болады. Уақыт аяқталған кезде оқушылар өз жазғандарын топ алдында талдайды. «Еркін жазу» стратегиясының оқушы үшін тиімділігі өте жоғары, себебі әр бір оқушы өзіндік сыни ойымен бөлісуге және өзіндік көзқарасын қалыптастыруға бағыттайды [4,295бет].

РАФТ стратегиясы. Бұл стратегияның мақсаты – мәтіннің мазмұнын түсіну барысында кейіпкерге хат жазу немесе жеделхат, өтініш, бұйрық, жарнама түрінде өрбітуге болады. Рафт оқушылардың тілін дамытады, өз ойлары арқылы эссе жазуға немесе басқа форматта өзіндік қиялымен өрбітуге болады [3,296бет].

«Пікір алысу стратегиясы». Оқушылар бір қорытындыға келетін мәселеге байланысты пікір таластырады, пайдалы, пайдасыз жақтарын шешеді. Белгілі тақырыпты алып, әлеуметтік өмірмен байланыстыра отырып еркін форматта өзіндік ойларын жеткізе алады [5,296бет].

Жоғарыда көрсетілген стратегиялар негізінде үлкен оң нәтижелерге жетуге болады.

Ал сабақтан тыс уақыттарда бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын арттыру барысында:

- Мұражайға апару;
- Әр түрлі кездесулер өткізу;
- Әр түрлі тақырыптарды сайыс, пікірталас өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма, эссе жазғызу;
- Балаларға арналған газет-журналдарға жаздырып, оны сабақ кезінде үнемі пайдалануға мүмкіндік беру.

Көбіне оқушының сыныптағы оқыту процесімен ғана шектеліп қалуы, баланың дамуына, өзіндік ашылуына кері әсерін тигізеді. Сол себепті сыныптан тыс жұмыстарды да ұйымдастыру қажет. Баланың өзіндік сыни пікірі, ойы, көзқарасын қалыптастыру үшін үнемі үздіксіз шығармашылықтарын, ойлау қабілеттерін жан – жақты құнды, рухани дүниелермен байытып, дамытып отыру қажет.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде оқушылар арасында қарым-қатынасты төмендегідей орнату қажет:

- Бір-бірінің пікірін тыңдау, ынтымақты қарым-қатынастың негізін қалыптастыру;
- Өзін жеке тұлға ретінде тануға жол ашу;
- Бір-біріне құрметпен қарау;
- Өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасу;
- Өзін-өзі, бірін – бірі бағалау;
- Мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыру;
- Достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесу [2,299бет].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегияларын оқыту процесіне пайдалану негізінде бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар, оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, өзіндік пікірімен бөлісу сияқты жағымды қасиеттері қалыптасады. Бүгінгі қоғамға, мектепке керегі де осы – ізгі білімдер жүйесі.

Оқытудың осындай жаңа педагогикалық технологияларын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаттарының біріне айналуы қажет. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шығармашыл, үздік шешімдер қабылдай білетін, белсенді, өзіндік идеясын ортаға салып, еліміздің атын көкке көтеретін жастарды тәрбиелеуіміз қажет.

Қазіргі таңда қай салада болмасын, ең алдымен біліммен қоса, білімнің негізінде тұлғаның сыни көзқарасы қалыптасып, өз үлестірін тигізуі қажет. Алайда, қоғамда ағарту жұмыстарымен айналысып жүрген кәсіби мамандардың өз ойлары мен пікірлерін жеткізуге қиналады. Сондықтан да сын тұрғысынан ойлау технологиясын дамытудың маңызы әр бір жеке азаматтарға үлкен септігін тигізеді.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын білім беру ұйымдарындағы мұғалімдер оқыту процесіне тиімді технология түрінде енгізуде. Ондағы мақсат – оқушы тұлғасының сөздік қорын, ойлана білу қабілетін, еркін ортаға бейімделуін, жағдаяттардан шыға білуін, мұғалімнің пікіріне сыни ой, өзіндік көзқарасын білдіруге, болашақта да бағындыратын жетістіктеріне үлкен септігін тигізуіне бағыт көрсету. Жалпы жаңашыл технологияны қолдану барысында әр сабақ психологиялық дайындықтан

басталады. Негізі сабақ процесін сын тұрғысынан ойлау технологиясының 3 құрылымы бойынша жоспарлайды:

- Қызығушылықты ояту
- Мағынаны тану
- Ой толғаныс [3,292бет]

Жоғарыдағы үш құрылым негізінде сабақ процесіне сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегияларын енгізуге болады.

Мәселен: «Еркін жазу», «вендиagramма», «дөңгелек үстел», «эссе жазу», «көп деңгейлі сұрақ» [3,301бет]. Яғни оқыту процесінде тек дәстүрлі түрде ғана емес оқушы қызығатындай стратегия, әдістер мен тәсілдерді пайдаланған бала үшін де, оқытушы үшін де өте тиімді. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының стратегиялары ең алдымен оқушыларды қызықтыра біледі және жаңа сабақты түсінуге үлкен көмегін тигізеді. Оқушылар тақырыпты өмірмен байланыстыра да, қоғамдағы болып жатқан проблемалар мен байланыстырып сыни ойларын бөлісе алады. Сондықтан да қай ортада болмасын өзіндік идеясын қалыптастыруға барлық адамзаттың мүмкіндігі ерекше әрі зор. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегияларын қолдану негізінде дамытуға болады.

Сонымен, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін оқу үрдісінде қолданғандағы маңыздылығы мынада:

- мотивацияның артуы;
- дербес іс-әрекетінің артуы;
- ойлаудың белсенді болуы;
- оқушылардың білімі мен білік, дағдыларының жан-жақты дамуы;
- логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім парадигмасы қалыптасады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі жоғары, атап айтатын болсақ:

- Сапалы білім беру;
- Психикалық ізгілік туындату;
- Шығармашылыққа баулу;
- Жеке тұлға қалыптастыру;
- Тұлғалық жан жақты дамыту.

Қорытындылай келе, мына жайтқа көңіл аудартқымыз келеді: көп жаңа педагогикалық технологияларға қарағанда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясымен жұмыс мұғалім үшін ыңғайлы және мүмкіндіктері көп, мұғалімнің оқыту процесінде алдына қойған мақсатын шеше алуға көмектеседі. Ал енді оқыту процесінің негізі – жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, мазмұнды әрі мағыналы жұмыс ұйымдастырылуы қажет. Мұғалім мен оқушылардың жеткен жетістіктері мен оқыту нәтижелері бұл технологияның табысты екендігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Р. Исакова, З. Ерназарова «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». ББК 74.202.4(5 Қаз) я 7 Қызылорда, 2004ж.
2. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова «Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар».
3. «Бастауыш сыныптарда білім берудің тиімділігін арттыру жолдары» Алматы, «Рауан» 1994ж.
4. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы».
5. Крутецкой В.А. «О проблемной обучении» Москва: Высшая школа, 1967.

Артемьева Т.В.

(Россия, г.Казань, Казанский федеральный университет)

ФЕНОМЕН КОМИЧЕСКОГО В ПСИХОЛОГИИ И ФИЛОСОФИИ: ПРИРОДА И КУЛЬТУРА

Введение

Вопросы, связанные с исследованием комического обсуждаются в российских исследованиях по философии, психологии, лингвистике, социологии: исследования Мусийчук [1], Сычева [2], Кулинич [3], Рюминой [4], Латышева [5], Карасёва [6], Щербакова [7], Артемьевой [8]. Изучается философия комического и смеха, лингвокультурология юмора, социология политического юмора, эстетика смеха, когнитивные механизмы юмора в структуре комического, феномен юмора в социально-информационном взаимодействии. Подчеркивается, что смех рождается и существует в зоне

контакта: личностей и социальных групп, культур и эпох. Теории комического широко изучаются в философии, психологии, культурологии, социологии, однако серьезных психологических исследований, раскрывающих феноменологию юмора, возрастные особенности понимания и создания комической продукции в отечественной психологии проводится недостаточно.

Методологическая основа исследования:

- положения Бахтина [9] о смеховой культуре; исследования Лихачева [10] о смеховом мире, философии смеха Карасева [6], изучении социальных функций юмора и смеха Дмитриевым [11].

Преобладающим в работах ученых является мнение о выделении двух видов смеха: *смеха физиологического (смех тела)* и *смеха социального (смех ума)*, которые находятся между собой в оппозиции «природа – культура». Функция «смеха плоти» – не более чем выражение радости, в то время как собственно комическое отношение к миру реализуется в «смехе ума» [6]. Смех, тесно связанный с биологической природой человека (вульгарной и беспричинной телесной радостью, обжорством, пьянством, распутством), противостоял смеху культурному (цивилизованному, целенаправленному, отточенному и разумному) [2, С.63].

Разделение комического по мнению Aubouin E. проходит по линии бессознательное – сознательное, бесцельное – целенаправленное, что также можно считать специфической разновидностью дихотомии природа–культура. [12]. Рюмина М.Т., рассматривает смех в трех аспектах: как проявление физиологии человека, проявление его психической жизни, и как феномен культуры [4, С.2]. Докультурный, «психофизический смех» связан с телесным комфортом, как явление культуры рассматривается комическое. Сычев А.А также говорит о делении смеха по линии «природа – культура»: смех тела и смех ума. «Комическое» начало понимается как специфический, «высокий» тип смешного [2, С.81]. Смешное – это явление психофизиологического порядка, а комическое по мнению Борева [13] имеет эстетическую природу и социальный характер.

Физиологический (природный) смех

Термин «смех» имеет более долгую историю своего существования как взятый из непосредственного наблюдения за сферой физических проявлений деятельности человека [5, С.17]. Как внутреннее состояние души, положительное проявление чувств «смех – хохот, невольное, гласное проявление в человеке чувства веселости, потехи, взрыв веселого расположения духа; но есть и смех осмеяния, смех презрения, злобы» определяет смех Даль В.И. [14, С.241].

Типология видов смеха Юренева включает смех радостный и грустный, добрый и гневный, умный и глупый, гордый и задушевный, снисходительный и заискивающий, презрительный и испуганный, оскорбительный и ободряющий, наглый и робкий, враждебный, иронический и простосердечный, саркастический и наивный, ласковый и грубый, многозначительный и беспричинный, торжествующий и оправдательный, бесстыдный и смущенный, веселый, печальный, нервный, истерический, издевательский, физиологический, животный [15, С.8].

Л.В. Карасёв «смеху плоти» или «смеху тела» относит глупый, низкий, радостный, витальный, смех сытости и удовольствия [6, С.209]. За телесным смехом нет ничего, кроме памяти о витальной энергии, об энтузиазме размножающегося и играющего тела. Физиологическими причинами, не требующий участия каких-либо мыслительных процессов вызывается физиологический смех, именно с ним мы имеем дело, когда говорим, что первый смех возникает на сороковой день жизни. Этот смех внешне беспричинный, в то время как для смеха культурного (социального) свойственно наличие объекта, т.е. смешного, над которым смеются [4, С.135]. Физиологический смех (в ее подходе – психофизиологический смех) также можно было бы назвать естественным, природным или радостным смехом. Это по преимуществу, смех ребенка, но с возрастом, как отмечает Л.В. Карасёв, его вытесняет «взрослый» смех, «смех ума» [6, С.21].

Физиологический смех может быть вызван щекоткой и воздействием химических веществ: алкоголя, наркотиков и др., а также к нему можно отнести истерический смех, смех психически неуравновешенных людей [5, С.19].

М.А. Кулинич относит к смешному достаточно широкий круг явлений: случайные совпадения, нелепые внешние положения, клоунский трюк, забавная выходка рассеянного человека, остроумный афоризм, неожиданное раскрытие внутренней пустоты и ничтожества личности – все, что может возбудить соответствующую языковую реакцию [3, С.85].

Физиологический смех не является продуктом цивилизации, а существует как некая природная данность, присущая человеку практически с рождения, и, как отмечает Ю.В. Латышев, данный вид смеха не требует аудитории [5, С.19], поэтому физиологический смех является, по преимуществу, объектом изучения естественных наук: физиологии, психофизиологии, биологии.

Культурный смех

Культурный смех, смех «ума», связан с комической оценкой [6, С.209]. По мнению Л.Н. Столовича, комическое – это саморазоблачение явлений и людей, обнаружение их подлинного ценностного значения, которое оказывается ничтожностью, антиценностью; это обнаружившееся противоречие и контраст между явлением и его отдельными сторонами, имеющими отрицательный ценностный потенциал, и подлинными общечеловеческими ценностями [16, С.262].

Традиционно считается, что комическое бывает сатирическим и юмористическим и выступает в качестве трех основных форм, которые называют юмором, сатирой и иронией. Н. Гартман, рассматривая различные формы комического, говорит о двух его подразделениях: сердечной (юмор) и бессердечной (сатиры) веселости [13, С.19]. Л.Н. Столович также выделяет две основные его формы комизма: «комизм сатирический» и «комизм юмористический» [16]. Промежуточной формой комического выступает ирония. Чистые состояния юмора, сатиры и иронии в реальной жизни встречаются довольно редко. Это связано, прежде всего, с тем, что характер смеха определяется намерениями субъекта, которые стороннему наблюдателю оценить сложно. Ю.В. Латышев утверждает, что границы между этими понятиями провести невозможно: в лучшем случае, можно выделить пограничные области [5, С.27]. По мнению Борева Ю. сатира и юмор являются крайними полюсами широкого спектра различных форм комического [13, С.84]. Латышев выделяя в качестве еще одной самостоятельной формы комического сарказм, считает, что именно он, а не сатира является крайним полюсом всевозможных форм комического.

О.С. Редкозубова подразделяет смеховую культуру на иронию, карикатуру, пародирование, сатиру и юмор, понимая под смеховой культурой культурно-психологический феномен, в котором выражается способность человека к комической оценке действительности [17, С.27]. М.Т. Рюмина выделяет следующие «субкатегории» или «модификации» комического: юмор, остроумие, ирония, сатира, пародия, карикатура, гротеск [4]. М.И. Станкин говорит о четырех формах комического: бессмысленный смех, смех юмористический, высмеивающий смех, смех торжествующий [18, С.120]. Таким образом, в структуре комического выделяют юмор, сатиру, иронию, сарказм, остроумие.

Заключение

Проведенный анализ позволяет утверждать, что феномен комического необходимо изучать во всех его проявлениях в целостности и единстве.

К настоящему времени уже ясна принципиальная целостность смеха во всех его проявлениях, слияние сфер «культурного» и «природного» смеха, поэтому разведение полюсов смеха представляется неправомерным. Как целостность человека обуславливается единством соматического и социального, притом игнорирование одного пагубно для другого, так и единство смеха обусловлено взаимодействием «смеха ума» и «смеха тела» [2, С.82].

Смех не может быть *только* «смехом ума» или «смехом тела»: непреодолимой границы между этими видами смеха не существует, любое исследование, посвященное смеху, должно исходить из принципиальной целостности и единства этого феномена. Дифференциация смеха должна проводиться в рамках целостного его рассмотрения. Исследование смеха должно учитывать существование различных тенденций в комическом (телесных и рациональных), возможность их пересечений, совпадений, взаимовлияний.

Литература

1. Мусийчук М.В. Когнитивные механизмы структуры комического: философско-методологические аспекты. -2012, 365 с.
2. Сычев А.А. Природа смеха или Философия комического. – Саранск: Изд-во Мордов. ун-та. – 2003, 176 с.
3. Кулинич М.А. Лингвокультурология юмора (на материале английского языка): монография. – Самара: Издательство СГПУ. – 2004, 264 с.
4. Рюмина М.Т. Эстетика смеха: Смех как виртуальная реальность. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ». – 2011, 320 с.
5. Латышев Ю.В. Феномен юмора в социально-информационном взаимодействии: Новосибирск. – 2003, 147 с.
6. Карасёв Л.В. Философия смеха. – М.: Российский государственный гуманитарный университет. – 1996, 224 с.
7. Щербакова О.В., Осорина М. В. Юмористический компонент как фактор повышения сложности интеллектуальных задач (на примере теста Д. Векслера). – Вестник Санкт-Петербургского университета. – 2009, Серия 12, Вып. 1. Ч. 1, С. 108-115.
8. Aliullina F.M., Artemyeva T.V. Dialectics in understanding comic text contradictions by children // Journal of Organizational Culture, Communications and Conflict. – 2016, Volume 20, Special Issue, P – 13-20.
9. Бахтин М.М. Творчество Франсуа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса. -2-е изд. – М.: Худож. лит.-1990, 543 с.
10. Лихачев Д.С., Панченко А.М. Смеховой мир Древней Руси. Ленинград: Изд-во Наука. – 1976, 213 с.

11. Дмитриев А. В. Социология политического юмора. М. – 1998, С.300.
12. Aubouin E. Technique et psychologie du comique. Marseilles.P. – 1948, С.12-13.
13. Боров Ю. Комическое, или О том, как смех казнит несовершенство мира, очищает и обновляет человека и утверждает радость бытия. – М.: Искусство. – 1970, 269 с.
14. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка: современное написание: В 4-х т. / В. И. Даль. – М.: Астрель: АСТ – 2003, Т. 4, С.-1097.
15. Юренев Р. Советская кинокомедия. – М.: Наука – 1964, С.-8.
16. Столович Л.Н. Философия. Эстетика. Смех. – СПб–Гарту: Крипта – 1999, С.32.
17. Редкозубова О.С. Смеховая культура студенчества как креативно-онтологический феномен: Дис. на соиск. ученой степени к. филос. наук: 24.00.01 / О.С. Редкозубова. – Тамбов. – 2010, С.-27.
18. Станкин М.И. Юмор как средство психолого-педагогического воздействия: От смешного до серьезного – один шаг: Учеб. пособие – М.: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК» – 2007, 256 с.

Аяганова А.Ж., Конкабаева А.

*(Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті)*

БАСҚАРУ СТИЛІНІҢ ҰЖЫМНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫНА ӘСЕРІ

Қазіргі таңда еңбек өнімділігі мен табыстылығын басшының іс-әрекетімен негіздеу психология ғылымының қолданбалы бағытының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Кез-келген ұжымның психологиялық ахуалы басшының тек кәсіби сауаттылығына ғана емес, психологиялық ерекшеліктеріне де байланысты екендігі белгілі. Осы орайда, басшы қызметінің өнімділігі және жетістігі орындаған жұмысына қарай емес, қалай жүзеге асыратындығына орай сипатталады.

Көптеген зерттеулерде басшының жұмысын бақылау нәтижесінде мынаны анықтауға болады: басшы бір мәселенің өзін алуан түрлі тәсілмен, өзінше шешеді [1,2]. Әрине бұл жағдайда біз басшының басқару стилі туралы сөз қозғаймыз. Стилль дегеніміз- әлеуметтік құбылыс, өйткені, біріншіден, онда басшының көзқарасы мен сенімі бейнеленеді. Екіншіден, ол түптеп келгенде, жүйенің қалыпты жұмыс жасуының ақырғы нәтижесін ойластырады. Басшы ұстанған стилль ұжым мүшелерінің ұдайы назарында болып, олар мұны өзінше бағалап, қабылдайды. Әдетте, басшы стилль ұжымның бүкіл жүйесіне таралады. Өйткені, ұжым мүшелері басшының мінез-құлығына, іс-әрекетіне зер салады, соған еліктейді, содан үлгі өнеге алуға, үйренуге талаптанады.

Шын мәнісінде басшыға ұжымның барлық мүшелерін қанағаттандыратын жұмыс стилль қалыптастыру оңайға түспейді. Еңбек ұжымына ықпал етудің кейбір амалдары алуан түрлі бағалануы мүмкін. Егер бір басшы оларға сенім көрсету арқылы ықпал ететін болса, екіншісі «тиістісің», «міндеттісің» секілді қағиданы басшылыққа алады. Кейбір басшылар бағыныштыларына қатаң тәртіп орнатып, оларды өзінен «аулақ ұстайды» да, ұсақ-түйек мәселеге дейін өзі шешеді. Енді бір басшылардың есігі әрқашанда ашық, оған кез-келген мәселе туралы пікірлесуге, ұсыныс айтуға болады. Бір басшы күн сайын еңбек ұжымының бөлімдерін аралап отырады, ал екінші біреуі мұны қажет санамайды.

Бүгінде басқару стилльінің типі түпкілікті қалыптаспаған, сондықтан да, кеңестік және шет елдік әдебиеттерде оның өзі түрліше жіктеледі. Кейбір зерттеуде басшы стилльін былайша бөледі [3]:

1. Бір жақты автократтық стилль.
2. Билікті біркелкі қолдана отырып басқару стилльі;
3. Өндіріс үдерісіне немесе тұтастай жұмыс ағымына біркелкі қатысатын басқару стилльі;
4. Парламенттік сипаттағы басқару стилльі;
5. Бағыныштылар негізінен дербес, жоғары басшылардың тікелей қатысуынсыз-ақ әрекет ететін басқару стилльі.

Автократтық және парламентаралық стилльдер қолайсыз деп саналады, өйткені алғашқысында бағыныштылар тарапынан ешқандай дербестік болмайды, ал екіншісінде жұмыс жоспарсыз жүргізіліп, бағыныштылар мүлде дербес әрекет етеді. Ең қолайлысы кооперативтік стилль – «жақсы ынтымақтастық», «ұйымдасып әрекет ету», қиын-қыстау жағдайда өзара бірлесе, ынтымақтаса отырып күш біріктіру. Басшы жұмыскерлерді мұқият тыңдайды, олардың ұсыныс пікірлерін ескереді, нақты міндеттер қойып, шешімді жоспарлайды және қабылдайды. Мұндай стилльде қойылған міндеттер іскерлікпен орындалады, өйткені дәл осындай жағдайда қызметкерлер өзін іске қатыстымын деп есептейді.

Бүгінде төмендегідей стилльдер белгілі (басқару жүйесі деп аталады) [4]:

1. Қызметті беру стилльі;

2. Міндетті бөлісіп басқару;
3. Ерекшелеу тәсілімен басқару;
4. Жүйені ретке келтіру арқылы басқару.

Жоғарыдағы көрсетілген басқару стильдеріне сипаттама беріп өтеміз. Бірінші стиль: «Қызметті беру стилі» әрбір қызметкерге, өзі басқара алатын нақты істі тапсыруды көздейді. Бұл қызметкер өзіне бекітілген іске толық жауап береді, ал оның басшысы басқару жауапкершілігін саналы түрде шектейді.

Екінші стиль: «Міндетті бөлінісін басқару жүйесінде» басшы мен бағыныштылар ондағы міндеттерді бірлесіп қарастырады да, әрбір адамның міндет аясы белгіленіп, нәтижесіне орай жауапкершілігі айқындалады.

Үшінші стиль: «Ерекшелеу тәсілмен басқару» басшының міндеті өз қызметкерлерінің мүмкіндікті тиімді пайдалануына қолайлы жағдай туғызу болып саналады. Төменгі лауазымдағы қызметкерлер белгіленген еңбек нормасына және жұмыс нәтижесін бағалау межелеуіштеріне сәйкес көмек қажеттігін хабарлайды, ал көмек қажет бола қалса, қай уақытта екендігін мәлімдейді.

Төртінші стиль: «Жүйені ретке келтіру арқылы басқару» белгіленген тәртіпті қатаң басшылыққа алу, жұмыс үдерістері мен еңбек тәсілдерінің шаруашылық-экономикалық қызметін жеңілдету көзделеді. Демек, басқару стилінің жіктелуі алуан түрлі екендігін аңғарамыз, оның үстіне осы жіктеулердің қай-қайсысы болмасын басқарудың сан қырлы стилін толық қамтымайды. Бұл айтылғандарға қосымша басқару стилінің басқа да түрлері бар.

Басшы стилін жіктеу негізіне, әдетте, басшы мен бағынышты арасындағы қарым-қатынас сипаты алынады. Басшының жеке ерекшеліктеріне, оның саяси, ұйымдық, педагогикалық, моралдық-этикалық, кәсіптік сапалары жатады. Басшының стиль ерекшеліктері осы аталған компоненттердің (құрылым тармақтарының) қайсысы басым болатындығына байланысты. Практикада (күнделікті өмірде) басқару стилінің үш түрі жиі кездеседі: авторитарлық немесе автократиялық, демократиялық және либералдық.

Жалпы алғанда жұмыс барысында басшының беделі қалыптасады. Бедел тек лауазымдық жағдайымен ғана емес, сонымен бірге нақты біліммен, еңбекпен және адамдарға ұқыпты қатынаспен, түсінікпен келеді. Бедел (авторитет) – бұл белгілі әлеуметтік рөл. Басшы беделі еңбек өнімділігінің бірден бір кепілі екені сөзсіз. Сондықтан басшы беделінің шарттары мынадай: жаналық пен прогрессивтіктің және оларды өндіріске енгізу ынтасының болуы; еңбекқорлық, дербестік және қайсарлық; әділдік және принципшілдік; тапсырылған жұмысқа жауапкершілігі; сыйлау мен адамдарға деген әділдікті және талапты үйлестіру; байсалдылық, шыдамдылық, өзін-өзі сынауы; мәдениеттілік пен дұрыс басқару стилін меңгеру; адамдарға сену, сенім арту; беделділік шын болуы мүмкін, сонымен бірге өтірік те болуы мүмкін [5].

Басшының жалған беделінің қалыптасу жолдары төмендегідей:

- ағайыншылық (тумалық, жерлестік) бедел. Мұндай бедел ұжымда «өзіміздікі» болуға, сенімге еруге ұмтылыс нәтижесінде қалыптасады. Ол (мұндай бедел) ұжымды түгелдей бағындыруға бағытталмайды.

- әкімшілік бедел (коммуналдық бедел) – ол басшының жеке сапалық ерекшеліктеріне негізделген және құр әкімшілік стильді білдіреді;

- сатып алу беделі – басшы өзін жақтайтын, тыңдайтын қызметкерлермен қоршауының нәтижесі.

- қорқыту беделі – сын көзқарастарды, ойларды басу айтылғанды ешқандай ойсыз орындату жағдайын қалыптастыру;

- басшыдан қорғану беделі – өзінің кәсіптік, мамандық деңгейінің нашарлығы байқалып қалатын жағдайлардан қашу, әр уақытта өзінің қимылдарын алдын-ала қорғау, барлығын жоғары басшылыққа аудару.

Басшы жұмысының стилі – оның басқару үдерісінде қолданатын сипаттық әдіс, тәсіл, амалдар жиынтығын білдіреді.

Басшы стилі басқару әдістерімен белгілі бір қатынаста және байланыста болады. Басшы стилі – бұл шешім қабылдау және қызметкерлерге тапсырма беру әдісі. Бұл ұғымның ең әділ, дұрыс мағынасы мынандай: «тәсіл мен стильді салыстыруға болады». Басшының дербес стилі алуан түрлі объективті факторлардың ықпалымен қалыптасады. Басшының жеке стилі төмендегідей факторлар ықпалымен қалыптасады [6]:

1. Өндірістік қимыл-қызмет сипаты және өндірістегі экономикалық жағдай.
2. Басшымен бағынышты арасындағы өзара қарым-қатынас.
3. Психологиялық қасиеттері
4. Қызметті атқару тәртібінің жағдайы

5. Ұжымның демократиялық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері (жыныс-жас құрамы ұжымның, мамандық және атқарушы, т.б.). Басшы стилі үнемі жетілдіріліп отырылуы тиіс. Стильдің қалыптасуы – бұл ұзаққа созылатын, күрделі мақсатты үдеріс.

Басшы өзінің әрекетінде шешім қабылдап, оның орындалуын ұйымдастырып, қарауындағы адамдардың жұмысын бақылаған кезде ол міндетке лайық әрекет етеді. Әйтсе де, бұл жағдайда әрбір басшы оның басшылық стилін айқындайтын басқару үдерісінде өзіне тән әдіс – әрекетімен, өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Барлық жағынан ұқсас екі адамның болмайтыны сияқты, бір-бірінен айнымайтын басшылық стилі де болмайды. Басшылық стилі басшылар мен бағыныштылардың араласуымен, олардың өзара қарым- қатынасымен, бүкіл еңбек ұжымның ықпалымен қалыптасады.

Стиль ұжымдағы әлеуметтік қатынастардың бүкіл біртұтас ықпалымен қалыптасқанымен, ол белгілі дәрежеде басшыға да байланысты болады. Өйткені шаруашылық пен тәрбие жұмысының табиғи байланысын практикада жүзеге асыратын тек басшы ғана. Оның қызметінің жемісті болуы көптеген күрделі факторлар арқылы анықталады.

Басшы еңбегінің тиімділігін, істің қорытындысымен ғана өлшеуге болады. Барлық шығармашылық еңбек сияқты басшының еңбегін оның шығарған өнімі, қабылдаған шешімі және барлық уақытта дерлік оны қабылдауға кеткен уақыты көрсетіп бере алмайды. Сондықтан басшының өндірісті басқарудағы еңбегін оның шешімді қабылдауға жіберген уақытымен емес, ақырғы нәтижесін есептеп, объективті бағалау қажеттілігі туындайды.

Басқару стилі – бұл басқарушының бағынушыларға деген үйреншікті үлгілі тәртібі, яғни ұйымның өз мақсатына жетуі үшін әсер етуі мен оларды қозғауы.

Басшының басқару әрекетінде еңбек өнімділігіне тікелей әсер ететін әрбір стильдің өзіндік ерекшеліктері бар екендігі белгілі. Басқарушы өз уақытының көп бөлігін байланыстырушы ретінде шығындайды, өндірістік топ пен ұйымның мақсаттарының толық сәйкес болуын қамтамасыз етеді және де сол топтың өзіне қажет қорларын алуын қамтамасыз етеді.

Басшы мен ұжым мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас жақсаруы немесе нашарлауы және міндеттері құрылуы немесе құрылмауы, ал басшының лауазымды өкілеттілігі үлкен және кіші болуы мүмкін.

Басқарушының маңызды сапа қатарына оның барлық бағынышты адамдарды күштеуі, бірақ өнімді жұмыспен, олардың қызметтерінде қажетті бақылауды іске асыруы жатады. Басқарушы өзіне бағынышты адамдарға олардың «жас», «епсіз», «салмақсыз» болуына сенімсіздікпен қараса олардың жұмысына деген сенімсіздік жағдайын туғызады. Қазіргі басшы барлық мәселелер бойынша қағидаға негізделген позицияға ие болуы керек: адал және әділ, әріптестеріне мейіріммен қарау, олармен қызмет істеуге дайындығын білдіру, сондай-ақ бағынушылар жағынан қысымға қарсы шығы білу, басшылық қатарына үнемі өз білімдерін жалпылау, қоршаған адамдардың күдікті өтініштеріне әдептілік жағынан да келіспеу. Жақсы менеджер өз жұмыс уақытын дұрыс жұмсап, тұрақтамаушылық және инерциямен күресе біледі.

Қызметкердің тиімді басшылық ету қабілеті, әдептілік талаптарды қадағалау келесі факторлардан негізделеді: өзін басқара білу қабілеті; жекелей анық мақсаттар; үнемі жекелей көтерілім тірегі; мәселелерді шеше білу; инновацияға қабілет және өнерпаздық; қоршаған орта әсеріне үлкен қабілет; қазіргі басқару келістерін білу; қызметкерлерді басқару қабілеті; бағынушы адамдарды дамыту және оқыта білу; тиімді жұмыс топтарын құру және дамыту.

Басқарушы үшін ең бастысы-өз қызметкерлерін бастамашыл ғана емес, сондай-ақ олардың мәселелерін шешу жөнінде де қолдау болып табылады. Бастық үшін қызметкерлерге олардың қиын кезеңдерінен өтуге көмектесуде ең көп тиімділікке жететін типтік келістер келесіден тұрады:

- ол қызметкерлерді олардың мәселелерін шешу үшін қаражатпен қамтамасыз етеді, бірақ ол оны олар үшін жасамайды;
- басшы өзіне бағынышты адамдарды қажет емес мәселелерден босатуға талпынады;
- егер қызметкер қандай да болмасын мәселені шеше алмаса, басшы оны уақытша қоя тұруға немесе оған басқа жақтан ойланып қарауды ұсынады;
- егер жетекші ұжымда келіспеушілік туындауын аңғарса, келіспеушілік жақтардың қарым-қатынастарын жақсарту үшін жұмыс ұйымдастыру қажет.

Қорытындылай келе, еңбек қоры болып табылатын ұжым – қоғамның бастапқы ошағы, әлеуметтік құрлымның негізгі бөлшегі болып табылатын әлеуметтік топ. Ұжым басшысы алдында туындайтын мәселе ол: қиын өндірістік және әлеуметтік міндеттерді бірігіп және тиімді шешетін, ойлары бір ұжымды әр-түрлі адамдардан ұйымдастыру. Біріккен ұжымды келесі ерекшеліктер ажыратады: оның мүшелерінің сезімдері мен тілектерінің жалпылығы, бірге болуға ұмтылыс, бірге еңбек ету, жалпы топтық нормалардың, құндылықтарының және жалпы міндеттерінің болуы; ұжым мүшелеріне тәрбиелі әсер ету мүмкіндігі, кез-келген жағдайдағы тәртіпке салынғандығы, өзара

жауапкершілік және өзара көмек сезімдері. Сондықтан ұжымды тиімді басқаруда стильдің әсерін психологиялық негіздеу өзекті мәселелердің қатарынан орын алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Гончаров В.И. Менеджмент.- Минск : Современная школа, 2010. –С.635.
2. Зиновьев, В. Н. Менеджмент: учебное пособие: – Москва: Дашков и Кс, 2010. – С.312.
3. Герчикова И.Н. Менеджмент. – М.: Юнити-Дана, 2009. – С. 412.
4. Толочек В. А. Стили профессиональной деятельности. М., 2000- С.326.
5. Коротков, Э. М. Менеджмент : учебник для бакалавров- Москва: Юрайт, 2012. – С. 640.
6. Вечер Л.С. Секреты делового общения. М., 1996-С.295.

Аязбекова Р.А.

*(Республика Казахстан, Алматы,
Казахский гуманитарно –юридический университет)*

МОДЕРНИЗАЦИЯ СОЗНАНИЯ И ПОВЕДЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СЛУЖАЩЕГО

Модернизация сознания и поведения государственного служащего – это новый формат работы с людьми, представителями разных социальных групп.

На основе данных наблюдения, результатов проведенных нами исследований, многолетнего опыта подготовки государственных служащих можно утверждать, что это возможно лишь при условии активного применения достижений психологии [1].

Психологическая, в частности, коммуникативная компетентность, о которой говорится в данной статье, по нашему мнению, относится к основной составляющей успешной деятельности человека, посвятившего себя государственной службе, поведение которого соответствует новым требованиям общества.

Практически почти вся повседневная деятельность государственного служащего происходит в виде общения с людьми (коллегами, посетителями, руководством, подчиненными). Следовательно, успешность государственного служащего любого ранга в значительной степени зависит от его коммуникативной компетентности, т.е. умеет ли он общаться, показывать пример высокой культуры и этики поведения и общения, как со своими коллегами, так и с посетителями, большинство которых, в основном, приходят с различными просьбами. Иными словами, государственный служащий, работающий в новом формате, старается «понять» поведение посетителя и оказать ему помощь (материальную, консультативную или психологическую), естественно, в рамках закона. В результате человек уходит с чувством удовлетворения. Понять поведение посетителя или коллеги помогает умение только разбираться в особенностях характера, а также знания о том, как влияет социальное окружение на формирование тех или иных черт характера. К примеру, одни люди отличаются обаянием, а другие проявляют грубость, агрессивность. Возникает вопрос: что это? Маска или сущность человека? Чтобы государственному служащему ответить на данный вопрос, ему требуется знать не только о существовании так называемых стереотипов поведения, но и о различных факторах, лежащих в основе поступков, человека. К самым существенным факторам, по мнению ряда авторов, относятся: а) восприятие, б) мотивация, в) эмоции, г) опыт, приобретенный в жизни. [2,3,4].

